

Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті
Астана қаласындағы Ш. Ш. Уәлиханов атындағы
тарих және этнология институтының филиалы
Жобалық кеңсе

«БАЙ ҚАЛА» КОНЦЛАГЕРІ - КОНЦЛАГЕРЬ «БАЙ ҚАЛА»



Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті
Астана қаласындағы Ш. Ш. Уәлиханов атындағы
тарих және этнология институтының филиалы
Жобалық кеңсе

«БАЙ ҚАЛА» КОНЦЛАГЕРІ - КОНЦЛАГЕРЬ «БАЙ ҚАЛА»



Алматы-2025



УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
Б 17

Рецензенттер:
Г.Е. Отепова, т.ғ.д., профессор,
С.С. Молдабай, з.ғ.д., профессор.

Ғылыми кеңесші:
С.А. Қасымов, з.ғ.к., «Қаһармандар» ҚҚ төрағасы.

Б 17 «БАЙ ҚАЛА» КОНЦЛАГЕРІ. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құраст.: Г.К. Мұқанова (жауапты. ред.). Қ.Қ. Сәрсембина, А.Т. Сулейменова. – Алматы: «Нұрлы Әлем» 2025. – 304 б.

КОНЦЛАГЕРЬ «БАЙ ҚАЛА». Сборник документов и материалов. Сост. Г.К. Муканова (отв. ред.). Қ.Қ. Сәрсембина, А.Т. Сулейменова. – Алматы: «Нурлы Алем» 2025. – 304 стр.


ISBN 978-601-205-823-9

Бұл жинаққа «Қазақстандағы Кіші Қазан» (1925–1933) деп аталатын кезеңде қазақ байлардың отбасы мүшелерін: әйелдерін, балаларын, басқа да туыстарын қамауға арналған арнайы концлагерьлер туралы сирек кездесетін мәліметтер енгізілді. Сондай ұмыт болған нысандардың бірі – Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы қазіргі Жарқын және Ынтымақ ауылдары арасындағы концлагерь. Жергілікті тұрғындар «Бай қала» деп атаған бұл концлагерь 1929 жылдан 1934 жылға дейін өмір сүріп, шын мәнінде өлімге ұшыраған адамдардың жаппай бейітіне айналды. Қайтыс болғандардың арасында балалар мен әйелдер көп болды.

В этот сборник вошли материалы, раскрывающие мало известные общественности и специалистам сведения о функционировавших в период так называемого «Малого Октября в Казахстане» (1925–1933) особых концентрационных лагерей для содержания членов семей казахских баев: жен, детей, других родственников. Одним из таких полузабытых объектов был концлагерь между современными аулами Жарқын и Ынтымак Тимирязевского района Северо-Казахстанской области. Концлагерь, который местные жители прозвали «Бай қала», существовал с 1929 по 1934 гг., став по сути братской могилой для обреченных людей. Среди погибших было немало детей и женщин.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)

© Муканова Г.К., Сәрсембина Қ.Қ.,
Сулейменова А.Т., 2025



АЛҒЫСӨЗ

Ұсынылып отырған кітаптың әрбір парағы ең жақын адамдарынан: ата-анасынан, бауырларынан айырылып, қасірет жамылған адамдардың көз жасымен жазылған.

Тоталитарлық үлгідегі Кеңестік билік үстемдік еткен жылдары халық мүддесіне жат саяси – экономикалық науқандар салдарынан адам құқығы аяққа басылып, «идеологиялық үлгі», «тап жауларын» іздеу, әшкерелеу салдарынан көптеген отбасылар жойылды. Жазықсыз адамдар «контрреволюциялық іс-әрекеті» үшін айыпталып, сотталды. Тіпті, сот-тергеусіз атылғандар қаншама!

Партия мен Кеңес мемлекеті байлар мен кулактарды тап ретінде жойды. Мүлкі мен жері тәркіленіп, жер аударылған байлардың отбасы мүшелері бір сәтте концлагерь тұтқындарына айналды.

Еліміздің солтүстік облысы. Ауылдар мен селолардың айналасынан асығыс, әрі жедел қарқынмен концлагерьлер құрылды. Лагердің «Бай қала» (*«Город баев»*) аталу себебі, оған байлардың әйелдерін, балашағасын, туысқандарын қамағандыққан шыққан болса керек. Лагерь орны қазіргі Тимирязев ауданындағы Жарқын және Ынтымақ ауылдар арасында орналасқан.

«Бай қала» лагерінде болғандардың тірі қалуға мүмкіндіктері мүлдем аз болды. Ауырып жатқан

қарттар да, сәбилер де лагерге қамалды. Тамақ, су жеткізілмеді, тіпті адамдарға жататын төсек те, жамылатын көрпе де болмады. Осы себептен, жасы ұлғайған адамдар мен сәбилер көп қырылды.

Сталиннің жеке басқа табынушылығы әшкереленген жылдардан, яғни коммунистік партия асыра сілтеушіліктерді мойындағаннан кейін де, осы бір қасіретті мекенді ұмыттыруға тырысқанымен, ол халық жадында мәңгілікке қалды. «Бай қала» – бауырластар қабірі.

2025 жылдың 31 мамырында көптеген жылдар өткен соң Тимирязев ауданының тұрғындары ескерткіш тас орнатты. Туған жерінде большевиктер билігінен қорлық көріп, жазықсыз өлтірілген сәбилердің, ақсақалдардың жандары жәннатта болсын.

ОТ СОСТАВИТЕЛЯ

В основу данной книги были взяты советские нормативно-правовые акты, публикации ведущих ученых Казахстана, книги основателей Северо-Казахстанского областного научного центра «Асыл мұра» Кадыралина Г., Муканова К.М., мемуары членов семей и потомков жертв репрессий Т. Касымовой и др.

Выражаем большую признательность всем жителям и уроженцам Тимирязевского района, ныне живущим в разных концах нашей страны, за их участие и помощь в сборе материалов, фотографий, воспоминаний. Ценное содействие в подборе архивных материалов оказал нынешний сотрудник Центра «Асыл мұра» при Северо-Казахстанском музейном объединении Дастан Аблаевич Баймуканов.

От лица научного консультанта (к.ю.н. Касымов С.А.), авторов научных статей, сотрудников Филиала ИИЭ им. Ч.Ч.Валиханова в Астане: к.и.н. Сарсембиной К.К., ответственного редактора – к.и.н., профессора Мукановой Г.К., к.и.н. Сулейменовой А.Т. выражаем надежду, что книга будет востребована и с ее выходом начнется новый этап фундаментального изучения истории Тимирязевского района СКО и в целом, переосмысления недавнего прошлого нашего общества. Авторы не претендуют на исчерпывающее раскрытие темы Бай қалы.

ЧАСТЬ I.

КОНЦЛАГЕРЬ «БАЙҚАЛА» В ВОСПОМИНА- НИЯХ ЖЕРТВ РЕПРЕССИЙ И ПОТОМКОВ.

*(Результаты поисков краеведов,
ученых и архивистов)*



Қайролла МҰҚАНОВ,

тарихшы-өлкетанушы, ардагер ұстаз

«ЫНТЫМАҚ» АУЫЛЫ ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ. «БАЙ ҚАЛА»

Жоғарыда ұлтық энциклопедияда айтылғандай, бұрын қазіргі Ынтымақ ауылының төңірегінде әр атаның өзінің 10-15 түтіннен тұратын шағын ауылы болған. Мысалы: қазіргі «Қызылағаш» деген жерде Жансақал, Бисақал ауылы, Төлеген қыстауында Төлеген ауылы, оған жақын жерде Қарпық ауылы, қазіргі Ынтымақ пен Жалтыр ауылдарының аралығында Жапа ауылы, одан беріректе Төлеке ауылы, қалпақ ауылдары болыпты. Қазіргі Қақ көлінің маңында Торқа көшебе ауылы болса керек. Осы күнге дейін аталып жүрген кейбір ағаштардың аттары да сол жерде қай атанынң, кімнің қыстауы болғаның білдіреді. Мысалы «Қойжан қыстауы», «Жабал қыстауы», «Ақсақал», «Тотаман», т.б. Ал қазіргі ауылдың тұрған

жерә «Сайағаш» деп аталған. Бұл жерде о баста Шабан ата әулеті мен Қыдырма Шортықбайлар мекендеген екен. Ертерек кездерде ауылдар малдарын асырау үшін жаз жайлауға көшіп, күз қыстауға жақындап, қысты қыстауда өткізеді екен.

Кеңес өкіметінің кезінде көшпелі ауылдарды жаппай отырықшылыққа бейімдеп, ұжымшар (*колхоз*), кеңшарларға (*совхоз*) біріктірді. Бұл әсіресе алғашқы кезде қазақ ауылдарын зор қасіретке ұшыратты. Отырықшылану кезінде тарихи қалыптасқан көшпелі ауылдар жүйесі біржола бұзылып, оның отырықшы жаңа мекендер бойынша топтаса қоныстануы пайда болды. Енді осы жаңа мекендер ауыл атала бастады.

Дәл осылай 1928-1930 жылдары жоғарыда аталған шағын ауылдарды кеңес үкіметі жана бір орынға көшіріп алдымен ауылшаруашылық артелін, кейінірек ұжымдар (*колхоз*) құруға кірісті. Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатында (*архивінде*) облыс жеріндегі өзгерістер көрсетілген мәліметтер бар. Осындағы 54-қордың, 1-тізіміндегі, 302-істегі «Книга регистрации сельскохозяйственных объединений за 1928 год» деген құжатта 1928 жылғы 4 шілдеде Төңкеріс болысындағы 4 ауылдық Советте «Ынтымақ» және «Жалтыр» ауылшаруашылық артельдері құрылғаны айтылған.

Ынтымақ ауылы жоғарыда аталған шағын ауылдардан құрылыпты. Ұсақ ауылдар бір жерге жиналып артель құрындар деген жарлық берілгеннен кейін амал жоқ ауылдар бір жерге көшіп бару керек. Сонда кейбіреулер Жаңа қыстауына көшіп, сол жерге жинаа-

лып артель құрайық депті. Ал Қыдырманың Тастемірі (*Шортықбай немересі*) жоқ, ол жер қолайсыз, өте тар, маңында не көл, не томар жоқ, малға жайылым да шамалы. Жері кең, көлі, томары бар Сайағашқа жиналу керек депті. Басқалар да оны құптап, ақыры маңайдағы ауылдар көшіп келіп Сайағашқа қоныстапты. Барлық ауылдар бір жерге жиналғасын бәріміз ынтымақтас, тату тұрайық деп жаңа жиналған ауылдың атын «Ынтымақ» қойыпты. Содан бері бұл ауыл осылай «Ынтымақ» аталады.

Шыңында да ауыл адамдары бейбіт, тату өмір сүрген, ынтымақтары берік болған.

Әттең жаңа ғана бір жерге жиналып, ынтымақтасып өмір сүре бастаған ауылдың бейбіт тұрмысын 1927 жылғы 27 августта қабылданған Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулысы бұзып жіберді. Бұл ауылда аса ірі байлар болмаған. Тек қана Жансақалдың Жұсыбы, Құртайдың Мұқышы сияқты орташа байлар болыпты. Міне, соларды ең алдымен қолға алып, үкімет олардың мал мүлкін тәркілеп өздерін жер аударуға кіріседі. Ондай тәркіленуге тиісті байлардың біразы «бастан құлақ садақа» деп, ішкі Ресейге қашады, мал-мүлкі, үйлері т.б. тәркіленеді.

Белгіленген аз уақытта бүкіл байларды «соңғы кезде орта шаруаларды да байлар қатарына қосып тәркілей бастаған ғой) тәркілеп жер аударып жіберу мүмкін емес еді. Сондықтан «Уақытша шоғырландыру лагерьлерін» (*концентрационные лагеря*) ұйымдастыру

қолға алынды. Мұндай лагерь біздің жақта да пайда болды. Ескі Түмен ауылының орынында балшық пен шымнан жасалған үш үлкен барақ, күзетшілер тұратын үй, шеберхана бой көтерді. Бұлардың барлығы тікенек сыммен қоршалды. Көрген адамның зәресі ұшып, қорқатындай болыпты. Лагердің және қарауыл күзетшілердің бастығы болып сол кезде қазақша да, орысша да сауатты Қыдырмаұлы Тастемір бекітіліпті.

Тастемір Қыдырмаұлы елде сауатты орыс, қазақ тілдерін жақсы білген сөзге шешен беделді кісі болыпты. Оны көзі көрген Жарылғап Егізбайұлының айтуынша, ол ұзын бойлы, толықша келген, кескіні сұсты кісі екен. Оның бір көзі мылтықты оқтаймын деп патронға пистонды қағып отырғанда, пистоны от алып кетп патрондағы порохтардың шашырауынан зақымданыпты. Ол бір кезде Майбалықта ауылнай болып та істеген екен. 30-шы жылдардағы аласапыран кезінде Қарағанды жақта түрмеде қайтыс болыпты.

50-жылдары оның немерелері Есенбай, Баттал, Қасшәріп балалары осы аталарына арнап Ынтымақта ас беріп дұға оқытты. Бұл екі жігіттің аталарының рухына арналған сый-құрметі болды. Бұл да адамгершіліктің белгісі ғой. Есенбай Тастеміров қазір Жамбыл ауданында Благовещенка селосында тұрады. Баттал қайтыс болған. Екеуінің де балалары ер жеткен.

Құрылыс бітісімен Төңкеріс ауданының байларын, болыстарын, билерін, тіпті ондай бай болмаса да, тізімге іліккендерін бала-шағасымен бірге лагерьге қамау басталды. Бұл құбыжық құрылымды халық келемеждеп «Бай қала» деп атап кетеді.

Бұл қолдан жасалған лагерьге аталған адамдарды отбасымен қамағанмен, оларды тамақпен, сумен қамтамасыз ету ойластырылмаған. Ашыққан адамдар далада арам өліп қалған малдың етін түнде балталап шауып әкеліп қорее қылған. 1930 жылдың қысында көп адамдар аштықтан қырылып, олардың мүрлһделері алғашында жеке, соңынан үлкен орларға топтап көмілген.

Осы лагерьге Жұсыптың Тілемісінің бірнеше баласы қамалыпты. Үлкендері ішкі Ресейге қашып кеткенде, көлікке симай жұртта қалдырып, кейін алып кетеміз деген екі кіші баласы бестегі Мырзай мен екі жасар Жәпенді «белсенділер» ұстап әкеп «Бай қалаға» қамапты. Олар да аштан өліп қалуға жақындағанда әйтеуір бір түнде ағалары Тоқай келіп ұрлап әкетіпті. Содан олар тірі қалып, бертінде қайтты. Сол кезден тірі қалған куәгерлердің айтуынша **екі жүзден астам отбасы** «Бай қала» концлагерінің құрбаны болған.

Сол әйгілі 1928–1932 жылдардағы аласапыран мен аштықта елдің көп адамдары ішкі Ресейге көшіп барып күн көрген. Дегенмен ол жақта да оңай болмапты. Ол жақта жасырынып күн көріс қамымен жүрген кейбір байлар аштан өліпті. Ұрпақтарының көңіліне келмес үшін олардың аттарын атамай-ақ қояйын.

Қазақстанға Орталықтан келген Голощекин осылай, мылтықсыз ашаршылықты қолдан жасап, қазақ халқын әдейі аяусыз қырды. Егер мұндай жағдай болмағанда халық қырғын-сүргінге ұшырамайтын, күн көру үшін тентіремейтін, ұанғып әр жерге шашырамайтын еді.

Осы бір адам жаны құса болар сүренсіз сұмдық суреттерді Хұсайын Бижанов деген ақын былайша көрсеткен екен:

Байдардың кәмпескелеп малын алды,
Астыққа кеңірдектен салық салды.
Құрылған әр ауылда кедей тобы,
Күш-көліксіз, қарусыз бекер қалды.

«Орталық» қолда бардың бәрін алған,
Үйлерге, қора-жайға тінту салған.
Кей адам бір құдайға жалбарынар,
Өлмесем деп үміт қылып шыбын жаннан.

Қорада байлайтұғын мал қалмады,
Егістікке себетін дән қалмады.
Ашаршылық қара оба, өрт боп келіп,
Құтыла алмай ашыққан ел зарлады.

Қыс санап, аяз мінді қаһарына,
Күн өзгеріп көрінер батарында.
Әлі барлар нан іздеп қаңғып кетті,
Қалғандары жаутандап сапарына...

Жолаушылар жол таппай жолда өледі,
Өлігін сорлының кім көмеді?!
Қарға-құзғын шұқып жеп екі көзін,
Қара жер қойнына алмай тебіренеді.

Ең алдымен кәрі мен әлсіз өлді,
Таба алмайтын өзінше ішіп-жемді.

Құрбақа, кесіртке, қара тышқан,
Саршұнақты тапқандар ұстап жеді.

Колхозда ұйымдасты «ортақ қазан»,
Бір шөміш көже алады барған адам.
Жете алмай көпшілігі жолда қалды,
Әр жерде дауыс шығып ыңырсыған.

Сұраймыз бұл апатқа кім кінәлі,
Мылтықсыз қырып салған мұнша жанды.
Кейбіреу құрып кетті ұрпағымен,
Кім төлейді жазықсыз аққан қанды?

Лағынет саған міңгіг Голощекин,
Өлім сеуіп, қандадың жердің бетін.
Көбі өлді, көбі кетті туған жерден
Аздырып-тоздырдың-ау Қазақ елін.

Ал көпшілігі сол жақта күндерін өткізіп аман-сау
елге оралыпты. Біздің жақтың қазақтары негізінен
Қорған, Омбы, Түмен облыстарында болыпты. Кей-
біреулері осы күнге дейін ұрпақтарымен сол Ресей
жерінде өмір сүріп жатыр.

Елімізді осындай ашаршылыққа, зор апатқа
ұшыратқан Қазақстан Қазақстан Компартиясының сол
кездегі басшысы Ф.И. Голощекин. Халық Голощекин-
ді «Қу жақ», «Қатпажақып» деп атап кетті.

Қайролла Мұқанов.

Петропавл, Ынтымақ ауылы.

2006 ж. 82-87 беттер.

*Ғалым ҚАДІРӘЛІҰЛЫ,
өлкетанушы, ардагер-ұстаз*

**«КӨКАРАЛ»
атты кітабынан**

«Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі Өмір Ескалидың «Захар Андреевич» атанған Зағыпармен сұхбаты жайында. Зағыпар Байкчанышев ақсақал араға ширек ғасыр салып, туған жерге оралуына пешенеге жазған тағдырдың ең үлкен сыйына санайды. Осы уақыт ішінде көрмеген теперіші қалмаса керек.

Зағыпар қария әңгімесін былай бастаған еді.

– Алдымен әкеміз 1930 жылы мал-мүлкі тәркіленіп, Қызылжар каласы маңындағы Затон деген жерге қара жұмысқа айдалыпты, – деп бастады әңгімесін 84 жастағы қария өткен тарихтың жұрнағын барынша көз алдымызға елестетуге тырысып. «Байдың тұқымы» деген жазықсыз жала жауып, бір ауыз сөздің құрбаны болып кете барған. Ақыры күйікке шыдай алмай сол жылы бар-жоғы 54 жасында көз жұмды. Зираты облыс орталығындағы демалыс саябағының ішінде, әлдеқашан жермен жексен болған. Баласы Нұрхан, елге белгілі Абылай қажы үшеуі қатар жатыр.

– Сосын зобалаң отбасымызға туды. Шешем Жәмиланы, бауырларым Баязит, Нұрмұқанды және тоғыз жастағы мені бір түнде тұтқындап, шалғай аудандардың біріне алып келді. Қу далада тұрғызылған барақтардың біріне әкеліп қамады. Ағам Оразбай

іш жаққа кетіп қалып, қамаудан аман қалды. Мұнда қой құсап тоғытып жатқандары – өңкей ауқаттылар. Солардың бірі – Тәштиттің Хамзасын, оның балалары Меден мен Сайранды шешем жақсы танитын болып шықты. Меден осыдан он жылдай бұрын қайтыс болды.

Керемет жақсы кісі еді. Жасынан аурушаң болғанына қарамастан, осында бригадирлік қызмет атқарды. Тілмек айтып жеткісіз сол бір зұлмат кезеңнің тірі куәгері – мен ғана. Шешем 300-ге жуық отбасы қолдан жасалған зорлық-зомбылықтың, аштықтың құрбаны болды деп айтып отыратын. Оның шет жағасын өзім де көрдім. Тұрған жеріміз «Байқала» деп аталғанымен (*сірә, өңкей ауқаттыларға Арал осылай аталып кетсе керек*), аштықтың азабын әбден тарттық. Үкімет Аралынан тамақ берілмейді. «Өлмесең – өмірім қаптың» кебі. 10-15 күнде маңайдағы ауылдарға қол жайып, қайыр сұратуға жібереді. Қашып кетпесін деген ойлары шығар, балашағаны алып қалып, үлкендер ел кезіп кетеді. Адамдар аштықтан бұратылып, шыбын құсап қырылып жатты. Арам өлген малдың етін жеуге мәжбүр болдық.

Ауызекі тілде «Байқала» аталғанымен, белгілі өлкетанушы Дәстен Баймұқановтың айтуынша, мұндай уақытша қамау лагері Қызылжар өңірінде екеу болыпты. Бірі – Мағжан Жұмабаев ауданында, біз сөз етіп отырған Тимирязев ауданында орналасыпты.

Бұл жерді әу баста Троицк, Шадрин, Екатеринбургке дейін мал айдап, ондаған дүкен ұстаған Қошке

деген бай мекендепті. Оған қатысты құжаттарға көз жүгіртсек, Төңкеріс ауданының екінші ауылының еңбекшілері Тұрлығұлов Көшкенің ауылдағы кедейлерді қанап, еңбегін жегенін анықтап, мал-мүлкін тәркілеуге, өзін жер аударуға үкім шығарған.

Дәстеннің деректеріне сүйенсек, 1928 жылғы 27 тамызда ҚазКСР Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулы қабылдайды. Бұл шешім бойынша көшпелі аудандарда 300-ден, қалған аудандарда 150-ден артық малы бар байлар тәркіленеді. Отбасымен қоса жер аударылуға тиіс болады.

Отбасы мүшелерінің жасы, денсаулығы еш ескерілмейді. Тәркілеу шараларын жүзеге асыру мақсатымен ауылдарда 300-ге тарта комиссия құрылып, шаш алдесе бас алатын қику басталып кетеді. Жер-жерлерде уақытша шоғырландыру лагерьлері құрылады. Солардың бірі бұрынғы Түмен ауылының жұртында орналасқан.

– Орта дәулеттілер де байлардың санатына жатқызылып, мал-мүлкі тәркілеуге ұшырады, – деді әңгімесін жалғастырған Зағыпар ақсақал аз-кем тыныстап алып. – Осындай асыра сілтеу салдарынан «тәркіленушілерді» қайда сыйғызарын білмей тығырыққа тірелген өкімет жоғарыдағыдай лагерьлерді ұйымдастыруға кіріседі. Балшық пен шымнан қалап, барақтар тұрғызады. Айналдыра тікен сыммен коршап, күзет қояды.

Лагерь бастығына Тастемір деген кісі тағайын-

далады. Мұндағылардың алды Қазақстанның өзге жерлеріне жер аударылып жатса, келушілерде де қисап болмады. **Сибаннан Есенеидің тұқымы деп жала жабылған Жарылғап балашағасымен, Білекше, Біркен** деген орта дәулеттілер де осында қамалды. Аштықтан жантәсілім еткен жандарды жеке жерлеуге рұқсат етілмеді. Үлкен орларға көмілді.

Түнде арам өліп қалған жылқылардың етін балта-лап шауып әкеліп талға жау етті.

– Тар ұапастан қалай аман құтылдығыздар? Жер аударылып кетпеуге не себеп болды?

– Лагерьге ең жақыны – **Жарқын деген ауыл**. Онда нағашыларымыз тұратын. Солар тамақ әкеліп, жүрек жалғап жүрдік. Бірде оларға қоңыр күзге қарай іш жаққа кеткен ағамыз Оразбай келіп, біздерді жасырыналып кетудің жолын ақылдасады. Еті тірі, пысық еді. Ебін тауып, лагерьден жасырын алып шығып, Түмен қайдасын деп тартып отырдық. Ондағы ағайын-туыстармен қауышып, 1938 жылға дейін Николаевка деген орыс селосында тұрдық. Кейін Омбы облысына табан тіредік. Сол жылдары ұжымшарда, өндіріс орындарында жұмыс істемейтіндер Сібірге жер аударылатын болды. Тағы да үдере көшіп, Казанька деген жерге келдік. «Бірлік», «Қызылту» ұжым шарларына топтастық.

Елге жақын қоныстанғандықтан, Қызылжар элева-торына астық тасый бастадық. Сөйтіп, өз қолымыз өз аузымызға енді жетті-ау деген кезде басымызға тағы да қара бұлт үйірілді. Әлдекімдердің көрсетуімен

40-қа жуық ұжымшар мүшелерін түрмеге жапты. Араларында ұжымшар төрағасы Тырнап, бауырлары Ыдырыс, Имак, ағам Оразбай, Меден, тағы басқалары бар. «Қазынаның бидайын ұрлады» деген жаба жабылды. Жасы сексенді алқымдап қалған **Тәштиттің Хамзасына** дейін тұтқындады. Төрінен көрі жақын ол не білуші еді? Тоғыз адам ату жазасына кесілді. Қалғандарына он жылдан арқалатты. Мың болғыр еврей адвокаты кейін бәрін ақтап алды.

Ағам түрмеде көз жұмды. Меден бес жылын өтеп келді.

– Бертінге дейін төлқұжатыңызда «Захар Андреевич» деп жазылып келіпті. Ол қандай мәжбүрліктен туды?

– Николаевка селосында тұрғанымызда шешеміз бір орыс әйелімен танысады. Ол помещиктің қызы екен. Кеңес өкіметінен көп зәбір көріпті.

Сонымен аралас-құралас, абысын-ажын сияқты сырлас болыпты. Мені бауырына салып, баласындай әлпештесе керек. Бүкіл село мені Захар деп атайтын. Әкесінің аты Андрей екен. Төлқұжатқа «Захар Андреевич» деп жазылу тарихы осындай. Бәлкім, көлденең көздердің зәбір-жаласынан сақтай жүрсін деген шешемнің бір ойы болды ма екен, кім білсін? Елге 1958 жылы көшіп келіп, арада 38 жыл өткеннен кейін ғана аты-жөнімді қазақшаладым.

Тәуелсіздіктің арқасы ғой – мұның бәрі.

Атамыздың немере інісі Омбыда оқу тауысқан екен. Білімдарлығына Арал, «молла аға» дейтінбіз.

Өзіміздің тұқымнан шыққан Шәкей дейтін бір белсенді «Түрегеп тұрып дәрет сындыр», дейді. Молла ағамыз келіспейді.

«Онда арест қылам», дейді. Сөйтіп, оны да «Байқалаға» айдатып жіберген. Сонда аштан өлді. Мұны айтып отырғаным, іштен шыққан жау жаман. Бір-бірімізді сыйласақ, ауыз бірлікті болсақ, жат жанынан түңіледі. Бала жасымнан қанша қуғын-сүргінге ұшырап, талай бейнетті көрсем де ата-баба қонысына ораламын деп ойлап па едім. Тағдыр оны маған жазды. Еліміздің ертеңі ертегідей болатынына сенемін.

Бір уайымдайтыным, «Байқала» сияқты өткен күніміздің қаралы сәтін көзге елестететін тарихи орындар жайлы жас ұрпақ біле бермейді.

Тым болмаса сол жерге ескерткіш белгі қойылса, аруақтарға деген үлкен құрмет болар еді. Киелі бәйтеректен басқа із қалмай барады-ау. Оның өзі бар ма екен?

*«Ақталған есімдер» кітабы,
Петропавл қ., 2008, 34-51 б.*

Түкірік ҚАСЫМОВА,
ардагер-ұстаз

БІР ӘУЛЕТТІҢ ТАҒДЫРЫ

Большевиктердің қисынсыз революциялық қайта құруларының кесірінен XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының әжептәуір бөлігі Қазақстаннан басқа жаққа көшуге мәжбүр болды. Біздің отбасымыз, менің аталарым мен ата-анам осы қасіретті басынан өткізді. Олар Ресеймен шекаралас өңірде тұрғандықтан елдегі заңсыздық пен дүрбелең басылғанша бала-шағасын аман сақтау үшін Сібірге бас сауғалады...

Алғашында әке-шешем Омбы облысын паналаған. Ол жақта ешкім күтіп отырған жоқ еді: не жұмыс жоқ, не баспана жоқ, не мал жоқ. Олар деревняларды ара-лап қаңғып жүрді. 30-жылдардың соңында қазақтарды күштеп Қазақстанға қайтарады екен деген сыбыс шыққан. Содан Түмен облысына қарай көшіп, мен 1941 жылы сол жерде дүниеге келіппін.

Анамыз текті әулеттен шыққан, бай отбасының қызы болған соң ба, өте бірбеткей кісі еді. Көзі жұмылғанша өзінің тілін, ділін бермей кетті жарықтық. Заман райынан шошыды ма, әлде жат жерде жүрген ұрпағым азып, орыстанып кетеді деп қорықты ма, әйтеуір, бәріміздің басымызды қосып, өткен дәуір, ата-бабамыз туралы жиі әңгіме қозғайтын. Соның ішінде әулетіміздің тағдырында ерекше із қалдырған оқиғалар жөнінде айтқандары әлі күнге дейін есімде...

– Біздің атажұртымыз Солтүстік Қазақстандағы «Құртай ауылдары» деген жерде (*қазір Тимирязев және Шал ақын аудандарының жері – автор*). 50-жылдардың ортасында тың игерушілер қоныстанып, атын өзгерткенге дейін солай аталып келді, – деп бастаушы еді анам әңгімесін. – Аталарың Мұқыш Құртайұлы 1866 жылы сол жерде дүниеге келген, малы мен жаны қатар өскен, тұрмысы күйлі, аса бақуатты адам болды. Бірінші әйелінен – Қасым (*менің әкем, 1887 жылы туған – автор*), Ғабдолла, Әлім, Оразбай атты төрт ұл мен Бибіш деген бір қыз дүниеге келген. Екінші әйелінен Уәли, Зүбәйда атты бір ұл, бір қыз сүйген. Балаларының бәріне білім беруге тырысты. Бірақ бес баланың ішінен тек Ғабдолла деген қайным ғана оқуға икемді болып, орыс-татар мектебін толық аяқтап шықты. Қашан көрсең жан-жағын түрлі кітапқа толтырып, көміліп отыратын. Қалаға, одан беріде жатқан орыс селоларына жиі барып, қазақ, орыс тілдеріндегі газеттер мен журналдарды арқалап әкелетін. Соларды оқып, білген-түйгенін әкесіне, бауырларына айтып, түсіндіріп отырушы еді.

Ол кезде – Ақ патшаның дәуірі, орталық қазіргідей Мәскеуде емес, Петерборда. Елден жырақ жатыр демесең, онда болып жатқан оқиғалардың дүмпуі бізге де жетіп тұратын. Әлсін-әлсін «Өкімет өзіне қарсы шыққан қара халықты түгелдей қырып тастапты, қанға бөккен көшеде аяқ басар жер жоқ көрінеді», «Мемлекеттік Думаға қазақтар да сайланады екен», «Алапат соғыс басталыпты» деген хабарлар естіліп тұрушы

еді. Солардың арасында елге қатысты болғаны да бар шығар, кейде атқамінерлер ұзақты күн тыным таппай, ауыл арасын шаңға бөктіріп, ерсілі-қарсылы сабылып жататын. Әсіресе «солдатқа адам алады екен» деген сөз шыққанда ел іші ерекше дүрлігіп қалды. Әр тайпаның тұтқасын ұстап, тірлігін бағып отырған ақсақалдар бір күн ана ауылға, бір күн мына ауылға жиналып, кеңес құрып жатты. Біреулері «Патша жарлығына қарсы тұрар не халіміз бар, көнейік» десе, басқалары «өлімге байлап берер баламыз жоқ» деп айттыс-тартыс ұлғайды.

Қазақ қай кезде де ел қамын жеген ерлерге кенде болмаған. Бұл жолы да солай болды. Әлихан, Ахмет, Міржақып деген есімдер, істеп жатқан жұмыстары жұрттың аузынан түспеуге айналды. Олардың жанапшыр, қазақ елінің болашағы туралы пікірлері ел ертеңін ойлайтын адамдардың көңіліне қона кетті. Мұқыш аталарың да олардың жоспарларын, еңбектерін, жүргізіп жатқан істерін тізіп, сараптап отыратын. Қара жұмысқа алынған жігіттерге жасап жатқан жақсылығын айтып, заманға сай бірнеше жұрттың тілін білетін, білімі мықты, нағыз жаужүрек ерлер» деп отырушы еді.

Бір күндері «Патша құлады» деген хабар келіп, ауылдың үлкенді-кішісі «я, құдай, ақсарбас» деп қалысты. Бұған дейінгі дүрлігу, дүрлігу ме, шын дүрбелең енді басталды. Бұрын-соңды естімеген «Алаш туын қолға аламыз», «өз алдымызға мемлекет боламыз» деген ұран пайда болды. Міржақыптың «Оян,

қазағын» ауылдың балаларына дейін сарнап айтып жүретін. Қалаға көп қатынап, қағазға көп шұқшиятын Ғабдолла қайнымнан естуімізше, алашшыл азаматтар арнайы газет шығарып, Бүкіл қазақ құрылтайын шақырып жатқан көрінеді. Ғабдолланың өзі де аяқ жететін жерге осы хабарды жеткізіп, таратушының бірі болды. Кейіннен «Алаш» партиясы құрылып, «Алаш Орда» автономиясы ұйымдастырылып жатыр деп естідік. Бізге бәрі – таңсық, бәрі қызық. Соңы не болар екен деп елендеп жүрміз.

Сонымен бір күні «биылғы (1918) жылдың шілде айында «Алаш» басшылары елге келіп, халықпен кездеседі екен» деген хабар жетті. Кездесу бізге көрші жатқан Әлти Көкенұлының ауылында (*қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының жеріндегі «Аққұсақ» ауылы – автор.*) өтетін болыпты. Таңдаудың Әлти қажыға түскені де бекер емес. Осы өңірдегі ең ірі байлардың бірі, қазақ пен орысқа сөзі де, беделі де өтіп тұрған, кісіге қайырымы мол, аса ауқатты кісі еді.

Сонымен жұрттың ендігі көрген-баққаны сол кездесу болды. Жақын ағайындар Мұқыш атаның үйіне жиналып, алашордалықтардың келу мақсатын қызу талқылады. Әлихан Бөкейханның кісілік қасиеттерін, атқарып жүрген істерін жақсы білетін әрі оны қазақ халқының нағыз көсемі деп санайтын Мұқыш атамыз өз айналасына ғана емес, басқа ауылдарға барғанда да «көзі ашық қазақ баласы «Алаш» партиясын қолдауға тиіс, өйткені ол қазақ халқының азаттығы мен

болашағы үшін күресетін бірден-бір күш» деп айтып, үгіттеп жүрді.

Аталарың елдің сөзін ұстаған, әр кез туралықтан таймаған, сонысымен сыйлы болған, аузы дуалы, алды кең шешендердің бірі еді (*оның осы қасиеттерін С.Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» атты трилогиясында сипаттайды (1-том, 473-бет. – автор.)*). Содан ба екен, кездесуді ұйымдастырушылар біздің өңірдегі беделді адамдармен кеңесіп, алдағы жиында жергілікті халықтың атынан Мұқыш Құртайұлы сөйлесін деген шешімге келіпті.

Бұл жиынға алашордалықтардың қарсыластары да қатты әзірлік көріп, олардың қала үлгісінде киім киген өкілдері атама келіп, «Алаш» партиясына қолдау көрсетпе, не болмаса сөз сөйлеуден бас тарт» деп талап етіпті. «Осыдан көнбесең, өзіңмен қоса балаларыңның көзін құртамыз» деп қорқытыпты. Келесі күні Ғабдолланы аңдып жүріп қолға түсіріп, байлап әкетеді. Көрші орыс селосына апарып кепіл ретінде ұстайды. Онымен қоймай, кеңес болардан бір күн бұрын жол үстінде келе жатқан Мұқыш атаңды да ұстап әкетіп, әбден соққыға жығыпты. Ғабдолланы өлтіреміз деп қорқытып, «халықтың атынан алашордалықтардың саясатын қолдаудан бас тартамын деп айт, кездесуге келген «Алаш» басшыларының барлық ұсынысына қарсы шық» деп шарт қойыпты.

Мұқыш ата «Басымды кесіп алсаңдар да, бұл ұсыныстарыңды қабылдап, сенім артқан жұртыма сатқындық жасай алмаймын. Мұндай масқараға

барғанша өлгенім артық. Мен жиналыста өзімнің жеке ойымды емес, сөз сөйле деп тапсырған басым көпшіліктің пікірін айтуға тиіспін» депті. Әрі-бері айтысып, ұзақ ырғасқан соң Мұқыш ата олардың Ғабдолланы босатпайтынына, оған анық қатер төніп тұрғанына көз жеткізеді. Сөйтіп екі жаққа да ыңғайлы бірден-бір дұрыс жол ұсынады. «Менің бұл жиналыста халықтың атынан сөйлейтінімді жұрттың бәрі біледі. Ал егер мені жиналысқа жібермей, халықтың сөзі айтылмай қалса, оның арты үлкен саяси жанжалға ұласады. Сондықтан кеңеске барып, екі көзқарасты да айтайын», – дейді ол, – оның біріншісі, жергілікті халықтың атынан мәлімдейтін пікір, ал екіншісі, – осы жерде отырған кісілер мен олардың артында тұрған адамдар талап етіп отырған көзқарас». Біраз кергілескеннен кейін олар да осы пікірге тоқтап, таңға таяу Мұқыш атаны босатады.

Мұқыш ата «Әлти Көкенұлының ауылына келгенімде халықтың көптігіне көзім тұнды. Ауыл іргесінің адамдарға толғаны сонша, жұрттың қарасынан көкжиек көрінбей қалды. Бұрын-соңды халықтың мұнша көп жиналғанын көрмеппін», деп отырушы еді. Алашордалықтармен кездесуге келген жұрт арнайы тігілген жүзден аса үйге сыймай, ашық далаға ер-тоқымын төсеп, емін-еркін жайғасыпты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, сол кеңеске «Алаштың» отыз мыңнан астам жақтаушысы жиналған екен.

Сонымен көптен күткен кеңес өз жұмысын бастайды. Оған «Алаш» қозғалысы мен партиясы көсемдерінің бірі Міржақып Дулатов пен партияның Орынбордан келген басқа басшылары *(оның ішінде «Алаш» партиясының Омбы облыстық комитетін басқаратын Ережеп Итбаев пен Айдархан Тұрлыбаев, Қызылжар ояздық комитетін басқаратын Жұмағали Тілеулин мен Салмақбай Күсемесов, Көкшетау ояздық комитетінің басшысы Ерқосай Мұқышев – автор.)* және партияның басқа да ондаған жауапты қызметкері қатысады. Күн тәртібіне «Алаш» партиясының бағдарламалық міндеттерін халыққа түсіндіру, елді большевиктердің өктем саясатынан қорғау, «Алаш Орда» үкіметінің әскери бөлімдерін құру және басқа да өзекті проблемалар қойылады.

М.Дулатов пен «Алаштың» басқа басшылары сөйлегеннен кейін халықтың пікірін білдіру үшін Мұқыш атаға сөз беріледі. Мұқыш ата, ең алдымен, осы жиында сөйлеуге уәкілеттік берген және «Алаш» партиясы мен «Алаш Орда» үкіметінің саясатын, міндеттері мен ұсыныстарын қолдайтын халықтың сөзін жеткізіп, «менің өз басым да осы партияны қолдаймын, өйткені олардың айтқаны қазақ халқының түпкі мүдделеріне сай келеді» дейді.

Сонымен бірге «қазақ жастарын «Алаш Орданың» халық милициясына алу мәселесі бойынша бұдан басқа да пікір бар» дей келіп, белгілі бір саяси күштер тобының «1916 жылы халқымыз патша билігінің қазақтарды тыл жұмыстарына алу

жөніндегі жарлығына қарсы шығып, көтеріліс жасады. Сол кезде қара халықты алдап соғып, майданға тек қарапайым шаруаның баласын жіберді. Қазір де сондай жағдай қайталана ма деп қорқамыз» деген пікірін жеткізеді. Әрине Мұқыш ата сол жерде алашордалықтармен жауласқан бандиттердің өз баласын кепілге алып ұстап отырғанын, өзге балаларын да өлтіреміз деп қорқытқанын, өз отбасына нақты қауіп төніп тұрғанын айтпаған.

1970 жылы басылған қазақ кеңес әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» деп аталатын трилогиясында тұтас бөлім Әлти Көкенұлының ауылында «Алаш» басшыларының халықпен кездесуіне арналыпты. Барша туыстарымыз осы кітапта Мұқыш ата туралы жазылыпты деп сүйінші сұрады. Бәріміз сол кітапты бас алмай оқыдық. Мен де оның орыс тілінде шыққан нұсқасын, әсіресе атама қатысты тұстарын ерекше қызығушылықпен оқыдым. Басында кейбір жерлерде жазушының сөзі мен анамның айтқаны қиыспай жатқанына қатты ашуланатынымын. Бірақ бірнеше рет оқып, ойға салып сараптағаннан кейін мәтіннің артында қандай мағына жатқанын түсіне бастадым. Жалпы, Әлти қажының ауылында өткен кеңес туралы менің анам айтқан және С.Мұқановтың кітабында жазылған жайттар негізінен өзара сай келеді. Егер оқырман кітаптың осы тұсын саяси, идеологиялық бағасынан ажыратып, зер салып оқып шықса, бұған көз жеткізе алады.

Жазушы солтүстік өңір қазақтарының бұл кезде-

суге қызығушылығы шынында да зор болды деп жазады. Әлти қажы мен сол жердің басқа да беделді, елге қадірлі кісілері, ақсақалдар бастаған халық келе жатқан қонақтарды қазақ халқының көсемдері, ұлттық Үкіметтің басшылары деп есептеп, құрметті қарауыл қойып, «Алаш» әнұранын (*«Арғы атам Ер Түрік»*) шырқап, бар сән-салтанатын жасап күтіп алды деп баяндайды.

Кездесуге алдын ала келеді деп болжанған елге белгілі, ақсүйектен шыққан 150-200 кісінің орнына 22 болыс елдің халқы (*Қызылжар, Омбы, Көкшетау, Ақмолаға дейін жатқан және сол төңіректегі ауылдардың өкілдері*) түгел жиналғанын айтады. Бір жүз, бір мың адам емес, ондаған мың адам «Алаш» көсемдерін көріп, сөзін естиміз деп, салт атпен 100-200 шақырым жол жүріп арнайы келген. Ол бұл жөнінде «Сол тұстағы белестердің де, ойлардың да өн бойына адам сыймауға айналды...» деп жазады (*С. Мұқанов, сонда, 1-том, 472-бет*). «Алаш» партиясының халық арасындағы беделі орасан зор болғанын ашық айтпаса да, кездесуге он мыңдаған адамның жиналғанын айғақтайды.

Алайда жазушы кеңесте талқыланған тұтас проблемалар кешенін «Алаш Орда» үкіметінің халықтық милиция құру үшін жігіт беру жөніндегі жалғыз өтінішіне тіреп қояды. «Алаш» басшылары ондаған мың жақтаушысымен кездескен кезде бұдан басқа мәселелерді де талқылағаны анық, бірақ кітапта ол туралы ештеңе айтылмайды. Жазушы жиынға келген

«Алаш» басшыларын, сондай-ақ осы партияның жергілікті белсенділерін жағымсыз жағынан сипаттайды. Мысалы, халыққа құрметті Абылай Рамазановты «шоқынған қажы» деп атайды. Ал «Алаштың» жауапты қызметкерлерін саясат жолында күні біткен адамдарға жатқызады.

Жазушы Мұқыш атама қатысты оқиғаны былайша сипаттайды. «Жиналыстың қарсаңында қызық болды – Мұқыш жоғалып кетті» дейді. Оны бәрі жабылып, бүкіл жерден іздесе де, таба алмапты. Ұйымдастырушылар да, алашордалықтар да, сол жердегі беделді кісілер де іздепті. Бірақ ешкім оның қайда кеткенін айта алмапты. Тек таң атар алдында арып-ашып, түсі қашып кеткен, сөйлеуге де әлі жоқ Мұқыш табылыпты. Жазушы оның жоғалып кету себептері мен оны «ұрлаушыларды» сол кездегі идеологияның талабына сай, өз болжауы бойынша жазған. Дегенмен, сол жиналыста Мұқыштың екі пікірді айтқанын растайды. Оның біріншісі – халықтың атынан сөйлеуге тапсырма берген жергілікті беделді кісілердің, ақсақалдар мен атқамінерлердің ұстанымы, ал екіншісі Мұқышқа оны ұрлап әкеткендер қорқыту мен бопсалау арқылы күштеп айтқызған ұстанымды айтады.

Кейіннен Ғабдолла мен Мұқыш атаны қамауда ұстап, қорқытқандардың кім екені белгілі болады. Олар Омбы мен Петропавлдан келген, «қызылдармен» ұжымдасқан «Үш жүз» қазақ партиясының белсенділері екен. «Қызылдар» мен «Үш жүз» партиясының өкілдері халық арасында «Алаш» партиясының бе-

делі артып бара жатқанын біліп, оның басшыларына қалайда күйе жағып, халыққа ұсынған саяси бағдарламасын қабылдатпау үшін «Алашқа» қарсы бүлдіргі әрекеттерін жүргізеді. Айтпақшы «Алаш» қозғалысын қолдағаны үшін қазақтың көрнекті ақыны Мағжан Жұмабайұлын абақтыға жаптырған да осылар. Осыны білетін жұрт өз баласы жау қолында жатса да, қорықпай сөз сөйлеп, халықтың пікірін жеткізген Мұқыш атаның ерлігін ұзақ уақыт жыр қылып айтып жүрді. Өкінішке қарай, большевиктер мен кеңес өкіметі оның бұл әрекетін кешірмеді, біздің атамыз да олардың кешпейтінін жақсы білді. Анамның айтуынша, Мұқыш ата елде жүрген кезде алашордалықтармен байланысын үзбеген. Олармен сөйлесу үшін Қызылжарға барып, қолдан келген көмегін беріп тұрған. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін бізге бейтаныс бір ақсақал «Жас Алаш» газетінде бұл туралы жазды да.

«Қызылдар» қанша жерден тыйым салса да, атаңның сол жиында сөз сөйлеуі кейіннен біздің отбасымызды кеңестік жазалаушы органдардың өз қырына алуына себеп болды» дейтін анамыз. Содан кейінгі оқиғалар осы сөздің рас екенін айғақтайды.

1928 жылы тәркілеудің алғашқы легі ірі байларға жүргізіледі. Сол кезде алдағы жағдайды анық болжаған атамыз өз балаларына «Кеңес өкіметі мұнымен тоқтап қалмайды, кезек бізге де жетеді, бәрімізді бұл елде қалдырмай, жер аударады» деп айтқан екен. Ол болашағын күні бұрын болжап, қолда бар малын жан-жаққа таратып, сата бастайды. Елдегі бассыздық

пен заңсыздық тыйылғанша, көрші жатқан Ресей облыстарының біріне барып бас сауғалай тұрып, кейіннен қайта оралу қажет деп санайды.

Сонымен тәркілеу кезегі 1930 жылдың жазында атамызға да жетеді. Мұқыш атамыз қалған азын-аулақ мүлікті түгелдей кеңес өкіметіне өткізеді. Ал оның өзі ресми жер аударуды күтпестен, Ұмытшақ әжеміз бен Мұқан інісін алып, Ресейге бас сауғалайды. Барған бетте ыңғайлы жер таба алмай, жиі қоныс аударады. Қашқын адамда не күй болсын, 30-жылдары сол жерде қайтыс болып, Курган облысы Лебяжинск ауданының Лопаткино селосында жерленеді. Атамыздың моласын ұрпақтары 70-жылдардың басында іздеп тапты. Айтуынша, атамыз өле-өлгенше туған жерге жетуді армандаған екен. Амал қанша, жат жерден топырақ бұйырды. Кейіннен немересі Сейіт Оразбаев атамыздың басына белгі қойды. Қазір қалған ұрпақтары тәу етіп, құран бағыштау үшін ата бейітіне барып тұрады.

Мұқыш атамыздың балалары да тәркілеуден тыс қалмаған. Анамның айтуынша, әкем Қасым Мұқышұлы ауылда мал өсіріп, оған қоса 1917 жылғы революцияға дейін және 20-жылдары сол кезде аса пайдалы кәсіп саналатын саудамен айналысқан. Өз көмекшілерімен бірге Қарқаралы (*Қоянды*), Атбасар жәрмеңкелерінен, сондай-ақ Орталық Қазақстанның ірі байларынан үйір-үйір жылқы, жібек, мата, кілем, басқа да өтімді тауарларды сатып алып, оларды Ресейдің Қорған (*Курган*), Омбы (*Омск*), Селебе (*Челябинск*) қалаларына жет-

кізіп, екі-үш есе қымбатына сатқан не болмаса, ұнға, киімге не ауыл тұрмысына қажетті басқа тауарларға айырбастаған. Әкеміз Ресейден арнайы қиылған ағаш алғызып, ауылда үлкен ағаш үй тұрғызыпты. Орысша сөйлеп, ежіктеп болса да жаза алған. Өзінің ұлдарын Ресейдің үлкен қалаларында оқытуды армандапты. Бірақ аяқтасты құбылған дүние оны өз дегеніне жеткізбеді.

Анам Мағрипа Омарқызы 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданының Айымжан ауылдық округіне қарайтын жерде түп ата-сынан бері тұқымынан дәулет үзілмеген орташа бай Омар Көшерұлының отбасында дүниеге келген. Әкешесі бетінен қақпай, ерке ғып өсірген екен. Жас күнінде ауылдағы молладан арабша хат танып, құран оқуды үйреніпті. Бізді бала кезімізден әкеміз бен Мұқыш атамyzды мақтан тұтып, сыйлап-құрметтеуге тәрбиеледі. Содан ба екен әкемнің түрін көрмесем де, жас кезімнен бастап бала жүрегімде оған деген ерекше сәбилік махаббат пайда болды. Әкем мен Мұқыш атама деген сол құрметті, олардың өміріне деген зор қызығушылықты өмір бойы сақтап келемін. 1960 жылы Қазақстанға оралып, Қызылжар (*Петропавл*) қаласындағы Солтүстік Қазақстан педагогикалық институтына оқуға түсуіме де сол інкәрлік түрткі болған еді.

Тағдыр жолы талай қасіретін артып, қиындығын аямай үйіп-төксе де, анам 90 жасқа дейін өмір сүріп, 1982 жылы қайтыс болды. Өмір бойы атажұртқа ора-

луды аңсап өтсе де, сәті түспей, Түмен облысында, әкеміз жерленген жерден жай тапты. Анамыздың есте сақтау қабілеті бәрімізді қатты таңғалдыратын. Кеңес өкіметі орнағанға дейінгі өмірін ерекше сағынышпен, бүге-шігесін қалдырмай айтып отыратын. Ленинді, Сталин мен Голощекинді жек көретін. 1950-60 жылдары Голощекиннің кім екенін онша көп адам біле бермеуші еді, бірақ анамыз оның аты-жөнін анық айтатын. Себебі тәркілеу басталып, туған жерден кетуге тура келгенше, отбасында дәл сол жендеттің аты мен саясаты талай қарғысқа себеп болған.

Анамыз бізге «Егер сол «оңбаған жауыздар» болмағанда, сендердің барлықтарың ата-баба жерінде тамаша өмір сүретін едіңдер. Олар бізді өз жерімізден қуып қана қоймай, қазаққа тән бар нәрсені – дінімізді, тілімізді, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпымызды құртқысы келді. Соның салдарынан қазір мен әке-шешемнің, ата-енемнің басына барып құран оқи алмай да отырмын. Біздің отбасымыз тартқан тауқымет пен бейкүнә балапандарымның өлімі, біз сияқты сан миллион адамның көз жасы мен қарғысы Голощекинді жібермеді. Ол нағыз «халық жауы» ретінде ату жазасына кесілді» деп отыратын. Өмірінің соңына дейін кеңес насихатына әсте мойынсұнған жоқ, өйткені оның көргені мен түйгеніне негізделген өз ақиқаты бар еді...

Тәркілеу реті әкемізге жетіп, бар мал-мүлкі хатталады. Әкемізді кәмелетке толмаған үлкен ұлы Ахметжанмен бірге қолын байлап, арбаға салып әкетеді. Сол беті Қызылжарға (*Петропавл*) апарып абактыға

қамайды. Кейіннен әкемізді Омбыға алып кетіп, Ахметжанды босатады. Анамызды басқа балаларымен бірге Жарқын ауылының жанында құрған (қазіргі *Тимирязев ауданы*) «Бай қала» деп аталатын лагерьге жабады.

Осы лагерьде көрген күні мен Омбыға жетер жолда шеккен азабын, тоғыз баласынан қалай айырылғанын айтқанда анам байғұс көз жасын көлдетуші еді. «Менің балаларым кеңес өкіметінің озбыр саясатының құрбаны болды» дейтін. Бұл оның аналық жүрегінде беріш боп қатқан, мәңгі бақи жазылмайтын жарасы еді. Ата-анаға бір перзенттің қайғысы қандай қиын, ал 9 баланы бірінен соң бірін жер қойнына беру... Ажалға араша боларлық амал таппау...

– Қос кенжем Баян (әкем оны *Баян батырдың құрметіне атаған*) мен Ноян тәркілеуге дейін қызылшамен ауырды. Құлындарымның сол жағдайына да қарамады ғой, қанішерлер, – деп бастаушы еді анам осы әңгімесін. – «**Бай қаладағы**» жағдай ауру бакқан адам түгіл сау адамның өзі шыдамайтындай қиын болды. Күн мидай ыстық. Көлеңке болар қалқа жоқ. Қоршаудың іші иін тірескен адам. Не дұрыс тамақ, не жөнді төсеніш бермейді. Ішіп-жерің де сол жерде, түзге шығарың да сол жерде. Күзетшілерден бірдеңе сұрайын десең, жанына жолатпай, қатты зекіп, боқтап тастайды. Қамшы үйіретіндері де бар. Тіпті дауыс көтеріп жылауға да рұқсат жоқ. Көздері жаутаңдап үмітпен қараған он балапанымнан көз жасымды жа-

сырып, алдаусыратып, жұбатқандай боламын. Адамға – аштық емес, шарасыздық қатты батады екен. Қанша жанталассам да қос қозымды аман сақтап қалудың ешбір амалын таппадым. Екеуі де бірінен кейін бірі үзілді. Жоқтау айтқызбады. Мылтық ұстаған екі күзетшінің алдына түсіп, жалғыз өзім көтеріп апарып жерлеп келдім. Лагерьдің сыртындағы жонда қос төмпешік болып қала берді құлындарым. Қайтып келе жатып «балаларыма мұндай қорлық көрсеткенше, өліп тынайын» деп, сол жерден қашуға бел будым. Ендігі ойым сегіз баламмен бірге күзеттен сытылып шығу болды. Бір күні күзеттің жоқ екенін пайдаланып, түн қараңғысын жамылып қоршаудан шығудың сәті түсті. Түні бойы ештеңеге қарамай, жанұшыра жүгіріп бір жамағайынның үйіне жетіп жығылды. Байдың тұқымын жақындатып, биліктің қаһарына ұшыраудан қорықты білем, жамағайынымыз ақыры байыз тапқызбай, бес-алты күннен кейін қуып шықты.

Сонымен барар жер, басар тауым жоқ, бір топ баламен улап-шулап далада қалдым. Елдің жағдайын жақсы білетін жасы үлкен адамдар «Мұқыштың келіні, қамаудағы Қасымның келіншегі екенінді білетін өкімет сені бұл елде тыныш қоймайды. Ресейге, Сібірге кетіп, сол жақты сағала» деп ақыл берді. Менің төркінім тәркілеуге бір-екі күн қалғанда Омбы облысына қашыпты. Соны естіген соң ең болмаса қалған балаларымды сақтап қалайын деп, Сібірге жетіп, сол жерде Ахметжан аға мен әкенді күтуге бел будым.

Өз басың болса бір сәрі, жас баламен жол жүру

қандай қиын. Оның үстіне бұт артар көлігің жоқ, жаяусың. Таң атқаннан басталған ыстық күн бойы бір қайтпай, жердің апшысын қуырып жібереді. Қайта сол кезде әудем жерден бір кездесетін шок тоғайларды көлеңкелеп жан сақтадық (*бұл тоғайлар кейіннен тың игеру кезінде түгелдей отап тасталды*). Жолыққан өзен, көлден, деревняның құдығынан су ішіп, шөл басамыз. Шағын торсықтарымызға су толтырып аламыз, бірақ ол да ұзаққа жетпейтін еді. Кеш батып, ымырт үйірілсе, шыбын-шіркей мен маса талайды, күндіз ірілігі бармақтай соналар маза бермейді. Жол соққан әрі әлжуаз балапандарымның оларды қағып, қорғанатындай не шамасы бар. Әйтеуір, біртіндеп жылжи беру керек. Жолда бірнеше рет қасқыр кездесті, әйтеуір тиіспей, жөніне кетті. Шынында, сол кезде жыртқыш аннан гөрі «қызылдардан» көбірек қорқатын едім.

Не де болса, күздің қара суығы басталып, алғашқы қар түскенше Ресейдің бір деревнясына жетіп алу қажет еді. Жанымда сегіз балам бар. Он жастан үлкен балаларым тәулігіне ары кеткенде он, он бес шақырым жол жүре алады. Оның үстіне әбден тозығы жеткен аяқ киімдері жыртылып, тегіс жалаңаяқ қалды. Балаларым да біршама жүдеп, сылынып, әлсіреді. Көп жүруге шамасы келмей, жылай беретін. Әсіресе бала кезден дімкәстігі бар бес жастағы қызым қатты қиналды. Ұзақ жолды көтере алмай, дем алуы қиындай бергесін, арқалап алдым. Басын көтеруге шамасы жетпей желкеме сүйеп, сұлқ жататын. Сол жатқан күйі дыбыс

шығармастан жүріп кетіпті. Бұл кезде Қызылжарға апаратын жолдың жартысына келіп қалып едік. Ұзақ жылап, аза тұтып отыратын жағдай жоқ, жасымызды ішімізге жұтып, жолға жақын жердегі бір деревняның шетіне жерлеп, білгенімді оқып, әрі қарай жолға түстік.

Ендігі уайымым **«Бай қалада»** жатқанда іш ауруға шалдыққан балам болды. Әлсірегені соншалық, аяқ-қолы тартыла берді, соңынан тіптен есінен танып қалды. «Бұл құдайға не жаздық» деп боздап келемін. Қайта алдымыздан бір ауыл кездесіп, соның шетінде тұрған үйдің иесі, егде тартқан қазақ әйелден ес жиып алғанша, екі-үш күн мал қорасын паналай тұруды өтіндім. Ол да қолымдағы баламды, шұбырған түрімізді көріп аяп кетті білем, рұқсат бере қойды. Қораның қилы табанына сабан жайып, үстіне көне киізді төсеп, бар баламды жайғастырдым. Таңертең тұрғанда жерде емес, мамық төсекте жатқандай, әл жинап қалыппыз. Сұрастырып қарасақ, Қызылжарға таяп қалған екенбіз. Бірнеше күннен кейін ауру балам да есін жимаған күйі жан тапсырды. Сол ауылдың ортақ зиратына жерледік. Бізді тұрақтап қалады деп қорықты ма, үй иесінің баласы «енді кетіндер, әйтпесе милицияға айтамын» деп, тізе бүгуге мұрша бермей, корадан шығарып жіберді.

Жазған құлда шаршау бар ма, қайтадан белімізді буып, боқташығымызды арқалап, жолға түстік. Лагерьден қашқан «қылмыскер» деген атым бар, оның үстіне қара басым емес, қарайған балаларым бар, күн жарықта қызыл әскер немесе милиция кездесіп қала

ма деп қорқып, қара жолмен жүрмедім. Омбыға жетсек, туыстарымды тауып алармын деген үміт бар, сол жақты бағыт тұтып, бір деревнядан екіншісіне жетіп, қыбырлай бердік. Далада, орманда, сызды жерде түнеп шығуға тура келді, астыға төсейтін төсенішіміз де, бүркенетін жамылғымыз да жоқтың қасы. Шөп жұлып, бұта сындырып төсеп амалдаған боламыз. Кейбір деревняларда құдайға қараған адамдар қорасына қонып шығуға рұқсат беретін.

Күлбән қызым сол кезде 12-13 жаста. Елдің көзіне ілінуге жарап қалған. Бір жағынан соны, екінші жағынан амандығын ойлап, жөні түзу адамдар кездессе, уақытша қалдырып кетейін, арғы жағын көрерміз деп келе жатқанмын. Тілегімді құдай берді ме, иманжүзді қазақтарға тап болдық. Үлкен жастағы ерлі-зайыпты кісілер екен. Соларға бар жағдайды айтып, «кейіннен әкесі келіп алып кетеді, ал егер әкете алмаса, өзімнің қызым деп санап, қолдарыңнан күйеуге ұзата беріңдер» деп, Алла алдында уәдесін алып, тапсырып кеттім. Қызымды көндіру қиын болды. Қосылып жылап, ұрсып жүріп, оның да ретін келтірдім. Сол үйдің иелері бізді атқа мінгізіп, Есілден әрі өткізіп салды. Кейіннен әкелерің келген соң менің айтқан жобаммен іздеп барып, сол отбасыны тауып, қызымызды қайтарып әкелді. Алла разы болсын, солар болмағанда Күлбәнім тірі қалар ма еді, қалмас па еді...

Жолда кездескен селолар мен ауылдардың тұрғындары берген, сатқан нан мен картопты, жұмыртқаны, қысқасы, жеуге жарайтын азықтың бәрін

қалдырмай ала бердім. Әр балама жеке-жеке шағын қалта тігіп, соған азығын, торсыққа құйылған суын салып, мойындарына іліп қойдым. «Қызылдардың» көзіне түссем, қамап тастар деп қорқып, Қызылжар (*Петропавл*) қаласына кірмей, сыртынан айналып өттік. Кейде шаршайтынымыз сонша, аяқ басып жүруге әліміз болмай қалатын. Сондайда жолыққан арбакештерге жүзігімді, сырғамды, білезігімді, әкелерің тұтынған заттарды беріп, келесі деревняға жетіп қалатынбыз.

Сөйтіп жүріп өлдім-талдым дегенде Омбы облысына жеттік. Күз басталып, күн суытқан мезгіл еді, алдымен жаңбыр жауып, арты қарға ұласып кетті. Тіл білмейтін, қалтасында соқыр тиыны жоқ, бес баласын жетелеп қаңғып жүрген қазақ қатынын ешкім үйінің маңына жолатпайды. Бір орысқа артынан қалмай жалынып жүріп жалдандым, соның ақысына ішіне от жағылмайтын, азынап тұрған жер кепесіне қыстап шығуға рұқсат етті. Обалы не керек, үй иесі болар-болмас нан мен картоп берді, бірақ сонша бала қойсын ба, бір сәтте-ақ тәмам қылды. Сондықтан күн демей, түн демей, табылған жұмысты талғамай істей бердім, мал бағып, қора тазаладым, ағаш кестім, кір жудым, қар күредім, диірмен тарттым. Ақысына тамақ алып, балаларымды асырадым.

Сол жылы қыс әдеттегіден ерекше суық болып, қар қалың түсті. Жатқан жерімізде жөнді төсеніш, балаларымда жылы киім жоқ. Қожайынның қас-қабағын бағып, жұмсаған жағына жүгіріп әлекпін. Жарытып

Отдельно мы выделили категорию ишанов – лиц из числа мусульман, обладавших даром целительства. Эти духовные лица, окончившие медресе, имели особое влияние и авторитет среди населения. В отсутствие профессионального медицинского обслуживания, ишаны практически были теми, кто оказывал первичную помощь при несчастных случаях, они лечили душевнобольных, и не только. В ситуации тревожности, коллективного страха, что доказывается прошлой историей казахского народа, именно ишаны способны были успокоить окружающих и возглавить социальный протест.

Итак, в списке лишенных избирательного права по Актюбинскому округу категория «ишаны» вынесена в начало списка.

Ишанов указано было семнадцать человек (*см. таблицу 3*).

Табл. 3.

Из Сводки Актюбинского губотдела ОГПУ о лицах, лишенных избирательных прав (по казахским населенным пунктам) с 1 января по 23 января 1927 года

№	Фамилия и имя	Духовное звание	Аул, уезд
1	АБАНИЕВ Алокар	Ишан	Аул № 9 Эмбо-Темировская волость
2	АЙЛИТОВ Жүздубай	-«-	№ 6 Эмбо-Темировская
3	АКТАНОВ Шүлан	-«-	№ 1 Темир-Уркачевская
4	БИТИМБАЕВ Абдулла	-«-	№ 7 Эмбенская
5	БАМАМБЕТОВ Сүлейман	-«-	№ 4 Эмба-Мугоджанская
6	ДОСМАГУЛОВ Жуламан	-«-	Актюбинский уезд, Аул № 7, Талдинская волость, с. Канды
7	ДОЩАНОВ Габдулла	-«-	Аул № 1 Темирский уезд, Чили-Сагизская волость
8	ЖАМАНСАРИН Айнагул	-«-	№ 7 Чили-Сагиз. волость
9	ШАКЕБАЕВ Абдулла	-«-	№ 2 Темир-Уркачев.
10	ИСТЛЕУОВ Сагидулла	-«-	№ 1 Джигиндин.
11	КОШМУХАМЕДОВ Мухаметдин	-«-	№ 1 Темир-Уркачев. волость
12	КУЛМАГАМБЕТОВ Айтхожа	-«-	№ 2 Темир-Уркачев. волость
13	КУЙШУБАЕВ Мирман	-«-	№ 2 Актюбинский уезд Тереклинская волость
14	НАУРУЗ-ГАЛИЕВ Ибат	-«-	№ 2 Темирский уезд
15	ТАШКЕНОВ Баймагамбет	-«-	№ 2 Эмба-Темирская волость
16	ТАУБАЕВ Темагомбет	-«-	№ 6 Эмбо-Мугаджарск.
17	СЕЙТГАЗЫЕВ Дошан	Ишан	№ 3 Карак-Картак..
			ГААО.Ф.3. Оп. 2. Д. 60. Л. 85 об.

Приведенный список – лишь капля в море, аналогичных списков по округу и республике.

Помимо этих, открытых нарушений прав личностей, в исследуемый период по ложным доносам, обвинениям преследовались члены семей служителей ислама. Достаточно показательный фрагмент Отчета секретно-политического отдела, Актюбинского областного отдела ОГПУ под названием «О продовольственных затруднениях в Тургайском районе» (ГААО. Ф. 13. Оп.3. Д. 383). В этом документе за 1934 год под грифом «Совершенно секретно» содержится такой абзац:

«В аппарате Тургайского РайЗО работает Сагимбаев Латып, сын крупного бая и хаджия. Отец последнего Сагимбай репрессирован органами ОГПУ за участие в Каракупской банде 1929 г., и неизвестно, где в последнее время находится. Сагимбаев Латып устроился на работу благодаря поддержке одноаульца, тоже сына бая Сатыбалдина Аргимбая, работающего Инструктором РайЗО» (ГААО. Ф. 13. Оп. 3. Д. 383. Л. 7).

За то, что коммунист-казах женился на дочери хазрета, муж получал партийное взыскание и исключение, и за то, что он сам был сыном хазрета-лишенца из аула №17, Сисенов Сыдык. 1900 г.р., был исключен из партии (ГААО. Ф. 639. Оп. 1. Д. 34).

5. Официальные списки, справки нередко грешат опечатками; скорее всего, их составляли машинистки, секретарши, не владевшие казахским языком. То было последствие формально осуществленной по всей республике «коренизации», и сотрудников, владевших казахским языком, было явно недостаточно. Соответственно, имена и фамилии коверкались. Тогда как заявления, что были составлены собственноручно выселенцами на арабской вязи, нуждались в переводчике; на заявлениях карандашом сделаны приписки на русском языке. Переводивший лишь кратко излагал суть просьбы (заявления) и указывал фамилию заявителя, откуда он прибыл, район и округ, на полях заявлений.

Как показало исследование, по мере прибывания выселенцев, Актюбинским окружным земельным

управлением (*ОкрЗУ*) составлялись списки прибывших (*ГААО. Ф. 9. Оп. 1. Д. 2. Л. 21*). Надо отметить, что списки составлены были второпях, с искажениями ряда имен, фамилий, к примеру, фамилию высланного из волости Нуртазы Кемелева записали как «Камелов Нуртаза». То, что прибывших фиксировали по факту их явки, выявило впоследствии то факт, что кое-кто из тех, кто был выселен из Петропавловского округа, в Актюбинск не прибыл. В той спешке и суете, которые были навязаны директивами из Кызылорды, этому удивляться не приходится.

Все перечисленные выше действия власти вызвали закономерный протест со стороны передовой интеллигенции. В Актюбинске в декабре 1928 года единолично выразил протест и подал заявление в ОК и в ЦКК на имя Ярославского, о выходе из партии, Баржаксин Ахмет. Уроженец Атбасара, 1897 года, работавший заведующим окружным статотделом. Его обязали участвовать в конфискации баев. На заседании парттройки ЦКК ВКП(б) и Краевой Контрольной Комиссии ВКП(б) 9 апреля 1929 года А. Баржаксина исключили из партии «как разложившегося элемента» (*ГААО. Ф. 9. Оп. 1. Д. 621. Л. 4*). Мотивировка была следующая: «обвиняется в игнорировании профсоюзной организации, не состоит членом профсоюза более года, отрыве от партии и идейном шатании в кооперативной политике партии» (*ГААО. Ф. 9. Оп. 1. Д. 621. Л. 4*).

Заклучение.

В числе подвергшихся конфискации так называемых «социально чуждых элементов» – баев и кулаков, как в данном случае, осенью 1928 года по всему Казахстану оказались и те, кто к тому времени успел совершить одну из важных заповедей пророка Мухаммеда, а именно: хадж в Мекку. Соответственно, эти люди в обычное время читали намаз и соблюдали другие предписания мусульманской религии. Однако, будучи ранее лишены избирательных прав, они вновь подверглись наказанию (*бойкоту, конфискации, высылке*) за свои убеждения. Такие лица, в приобретенном статусе кажы, были и в составе высленных из Петропавловского округа в Актюбинскую область. Но и по месту прибытия их унижали, не считаясь с их верованиями, поскольку во всех регионах республики к концу 1920-х годов всю разворачивалась кампания борьбы с религиозными проявлениями, закрывались мечети и церкви. Об этом отчетливо сообщают информации из периодической печати Актюбинского, в частности, округа. В самом Актюбинском округе на тот же период «своих», местных баев и мулл, ишанов, хазретов высылали «по разнарядке» в Каркаралинск. Эта волна миграции внутри республики испытывала аналогичные проблемы, многочисленные жалобы с требованиями справедливости, возвращения незаконно отнятого имущества отложились в фондах регионального архива.

Анализ позволил прийти к однозначному выводу,

что высланные из одних округов в другие, бай, ишаны, муллы, кажы в период «Малого Октября» (1925-1933 гг.) подвергались двойной и даже тройной экзекуции: экспроприации земли и имущества; силовой депортации; лишению права свободы совести или вероисповедания. Безусловно, все это отрицательно повлияло в первую очередь на здоровье людей, преимущественно пожилых, отнимало их силы, и многие поэтому покинули этот мир раньше срока. Не имея по прибытии достаточного инвентаря, жилья, имущества, пропитания, на земле предков они ощущали себя несправедливо ограбленными, брошенными на произвол судьбы. Им ставили в вину их происхождение, их веру, наконец, их знания, трудолюбие и бережливость. Члены их семей также подвергались унижениям и должны были отречься от отцов-хазретов, или своих супругов-дочерей хазретов и проч.

Протесты ишанов, а также казахских коммунистов, как Ахмет Баржаксин, сознательно вышедших из партии в декабре 1928 год, – проявление личного благородства и мужества.

Источники:

ГААО – Государственный архив Актюбинской области.

РГАСПИ – Российский Государственный архив социально-политической истории.

Литература:

Абдығалиев Б. Войско Алаш. А., 2017. 416 с.

Кеңес, 2023 – Кеңес дәуіріндегі Павлодар өңіріндегі ислам // Павлодар облысы орталық мешітінің ресми порталы. URL: <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/kenes-dauirindegi-pavlodaronirindegi-islam-8791>).

Мұқанов, 2012 – Мұқанов Қ.М. (*құраст.*) Халқы қадірлеген қайраткер Қошан Жантілеуов. Петропавл [б. ж.], 2012. 375 б.

Мұқанов Қ. Елін сүйген азамат (*Абылай қажы Рамазанов туралы*). Астана, 2003. 112 бет.

Муканова, 2019 – Муканова Г.К. Сокровища из сундука Мамыр-апа // Северный Казахстан. 2019. Сентябрь 14.

Сафаров, 1921 – Сафаров Г.В. Из содоклада по национальному вопросу на X съезде РКП(б) (8 – 16 марта 1921 г.)*// Правда, 1921. Марта 12.

Степная правда, 1928 – Степная правда. Актюбинск, 1928-1930 гг.

Allen J. Frank, Gulag Miracles: Sufism and Stalinist Repression in Kazakhstan, Vienna: Austrian Academy of Sciences Press, 2019. 153 p.

Keller, 2001 – Keller, Shoshana. To Moscow, not Mecca: the Soviet Campaign against Islam in Central Asia, 1917–1941. Westport, Connecticut: Praeger, 2001.

Kindler, 2014 – Kindler Robert. Stalins Nomaden:

Herrschaft un Hunger in Kasachstan (Hamburg: Hamburger Edition, 2014.

Lynne, 2000 – Lynne, Viola. The Role of the OGPU in Dekulakization, Mass Deportations and Special Resettlement in 1930. University of Pittsburgh, 2000. No.1406. 50 p.

Mikhailov, 2014 – Mikhailov, Valeriy. The Great Disaster: Genocide of the Kazakhs. London: Stacey, 2014.

Ohayon, 2006 – Ohayon Isabelle. La sédentarisation des Kazakhs dans l'URSS de Staline. Paris: Maisonneuve et Larose, 2006.

Pianciola. 2009 – Pianciola Niccolò. Stalinismo di frontiera: Collonizzazione agricola, sterminio dei nomadi e costruzione statale in Asia central (1905–1936). Vicenza: Viella, 2009.

Shayakhmetov, 2006 – Shayakhmetov, Mukhamet. The Silent Steppe: The Memoir of a Kazakh Nomad under Stalin, (New York: The Rookery Press, 2006.

Алия Тоймахановна СУЛЕЙМЕНОВА,
Тарих ғылымдарының кандидаты
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының Астана қ. филиалы

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БОЛЬШЕВИКТІК
БИЛІКТІҢ ДӘСТҮРЛІ РУЛЫҚ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСТЫ ЖОЮ ШАРАЛАРЫ
(XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫ)**

Андатпа. *Кіріспе. (XX ғасырдың 30-жылдары)* көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды күштеп отырықшыландыру науқаны қазақ даласындағы дәстүрлі рулық қарым-қатынасты жою шараларының бірі ретінде жүргізілу механизмі талдауға алынды. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.* Мындаған жылдар бойы көшпелі және жартылай көшпелі дәстүрін ұстанған қазақ қоғамындағы рулық, тайпалық құрылымдарды реформалаудың кеңестік, большевиктік тәсілдерін анықтау. Отырықшыландыру үдерісін жүзеге асыру барысында Кеңестер Одағының қарамағындағы республикаларда (*қырғыз, тува, бурят және т.б.*) ғасырлар бойы қалыптасқан ақсақалдар, байлар мен манаптар, қауымдық қарым-қатынас, руаралық байланыс және т. б. дәстүрлерге қарсы жүргізілген іс-әрекеттерді талдау және зерделеу. *Зерттеу әдістері мен материалдары.* Мақаланы жазу барысында анализ және синтез, аналогия, қорытындылау, жүйелілік, салыстыру, сипаттау

және т. б. жалпы ғылыми әдістер пайдаланылды. Сонымен қатар арнаулы тарихи әдістер де қолданылды. Мәселелік-хронологиялық тәсіл тарихи зерттеудің кеңінен тараған түрі болып табылады. Осы әдіс арқылы Қазақстандағы XX ғасырдың 20-30 жылдарында жүргізілген отырықшыландыру үдерісінің кеңінен тараған күрмеулі мәселесімен қатар зерттеуші назарынан тыс қалып келген ұсақ мәселелер де хронологиялық бірізділікпен тарата қарастыруға мүмкіндік берілді. Бұл өз кезегінде отырықшыландыруға көшіріу барысында жүргізілген жұмыстар басшылықтың белгілі бір тарихи құрамдастықты басшылыққа ала отырып, іс-әрекеттерін қисындастыра жүргізгендігін байқатады. Өткенді шолу әдісі беліггілі бір үдерістерді оқиғалардың қайтарма құрылымдарын бұрынғы хронологиялық шектегі оқиғалармен бірлестіре отырып зерделеуге ықпал етті. Салыстырмалы-тарихи әдіс көмегімен тарихи салыстырулар жасалды, жалпы және жеке, сандық және сапалық өзгерістер анықталды, ол хронологиялық сипатта (*түрлі жылдары*) және аумақтық негізде (*Қазақстанның түрлі аумақтарындағы*) жүргізілді. Мақаладағы маңызды әдістердің бірі нақты-тарихи (*идеографиялық*) тәсіл арқылы бір немесе бірнеше дерек, мәселе дәйектеле отырып, оның өзіндік қыры мен ерекшеліктері жан-жақты талданады. Мақаладағы тарихи-типологиялық әдіс талдау барысында зерттеліп отырған құбылысты жіктеуге мүмкіндік береді. Мақала материалдарының негізіне қазақстандық архивтердің, арнаулы мемлекет-

тік архивтердің құпиясыздандырылған, жарияланған және жарияланбаған архивтік құжаттары жатады. Арнаулы мемлекеттік архивтердің құжаттары негізінде дайындалған құжатты жинақтардың деректері арқылы Қазақстандағы 30-жылдары жүргізілген саяси-экономикалық реформалардың барысындағы қазақтың мыңдаған жылдар бойғы дәстүрінің тамырына балта шабу жұмыстары жайлы баяндалды. Қырғыз, бурят, арат және т. б. тайпаларының дәстүрлі көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарының отырықшылыққа көшіру барысындағы орын алған зардаптар жайлы еңбектер сарапқа салынды. Нәтижелер. Қазақ даласында жүргізілген әлеуметтік, экономикалық реформалардың соны дәстүрлі ру-тайпалық құрылымдардың жойылуына, отбасылық әлеуметтік трагедияларға соқтыруы архивтік құжаттар мен фактологиялық деректер арқылы қайта қарастырылды. Ру-тайпалық құрылымның жойылуы ата-баба дәстүрінен алшақтауға, отбасылық құндылықтардың басқаша реттерде қайта қарастырлуы және т. б. сол сияқты қордаланған мәселелер әлеуметтік жаңа қырынан бағалануы тиіс. *Қорытындылар.* Большевиктік эмиссар Ф. Голощекиннің жүргізген Кіші Қазан революциясының көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру процесі барысында ру-тайпалық қатынастың жойылуына тарихи баға берілді. Аталған науқандарды жүргізу барысындағы қазақ даласындағы әлеуметтік, экономикалық шығындарға сараптама жасалды.

Түйін сөздер: қазақтар, отырықшыландыру, ұжымдастыру, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық, Кіші Қазан революциясы, Голощекин, седентаризация

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «ИРН:BR24993057 Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» іргелі ғылыми жобаны жүзеге асыру жоспарына сай дайындалды.

Кіріспе. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ру-тайпалық құрылымдар халықаралық, отандық тарихнамада кеңінен зерттелген тақырыптар қатарына жатады. Қазақ руларының пайда болуы, орналасу аралы, калыптасуы, құрамы мен сапалық қасиеттері жан-жақты қарастырылған болатын. Қазіргі таңда Қазақстандағы XX ғасырдың 20-30-жылдары жүргізілген саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалардың (*отырықшыландыру, кәмпескелеу, ұжымдастыру, жергіліктендіру және т.б.*) дәстүрлі қазақ қоғамының басқа бағытқа көшірулі жайында да деректер жаңаша сипатта зерделеуді талап етуде.

Мақаланың өзектілігі әр кезеңдерде жарияланған тарихи, ғылыми еңбектерде зерттеу нысанына айналған көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа көшу үдерісін жаңа көзқараста қорытындылау. Қазақстандағы билік басына келген большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекиннің «Кіші

Қазан» революциясының қазақ жеріндегі жүргізілуі көршілес мемлекеттердің шаруашылығымен салыстырыла қарастырылды.

Жұмыстың жаңалығы – қазақтың ру-тайпалық бөлінісінің ыдырау үдерісіне қатысты мәселелер жаңа архивтік дереккөздер мен жарияланған материалдарға сүйене отырып, жан-жақты, терең зерттеу. Біріншіден, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақ жерінде ауыл шаруашылығын толық ұжымдастыру, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру барысында байлармен, молдалармен, ру басылармен, билермен күрес қалай жүргізілді? Большевиктік биліктің бұл бастамасы өлкедегі ауылдардың, көшпелі шаруашылықтардың күнделікті қарым-қатынасының дамуына қалай әсер етті?

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізі фактілер мен тарихи оқиғаларды нақты жағдайға сәйкес, олардың өзара байланысында қарастыруға мүмкіндік берген объективті қамту принципі болды. Жалпы ғылыми әдістер де (*анализ, синтез, жалпылау, индукция, дедукция*) қолданылды. Архивтік деректер мен жарияланған ғылыми еңбектерге талдау жұмысы жүргізілді. Мақалада жарияланған мәліметтер дереккөздерге, әлеуметтік-экономикалық мәселелерге қатысты елеулі еңбектерге сүйенеді. Кеңестік кезеңдегі көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың отырықшыландырылуы тарихына қатысты зерттеу еңбектер сыни тұрғыдан қарастырылды. Қазақстан Республикасы Президен-

ті Архивінің Бүкілодақтық Коммунистік (*большевиктер*) партиясының Қазақ Өлкелік комитетінің Бақылау Комиссиясының №719 қорының 1930–1932-жылдардағы істері, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің Қазақ АКСР Жер ісі Халық комиссариатының №74-қорындағы 1930–1933-жылдардағы істері қаралып, құжаттары сарапқа салынды. Сонымен қатар арнаулы мемлекеттік архивтердің құрамындағы құпиясыздандырылған құжаттары енгізілген жинақтардың фактологиялық деректері талдауға алынды.

Нәтижелер. Соңғы жылдары жарық көрген еңбектерде «Седентаризация процесі қазақ қоғамының шаруашылық жүргізу әдісін трансформациялап қана қоймай, құндылықтардың жаңа институттық жүйелерінің қалыптасуына ықпал еткені» айтылады (*Смағамбет, Тлеспаева 2019*).

Ресей империясының билігі қазақ жерін қол астына қаратқан соң, жан-жақты мәліметтер жинастыру үшін, ел арасына түрлі экспедициялар жіберуді қолға алғандығы белгілі. Империялық билікте көшпелілерді отырықшыландыру мен шаруалардың қоныс аударуына қатысты түрлі пікірлер болды. Орал әскери губернаторы Ставровский қазақтар шөлейтті даланы тиімді пайдаланатын мықты малшылар деп есептеді. Олардың шаруашылықтарында өндірілген өнімдер нарықта да, әскерде де сұранымға ие еді. Оның пайымдауынша қазақтардың жер өңдеуге кірісуі және дәстүрлі көшпелі шаруашылықпен айналысатын ау-

дандарда жатақтар табының пайда болуы қазақтардың кедейленуіне әкеледі деп есептеді. Орал облысының әскери губернаторы мен облыстық әкімшілігі өлкенің кең көлемдегі шаруалар колонизациясына қарсы болғанымен, мемлекеттік қажеттілік ретінде келісті. (Казиев, 2015: 237) Көшпелілер мәдениеті жайында түрлі ғылыми және ауызекі деректерді сарапқа салған еңбектерде жан-жақты пікірлер орын алды.

«Ауылдық құрылымдардың әлеуметтік ұйымдастырылуында негізгі тұғыр қауымдасу болды. Еңбек кооперациясы мен өзара көмектің нысаны ретінде алға шыға отырып, қауым өзінің әрбір мүшесінің өмір сүруін қамтамасыз етті. Оның негізінде патерниализм (*патер сөзінен алынған «әке, қолдаушы» ұғымында*) сияқты дәстүрлі институтты бақылауға болады, оның мәні қауымда өндірілген өнім жоқ жітіктерге бөлініп берілді. Қауым мүшесі қауымдық патерниализм арқылы өзіне егер қауіп төне қалған жағдайда өмір сүруіне қажетті ең төменгі күнкөріс көзін таба алатындығына, тиісті әлеуметтік кепілдемелерге ие болатындағына сенімді еді. Бұл кепілдемелер қайтарымсыз шарттармен ұсынылғанымен, негізінде пайдалану қатынасын білдіретін. Бұл әрине ашық түрде жүзеге асырылмағанымен «өзара міндеттемелер» сияқты нысанға тән еді. Қауымның қатардағы мүшелері ауыл басшылығынан (*патрондардан*) түрлі көмек ала отырып (*тұқым, құрал-жабдық және т.б.*) тұрақты пайдаланушыларына айналды. Олардың өздеріне қажетті мұндай қызмет түрлерін алуы еңбекпен ғана өтеліп қойған жоқ, моральдық

ризашылық түрімен төленіп отырды (*Абылхожин, Ерофеева, Масанов, 2007: 237, 238*).

Зерттеуші Г. Орынбаева 1920–1930 жылдардағы қазақ қоғамының өмірі мен тұрмыстық жағдайы жайлы жарияланған еңбектерге жасаған шолуы аталған кезеңнен ақпарат береді. Ғасырлар бойғы ескі зандармен қазақ қоғамы өмір сүріп келгендігін алға тартады. Диваев. Брискин В.В. Востров, И.В. Захарова және т. б. еңбектеріндегі ғасыр басында жүзеге асырылған ұжымдастыру, отырықшыландыру және т. б. большевиктік реформалар жүргізілген кезеңдегі жарық көрген еңбектерде рулық қауымды ақсақал, дәстүрлерді жақсы білетін қариялар басқарғандығын, салт-дәстүрлердің өзгеріссіз сақталғандығын атап өтеді. Кеңестік биліктің тыйым салғанына қарамастан жалшылар еңбегінің пайдаланылғандығын, кек алу, құн төлеу үрдістерінің кездесетіндігі баяндалады. Кеңестік кезеңде жарияланған еңбектердің басым бөлігінде ауылды Қазан төңкерісі айналып өтті деген пікір басымдыққа ие болды. Қызыл отаулардың ел арасына шығып үгіт-насихаттар жүргізуі де елдің әлі де көшпелі қалыптан ауыспағандығын білдірді (*Орынбаева, 2020*).

Отырықшыландыру үдерісінің тек көшпелі, жартылай көшпелі қазақ шаруаларының арасында жүргізілуі, бұл үрдістен орыс, украин деревнялары мен селоларының сырттап қалуы, «артта қалған» көшпелі шаруашылықты өркениет жолына жетектеп апару сияқты қадамдар большевиктік биліктің қателіктерінің қатарындағы нәрсе.

Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі тұрмыстың бірнеше жылдың көлемінде жойылуы халықтың санасында өшпес із қалдырды. «көшпелі ауылдың дәстүрлі рулық құрылымымен «Үлкен адамдардың» ықпалының қиратылуы негізінен алғанда Ресей империясының қазақ даласына ендеп кіруінің нәтижесінде, ерікті немесе күштеп седентаризациялаудың жағдайында жүзеге асырылды. Зерттеуші С. Қазиев көшпелі ұжымдар жердің аздығынан, малдың шығынынан, жұттан немесе күшті қауымның қыспағынан отырықшы өмір қалпына амалсыз көшкен ерікті отырықшылану сипаттама-сы туралы тарихи тәжірибелердің орын алғандығын атап өтеді. Оның пікірінше жаңа өмір салтына көшкен малшының мәртебесі күрт төмендейді. Орыс немесе орта азиялық елді мекендерде тұрақты түрде тұратын отырықшы қазақтардың топтарын көшпелі туыстары шала қазақ және құрама деп атайтындығын алға тартады (Қазиев, 2015: 269, 270).

Көшпелі өмір салтына қарсы шабуылды большевиктік билік 1924 жылы бастағандығын тарихи деректер көрсетеді. Орта Азиядағы аграрлық және саяси қайта құрылымдар жүзеге асырылғаннан кейін басталды. 1924 ж. 17 сәуірде «Қазақ АКСР отырықшылыққа көшетін көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындарын жерге орналастыру туралы Ереже» бекітілді. Қарапайым жер көршілес жергілікті жартылай отырықшы егіншілік тұрғындарының отырықшыланған халқы кәдімгі егіншілікке қарағанда көбірек жер алды. Бұл норма оларға

қоныстанушыларға экономиканың жаңа түрін біртіндеп игеруге мүмкіндік беруі керек еді. Мемлекет көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы қазақ халқын жерге орналастыру шығындарын өз мойнына алды. Отырықшы шаруашылықтар несиеге он жылға бөліп-бөліп, бес жыл мерзімге тұқым несиесін алды, оларға тұрғын үйлер мен шаруашылық үй-жайларын салуға орман тегін берілді. Сонымен қатар олар бес жылға дейін мемлекеттік және жергілікті салықтардан босатылды (*Казиев, 2015: 276*).

Қазақ ОАК VII шақырылымдағы II сессиясының қазақ тұрғындарын отырықшыландыру жолдары туралы қарары төмендегі мазмұнды қамтыды:

«...қазақ тұрғындарын отырықшыландыру Қазақстандағы кеңестік биліктің ұлт саясатындағы ірі жетістігі болып табылады. Ауылдағы феодалдық сарқыншақтар мен рулық байланыс қалдықтарын жоюға жағдай жасайды, байлардың экономикалық қуаты мен саяси ықпалына нақты шабуыл жасайды, қазақтың еңбекші бұқарасының мәдени деңгейінің көтерілуіне мүмкіндік береді.

11. қазақ халқын жерге орналастыру, отырықшыландыру, және колхоз құрылысы ауылдың байатқамінер қабатына шешуші соққы берумен қатар жүргізілуі тиіс (*байларды, атқамінерлерді колхоздарға жолатпау керек және жерге орналастырмау керек*)» (*ҚР ОМА. 74-қ. 11-т. 70-іс. 108–109-қ н.*).

Архив деректерінде көрсетілгендей: «Көшпелі және жартылай көшпелі жүйені сақтау бай кедейлер-

ді қанаудың, одан да ауыр қанаудың көзі болып табылады, өйткені ол негізінен ауыл ішіндегі қоғамдық қатынастардың капитализмге дейінгі, жартылай патриархалдық, жартылай феодалдық формаларында көрінеді. Бұл қанауды жою артта қалған шаруашылық нысандарын түбегейлі бұзбай, шаруашылық жүргізудің неғұрлым мәдени нысандарына көшпей жүзеге асыру мүмкін емес. Көшпелі экономика және көшпелі өмір – бұл экономикалық және мәдени деңгейдің көтерілуіне және социалистік құрылыстың жалпы процесіне қазақ кедейлігі мен ортағасырлық деңгейді жоюға ең үлкен кедергі.

Мұның бәрі Қазақстандағы социалистік құрылыстың негізгі проблемаларының бірі ретінде қоныстану туралы мәселені қоюды талап етеді. Тұндыру мәселелерін ойдағыдай шешу партияның ұлттық саясатының орасан зор жетістігі және партияның Х съезінің қаулысын жүзеге асыру болып табылады». Коммунистік биліктің қарарлары мен нұсқаулықтары, директивалары осы максатта үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, өз бағыт-бағдарларын ақтап алуға тырысқандығы анықталып отыр (*ҚР ОМА. 74-қ. 11-т. 70-іс. 115-н.*).

Ұжымдастыру мен отырықшыландыру үрдістері бір мезгілде қатар жүргізілгендіктен, кеңестік биліктің нұсқаушылық құжаттарында осылайша көрсетілді: «Осы ережеге сүйене отырып, экономиканың көшпелі түрінде нақты колхоз салу мүмкін емес, кез келген отырықшыландыру ұжымдастыру болып табылады, бұл форманы керісінше қайрау керек, яғни

ұжымдастыру – бұл отырықшыландыру. Сондықтан Аягөз ауданы 1932 жылғы отырықшыландыру жоспарына кең көлемде енгізілуі керек деп санау керек». Бұл талапты Аягөз ауданын зерттеу жөніндегі арнаулы комиссия Қазақ өлкелік комитетінің басшысы Голощекинге, өлкелік Бақылау комиссиясының басшысы Фектерге, ОГПУ басшысы Мироновқа аса құпия түрде жолдаған (*ҚР ПА. 719-қ. 3-т. 178-іс. 10–13-н.*) (*Саяси қуғын-сүргін..., 13-т. 2022: 176*).

БК(б)П Қазқ Өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф. Голощекиннің БК(б)П ОК Бас хатшысы И. Сталинге 1927 жылғы 7 ақпандағы қазақ ауылын кеңестендіру туралы жазған хатында жүргізіліп отырған саясаттың бес мәселесін атап өтеді. «... Үшіншіден, біз орыс ауылының ерекшеліктерін ескере отырып, рулық қатынастың қалдықтарының, рулық қатынастардың, рулық күрестің, көшпелі және жартылай көшпелі өмірдің болғандығына назар аудардық. Төртіншіден, біз орыс ауылынан ерекшеленетін ауылдың әлеуметтік-экономикалық қатынастарының ерекшеліктеріне сүйендік, өйткені революцияға дейінгі ескі көзқарасқа әсер етпеді, күшті рулар мен байлардың экономикалық және саяси үстемдігін толығымен қалдырды. Ауылда Кедейлер комитеті болған жоқ, орташалау және т. б. байлар өзінің экономикалық күшін ғана емес, сонымен бірге рулық қатынастарды да пайдаланады» деп көрсетеді (*Алашорда ісі. 1920–1940 жж., 1-т. 2023: 572 б.*)

Қазақстан басшылығын қолға алып, асаудың

бас жүгені, ноктасы қолына тиген Ф. Голощекин «Бұрынғы көшпелі шала көшпелі артта қалған мәдениетсіз ауыл енді болмайды, болмауға тиіс те. Ол ауылдың орнын колхоздасқан жаңа қазақ ауылы алуы тиіс. Европа жұртының құрылыс түрі мен поселкеге ұйымдасқан ауыл басуы керек, бұл өзгерген ауылдың мал шаруашылығы туралы фермелер түріне түседі, мұндағы мал шаруашылығы жиылған азық, жемге сеніп өркендейді. Малдың азық, жемі дала шебі ғана болмай, екпелі шөптер, суармалы жемдер қолданылады» деп түсіндіруге тырысты.

Отырықшылыққа көшкен елдің жағдайына «Қазақ шаруаларының жейтін тамағы астық, огород, бақша жемістері, май болады. Тұрмысқа монша, мектеп, құлып енеді. Қазақ шапан мен ескі қой терісі тонды тастап Европа киімін киеді, қазақ жаппай сауаттанып техникаға жетіледі, мәдениетті өркендетеді» деп жоспарлады. Ауыл осылай болуға қарап отыр деп үміттенеді (*Голощекин, 1931: 23-б.*). Эмиссар Голощекиннің қазақ ауылы мен орыс деревнясын салыстыру ретіндегі түсінігінде ауыл әлі советтенбеген, 1927 жылы рулық қатынастар мен байлардың ықпалында, мұндай күйде оған алаштық идеологияның үстемдік етуіне жол ашық деп есептегендігін академик М. Қойгелдиев атап өтеді. Кеңестік басшылықтың қазан революциясына дейінгі қазақ өміріне деген көзқарасын сынға алып, жаңа өмір сұраныстарына іліп алар ештеңесі жоқ анахронизм есебінде тарих қойнауына ысырып салу ниеттерін атап көрсетеді. (*Қойгелдиев, 2020:*

97). Европалық большевиктер рулық санаға тарих ағымында қоғамдық сұраныстан туып, ұлт өмірімен бірге өзгеріске ұшырайтын құбылыс ретінде емес, қоғам өміріне жабысқан бәле, бақытсыздық есебінде қарап бағалады.

Кеңестік кезеңде рулық сана мен коммунистік сананың өзара қайшылыққа келуі толық табиғи құбылыс болатын. Жеке тұлға кеңестік шындық жағдайында қызметін ру өміріне емес, коммунистік принципке сүйенген ұжым мүддесіне бағындыруға тиіс болды.

Неміс зерттеушісі Р. Киндлердің еңбегінде көрсетілген босқынға ұшыраған ел арасында босқын руымен бірге коммунистің де босып бара жатқан көрінісін мысалға келтіре отырып, академик тарихшы Ф. Голощекин мен большевизм теоретиктерінің рушілік өмірді, оның сырт көзге көріне бермейтін қырларын түсіне алмағандарын, рулық қатынастардың ескірген жағын қоюлатып баяндау большевизмнің миссиялық идеологиясына сай екендігін атап өтеді (*Қойгелдиев, 2020: 103-б.*).

Сыр өңіріндегі шаруалардың басым бөлігі егін шаруашылығымен айналысқандығы, отырықшылық күйін кешкендігі белгілі. Қазақ қайраткерлерінің 1929 жылғы саяси қуғын-сүргіндер кезіндегі тергеу істерін шолу байқатқандай, олар өздерінің пікірлерін ашық білдіріп, аталған кезеңдегі оқиғаларға, реформаларға сыни сипатта қорытынды жасайды. Отырықшылыққа көшудің артықшылықтары мен кемшіліктері жайлы

қазақ зиялық қауымының арасында ашық пікірталастар жүріп отырғаны белгілі. Ә. Бөкейханов бастаған Алаш зиялылары қазақ отырықшылыққа көшсе өзінің туа бітті ерекшелігінен айырылып қалады деп есептеді. Ал Сыр өңіріндегі отырықшылыққа көздері қанып өскен зиялылар осы күйді қолдады.

Қ. Қожықовтың 1931 жылғы 22 сәуірдегі тергеу ісін хаттамасынан аталған тақырып бойынша пікіріне талдау жасалды. Қоңырқұлжа Қожықов: «Менің арманымның бірі – көшпелі халықтың отырықшылануы менің өмірімде аяқталады. Бұл мәселе бойынша ескі қазақ зиялыларының арасында екі ағым болды. Бөкейханов бастаған дала аймақтарындағы зиялы қауым қазақ халқының отырықшылануы оны ерекше жағдайларда жойылып кетуге әкелетінін айтты. Мен және Лапин, яғни Сырдария жұмысшылары отырықшыланудың жағында тұрдық. Осыған байланысты Бөкейхановтың бұл пікірін мен дұрыс деп есептеген емеспін, алайда өмірдің қысымымен ол өз ойын өзгертті. Кем дегенде 1920 жылы Орынборда мен одан отырықшыланудың қажеті жоқ екендігі туралы пікірестідім. Көшпелілердің Қараспанға, Иіржар ауданына (*Қоңыратауыл*) қоныстануының алғашқы рет жүзеге асырылуы менің белсенді қатысуыммен өтті. Қызылқұм қазақтарының Шардараға отырықшылануында мен аса маңызды рөл ойнадым. Мен олардың өкілдерін Оғызарықты қазу және оны суландыруға пайдалану туралы ойға жетеледім, олардың Оғызарықты өткізу туралы шешімі халық комиссарларына келіп түскен кезде, Серғазиев

жодасқа мен өзімнің дәлелді қорытындымды берген сәтте оларға рұқсат етті. Бір кездері (1925 ж.) қазақтар тартынып, арықты қазу жұмыстарын тастағысы келгенде, Серғазиев үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін Балғаевты да, мені де жіберді. Әулие ата уезіндегі Ағашақ болысының 60 көшпелілер шаруашылығын Шаповаловка кентінің маңында отырықшы жерге ауыстырдым. Мен көшпелілердің отырықшылануы үшін Отырар даласын суландыруды армандадым, бірақ бұл арманым жете алмадым» деп ағынан жарылады (*Алаш ісі. 1920–1930 жж., 7-т. 2023: 562,563*).

Ғылыми әдебиетте көшпелі және жартылай көшпелі қазақ қожалықтарын отырықшылықтандыруға катысты сандық көрсеткіштерде бірізділіктің жоқтығы М. Қойгелдиевтің еңбегінде көтеріледі. «Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 жылы 6 қарашада «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы қарарды бекіту» жөнінде мәселені арнайы талқылап, 1929–1930 жж. «отырықшыландыру аудандарындағы қожалықтардың барлығының кем дегенде 12%-ын қамту» міндетін қойды. Зерттеуші Т. Омарбековтың есебіне сүйенсек, бұл үрдіс шамамен 700 мың үстіндегі көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруалары қожалықтарының 84 мыңнан астамын қамтуы тиіс-гін, 1930 ж. 15 тамызға тиесілі ресми дерек бойынша отырықшыландыру жұмыстары 58507 қазақ қожалығын қамтыған, анығырақ айтқанда, Қазақстанда жедел де жаппай отырықшыландыруға қажет даярлық жұмыстары жоқтың қасы еді. Ең негізгісі

бұл жұмысты жүргізуге мүмкіндік беретін қаржы Одақ және республика қазынасынан табыла қоюы екіталай-тын. Одақтық бюджеттен қазақ қожалықтарын жерге орналастыруға бөлінген 1400 мың сом ақша (*әрбір қожалыққа 120 сомнан*) тұрғын үйге, мал қораларын салуға, шаруашылықты жүргізуге қажет техникалық құралдарға мұқтаж қазақ шаруасының түгіне де жарамайтын еді» (*Қойгелдиев, 2020: 205, 206*).

1931 жылғы 24 ақпанда қабылданған БК(б) П Қазақ өлкелік комитеті бюросының «БК(б) П ОК желтоқсан Пленумының «Ұжымдастыру және байлар мен кулактарды тап ретінде жоюдың келешек тәжірибесі туралы» қаулысында рубасыларға қарсы күрестің түріне арнайы тоқталып өтеді. «Мал шаруашылығын социалистік бағытта қайта құру, отырықшыландыруды ұлғайту іс шараларын жүргізу ТОЖ (*мал шаруашылығы бірлестіктерінің серіктестіктері*), яғни колхоздардың қарапайым үлгісін, өндірістік кооперацияландыруды талап етеді. Бұл міндеттерді жүзеге асыруға және ауылды толықтай кеңестендіруге рулық қатынастардың қалдықтарымен күресу, рудан тыс кеңестер, рудан тыс колхоздар үшін рудан тыс сипаттар бойынша ауданішілік бөліністерді өзгерту міндеттерін шешу қажет. Байлар мен ауқаттылардың басшылығының салық салу, дайындау шараларын жүргізудегі қанаушылық мақсаттарын жою және шектеу, кей жағдайларда кәмпескелеу, аудандардан жер аудару арқылы рулық қатынастарды сақтауға тырысқан, кеңестік іс-шараларға қарсы шыққан ру старшында-

рын, ақсақалдарды, ірі байларға қарсы қатаң күрес жүргізу қажет. Барлық іс-шаралар ауылдың батырақ-кедей, орташа қауымын руаралық ұйымын құру арқылы жүзеге асырылуы тиіс» деген мазмұнда құпия қаулы қабылдады (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5073-іс. 1–3-п. *Саяси қуғын-сүргін ...*, 2022).

Зерттеуші И. Огайонның еңбегінде адай руының отырықшылануы жайында жан-жақты тарқатылып баяндалады. Қазақстанның оңтүстігіне орналасқан мақта шаруашылығымен айналысатын Иіржар ауданының колхоздарына орналастыру арқылы Түркіменстан адайларының отырықшылыққа көшуінің жоспарын ортаға салады. Бұл бағдарлама 1929 жылдың соңында жүзеге асырыла бастаған, аяқталуы 1930 жылдың ортасы деп көрсетілді. Осы мақсатта Қазақстан ХКК Көші-қон жөніндегі Басқармамен бірлесіп Түркіменстанға арнаулы өкілді аттандырды. Өкіл түркімен басшылығымен бірлесіп адайларды қайтару және оларды отырықшылыққа көшшіру үрдісін кешенді түрде ұйымдастыруы тиіс болды. 1930 жылы сәуірде Түркімен ОАК аудандық атқару комитеттері мен ауылдық кеңестерге адайлардың барлығы ақаз өкілетті өкілі Ғаббас Жетпейісовтың юрисдикциясына өтетіндігі туралы қатынас хат жолдады. Оларға Түркіменстанның әрбір ауданы бойынша адайлардың есебін алу, топтардың әлеуметтік құрамы туралы наықтаманы міндетті түрде ұсыну және бұл туралы Қазақстан ХКК өкілін хабардар ету тапсырылды. Тапсырма жарым-жартылай ғана орындалды.

Ғ. Жетпейісов Красноводскіге келгенде адайлықтардың 300 отбасын ғана көре алды. Алғашында олар қаллаға тікелей көшірілді, одан кейін мал иелері Красноводск маңындағы қырға қайта оралса, мал-жанынан айырылған қалған 203 отбасы портқа немесе темір жолға қара жұмысшы болып жалдануға мәжбүр болды. Еркектердің басым бөлігі бір айға жалданды, көпшілігі күндік аз ғана жалақыға жұмыс істеді (*Огайон, 2009:169*).

Қырдажасырынып жүргенадайлардың бір бөлігі Иіржар ауданының колхоздарына мүшелікке өтуден қашып жүрді, ол жақтан 15 отбасы қашып кеткен, олар жүрген жерлерінде мақта өсіретін аудандағы адам төзгісіз жағдайлар туралы түрлі ақпараттар таратты. Иіржар ауданындағы мигранттар арасындағы азық-түлік және санитариялық жағдайлар туралы нақты куәліктер мен отырықшыланған колхоздардағы қуғындау шаралары жайындағы әңгімелер наразылықтардың себептеріне айналды. Қаррапайым халық бұл шаралардың барлығы рулық ынтымақтастықты жоюға бағытталған деп ойлады, себебі туыс отбасылар колхоздардың түрлі бөлімшелеріне орналастырылып, топтарды ықпалды тұлғалардан тазалау жұмыстары жүргізілді. Ашаршылықтан қашқан Иіржар ауданына жіберілген адамдар Түркіменстанға қайтып оралғандарды көріп, адайлар мақта өсіру колхоздарына барудан бас тартуға үгіттеген деректер кездеседі. Ауылдарда өршіген жұқпалы аурулар, азық-түліктің жеткіліксіздігі, туыстардың өзара қарым-қатынатын ажырап қалуы

сияқты әлеуметтік-экономикалық ауыр жағдайлар халықтың басына қара бұлттай үйірілді.

Мигранттар қоғамын «әлеуметтік бөтен» элементтерден тазартуды көздейтін тазалау механизмі ең харизматикалық адамдарға, әсіресе колхоздардағы рулық сабақтастық қызметтерін қалпына келтіруге тырысқан ру басшыларына, сондай-ақ әлеуметтік тегіне қарамастан колхоздың бұйрықтарына қарсы шыққандардың барлығына бағытталды. Жетісай өңірі ұжымдастыру мен седентаризация кезеңінде малынан айырылған номадтарды орналастырудың ең тиімді орын ретінде қалып отырды. Себебі ауданның мақта шаруашылығына мамандануы көп жұмыс қолын талап етті (*Огайон, 2009:170*).

1933 жылғы 14 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Қармақшы ауданы «Қызыл кедей» колхозын шаруашылық-саяси тексерулер актісінде «ауыл мен колхоздың экономикалық күйреуі олардың құрамына антикеңестік элементтердің еніп кетуінің салдарынан» деп түйіндейді. Большевиктер партиясының ауылдық ұясының хатшысы Асқар Жаппасбаев – бұрынғы молда, колхоздың төрағасы Мұстапа Аусбаев – ірі байдың баласы, Қызылорда ауданының тұқым базасының қабылдаушысы Ахмет Нұршаев – 1933 жылы Қызылорда ауданында кәмпескеленген бай, еңбек бөлімінің меңгерушісі Байкемел Бақтыбаев – ата-бабасынан бері ру басы (*сот*), колхоздың қойма меңгерушісі Мазат Баймағамбетов – бай, сельпо приказигі Баймаханов, қойма қарауылы Менгелдиев

Қадырбай, Батйымбеков Ермахан – байлар деп біршама адамдарды тізіп көрсетіп келеді де, оларды «Қызыл кедей» колхозын жойып жіберу мақсатында колхоздың қоймасын өртеп жіберді деп айыптайды (*Алашорда ісі. 1920–1940 жж., 7-т. 2023: 294*).

1930-жылдардағы саяси-экономикалық реформалардың қазақ этносының тарихындағы алатын орны жайында С. Қазиев «жоғарыдан» жасалған күштеп модернизациялау елдегі миллиондаған адамның қайғы-қасіретіне алып келгендігі жайына тоқталады. Отырықшыландыру мен ұжымдастыру нәтижесінде пасторалды ұжымдардың тайпалық және этникалық сананың көбеюінің белгілі бір шаруашылық қалыпта және мәдени тәртіпте негізделген ежелгі механизмдері жойылды. Оның орнына Кеңес өкіметі этноұлттық сананы ұлттық аумақтық мемлекеттіліктің, ұлттық тілдің, құрылып жатқан жаңа мәдениеттің және тарихи өткен туралы түсініктердің бірлігін құру арқылы сәтті енгізді (*Казиев, 2015: 337*).

Сонымен, түсіну керек ең маңызды нәрсебіздің Қазақстанда өмірде жартылай феодалдық қатынастардан Социалистік қатынастарға көшу, таза мал шаруашылығы көшпелі, архиартта қалған шаруашылықтан жоғары формаларға көшу бар.

Бұл жолда бірқатар асқынулар, ерекше қиындықтар, алға жылжудың қиындықтары, өсудің қиындықтары, бізге қарсы барлық ескі ескірген, бай, аткамінер, ру басылар т. б. Соңғысы ауылға терең әлеуметтік-саяси және экономикалық әсер ету факторы ретін-

де дамыды және оның аз бөлігін қоспағанда, әсіресе көшпелі аудандарда, оның байлыққа экономикалық және рулық тәуелділігі жартылай көшпелі және отырықшы аудандарға қарағанда әлдеқайда көп болатын шаруашылық пен кедейліктің кең қабаттарын камтыды (*Голощекин, 1932: 28*)

Аталған кезенді Ғ. Ахмедов «жұрттың бәрі жарық дүниеден үміт үзген, үкімет басындағы адамдардың өздері де, Голощекиннен басқаларының естері шыққан. Халық аштан қырылып жатқанда: «Социализм жеңісі жақындаған сайын тап жауларының қарсылығы күшейе түседі, оларға аямай сокқы беру керек» деп бурадай бұрқырап отырған Голощекинге қарсы сөз айтуға қорқады, ол тек «Байлардың құйыршығы» деп бәле жаба салады. Голощекин енді бір жыл тұрғанда қазақ халқы қалып жарымас та еді» де еске алады (*Ахмедов, 1996: 71*).

1937 жылғы 17 тамыздағы тергеу ісіндегі жауабында А. Байтұрсынов: «[...] Мен жер аударылып келгеннен кейін саясатпен айналыстым ба? Мен бұған жок деп жауап беремін. Себебі, біріншіден, қажеттілік болмады, екіншіден, мен саясатпен айналыспауға уәде еттім. Қажеттілік болмады, өйткені мен келген кезде үш фактіні көрдім: бірінші факт – Голощекин басшылығының салдары. Антикеңестік саясатпен айналысуға деген құштарлығым бар және бұл үшін қолымда үгіт-насихат құралы бар, мен Голощекин басшылығының қазақтарға қатысты кеңес өкіметінің ісіне келтірген зиянының жүзден бір бөлігін ғана

емес, мыңнан бір бөлігін де жасамас едім, өйткені фактілер болған жерде сөздер дәрменсіз болады; ең күшті сөздер фактілерге бағынады, ал ең жарқын сөздер фактілерге бағынады. Сондықтан Ленин фактілер қыңыр нәрсе екенін айтып, фактілерге үлкен мән берді» деп үзілді-кесілді жауап береді. Ұлт ұстазы өзінің өмірлік жолында бірнеше рет қызмет бабымен кездескен «Қу жақтың» әрекетіне осылайша баға береді (*Алашорда ісі ...*, 2023, 1-т.: 68).

Саясаттанушы ғалым А. Бисенбаев кеңестік жүйенің қазақтарға қалалар, өнеркәсіп, университеттер, денсаулық сақтау жүйесін берді деп айтуға болатындығын, бірақ бұл жүздеген мың адамның өлімінің өтеуі екендігін атап өтеді. «Бізге, қазақтарға, коммунистік диктатура жылдарында ұлт ретінде өліммен бірнеше рет бетпе-бет қарсы тұруымызға тура келді. Біздің халық ретінде өмір сүруімізге Кеңес өкіметінің еңбегі сіңген жоқ, сондықтан социалистік эксперимент-бұл біздің тарихымыздағы қайғылы парак» деп дәйектейді. Өмірдің кез келген жаңа түріне көшу әрқашан проблемалармен бірге жүретінінен дей келе ауыл қауымының ыдырауы және дәстүрлі дүниетанымнан бас тартуы барлық елдерде азапты процесс болып табылатындығына назар аудартады. Халықтың әртүрлі топтары инновацияларға қарсы (*Бисенбаев, 2018*).

Отырықшыландыру үдерісі қазақ даласында ғана емес, сонымен қатар қырғыз, тува, қалмақ, бурят-моңғол көшпелі шаруашылықтарында да жүргізілді.

Қырғыз зерттеушісі А. Болпонова ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қырғыз қоғамының саяси процестеріндегі кландық жүйенің тарихы мен эволюциясына қатысты зерттеу еңбегінде біздің тақырыбымыздың хронологиясына сай кезеңдегі құбылыстарға баға береді. Қырғызстан аумағы 1917 жылы большевиктер билік басына келген соң көшпелі қоғамның жоғарғы қабаты мен большевиктердің әлеуметтік-таптық күресінің саяси плацдарымна айналды деп көрсетеді. Кез-келген көшпелі қоғамда тап күресі ру-тайпалық күреспен қатр жүргізілетіндігі белгілі. Зерттеуші еңбегінде ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы ішкі саяси күрестің салдарынан қырғыздың дәстүрлі қоғамының маңызды бір бөлігі – байлар мен манаптардың институты жойылып кетті деп көрсетеді. Ауылды жерлерде, кейіннен партия қатарында ру басшыларының болуы олардың рулық және жеке мүдделерін жаңа тәртіпте пайдалануына ықпалетті. Нәтижесінде биліктің жергілікті өкілдерінің арасында ашық топтық күреске әкеліп соқты. Рулық қақтығыс олардың өмір тәртібіне айналды, қырғыз көшпелі қоғамының барлық ықпалдылық үдерістерін реттеп отырды. Өзінің жалпы сауатсыздығынан бұқара өкілдері, алғашқы кезде ұжымдық дәстүрлі ой санасына сәйкес, тіпті партия мүшесі болғанына қарамастан рулық бөлінісіне сай әрекет етті деп көрсетеді. Ауылдың рулық құрылымы біртіндеп бұзыла бастады. Қырғыздардың көшпелі шаруашылықтарының отырықшылыққа көшірілуі, ұжымдастыру да атадан

балаға берілген рулық қатынастарға теріс ықпал етті. Кеңес билігінің жасаған әрекеттері де қырғыздардың көшпелі қоғамының ішінен іруін жылдамдатты. Қырғыздардың ру-тайпалық, өңірлік идентификациясы кеңестік кезеңде кең көлемдегі трансформацияны бастан өткерді (Болпонова, 2013: 115).

Қырғыз көшпелі қоғамындағы ғана емес отырықшылыққа көшкеннен кейін де большевиктер байлармен, манаптармен күресті ұлғайта түсті. «Әлеуметтік қатынастардың» жасырын дифференциациясы отырықшы және көшпелі аудандарда орын алды және олармен күрес күрделене түсті (Болпонова, 2023: 122).

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру процесінде, біздің ойымызша, колхоз жүйесі құлағанға дейін осы формада өмір сүрген рулық принцип бойынша колхоздар құрылды. Мұндай колхоздар іс жүзінде қоғамның рулық құрылымын қайталады. Большевиктердің «рулық колхоздарға» қарсы ұйымдастырылған күресі, сондай-ақ «рулық ауылдарға» қарсы күресі өз мақсатына жете алмады. Қырғыз колхоздары рулық принцип бойынша құрылды және колхоздар Хрущевтің ірілендіру саясатына дейін сол күйінде қалды (Болпонова, 2013: 127).

Демек, қырғыздардың дәстүрлі қоғамдық ұйымына қарсы кең ауқымды күрес жүргізілді: патриархалдық көріністерді қудалаудан, рулық биліктің жойылуынан бастап, көшпенділерді отырықшы орынға ауыстыру, өндірістің заманауи түрлерін енгізу,

мемлекеттің тоталитарлық рөлін арттыру, рулық емес, таптық қауымдастық туралы сананы бекіту арқылы трайбализмнің экономикалық, саяси және ұйымдастырушылық негіздерін жоюға дейін. адамдар. Бұл күрес барысында жәбірленушілер тек рулық билік қана емес, қырғыз зиялыларының өткенді идеализациялау, ұлтшылдық, жершілдік және т. б. деп айыпталған түсі болды (Болпонова, 2013: 129).

1920-жылдардың аяғы мен 1930-жылдардың басындағы сталиндік режимнің жойқын іс-шараларының қатарына көшпенділерді «шаруашылық пен тұрмыстың отырықшы формаларына» көшіру компаниясы жатады. «Жаппай отырықшыландыру» идеологиясы, сондай-ақ ауылдар мен айылдарды» күштеп ұжымдастыру көшпелі халықтың іс-әрекетінің экономикалық және мәдени түрін түбегейлі өзгертті және жойып жіберді, көптеген адам тағдырларының бұзылуына әкелді (Болпонова, 2013: 129).

Көшпелі қырғыз халқын отырықшы өмір салтына көшіру мақсатында ойластырылмаған мемлекеттік саясатты жүргізу бейбіт көшпенділердің жаппай қырылуына әкелді. Барлық жерде ұжымдастыру көшпелі қырғыз халқының жаппай және табиғи емес отырықшы болуына ықпал етті. Соған қарамастан, оларды 20-30-шы жылдары отырықшыландыруға күшпен ауыстыру нәтижесінде. XX ғ. осы кезеңде ауылды реформалаудың барлық әрекеттері, атап айтқанда жер-су реформасы, жер учаскелерін қайта бөлу, малды тәркілеу нәтижесіз аяқталды (Болпонова, 2013: 135).

Бурят-Монғол АКСР-інде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалардың барысы мен салдарлары туралы тарихнамалық зерттеу еңбегінде бурятиялық зерттеуші И. Г. Карпова республиканың дәстүрлі мал шаруашалығын жаңа кеңестік бағыттағы жағдайға көшіру жайында зерделейді. Н.Р. Мангутов, Г.Л. Санжиев, Л.А. Зайцева және т. б. Бурят-Монғол АКСР-інде ұжымдастыру үдерісінің бірқатар ерекшеліктерін атап өтеді: «ауданның ерекшеліктерне байланысты өзіне тән жағдайларына байланысты» деп көрсетеді. Бұл ерекшеліктердің қатарына республика аумағында көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының жүргізілуі жатқызылды. Зерттеушілер (*Г.Л. Санжиев, Н. Р. Мангутов, М.О. Могордоев*) отырықшы батыс аймақтардың бірқатарында ұжымдастыруды интенсификациялы түрде жүргізу міндеті тұрса, шығыс аудандарда көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа көшіру сияқты анағұрлым ауыр жұмыс күтіп тұрғанын атап өтеді. Аса көлемді және күрделі мұндай қызметті жүзеге асыру үшін республиканың өмір салтын өзгертуге байланды шаралары іске асыру талап ертілді. Ол үшін мемлекет «отырықшыландыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда үлкен ұйымдастырушылық-техникалық көмек» көрсетті. 1934 жылдың аяғында Бурятияда өрбіген іс-шаралардың нәтижесінде көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың 60%-дан астамы отырықшы өмір салтына көшті, ал 1935 жылға қарай көшпелі және жартылай

көшпелі шаруашылықтардың 86,5%-ы және 23%-ы шоғырланған 140-қа дейін «отырықшылану пункттері» құрылды.

... Жаңа мәдениеттің құрылуы көшпенділердің дәстүрлі мәдениетіне үлкен зиян келтірді, екінші жағынан, колхозға дейінгі кезеңде жергілікті халықты емдеудің жалғыз түрі болған Тибет медицинасы жойылып кетті. Ұжымдастыру мал шаруашылығы мен егіншілікті жүргізу тәсілдерінің өзгеруіне ықпал етті, отырықшы-егіншілік түріне көшу жүзеге асырылды, шаруалардың өмір салтында түбегейлі өзгерістер болды, жаңа кәсіптердің пайда болуы, ауылшаруашылық техникаларын жақсарту, топырақты өңдеудің жаңа әдістері мен әдістерін қолдану. Екінші жағынан, зерттеушілер ұжымдастыру процесі жеткілікті түрде ойластырылмағанын, қателіктер жіберілгенін, жергілікті шаруашылық ерекшеліктері мен байырғы халықтың дәстүрлері ескерілмегенін атап өтті (*Карпова, 2018*).

Тувалық зерттеуші А. Нұрзат ұжымдастырудың және араттардың Тувада отырықшы болуға көшуінің негізгі кезеңдері жайында жасалған зерттеу еңбегінде аталған өңірдегі отырықшыландыру үдерісінің тарихына тоқталады. «Араттарды отырықшы орынға ауыстырғаннан бері 50 жылдан астам уақыт өтті. Бұл процесс сөзсіз прогрессивті мәнге ие болды, бұл адамдардың әлеуметтік дамуы мен өмір салтының барлық салаларында көрініс тапты. Далада жаңа калалар мен басқа да елді мекендер пайда болды,

қазіргі заманғы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы пайда болды, бұрынғы көшпенділердің өмірі мен мәдениеті түбегейлі өзгерді. Алайда, ұжымдастырудың жеделдетілген қарқыны, көшпелі аалдардың дәстүрлі өмір сүру жағдайларынан ауылдарға адамдарды күштеп ауыстыру, әрине, қазіргі кезде де жағымсыз салдарға әкелді-тувалықтар өздерінің рухани тамырларын, материалдық мәдениетін жоғалта бастады. Көшпелі арат шаруашылықтарының отырықшы шаруашылықтарға көшуінің (*ауысуының*) басталуы Тува Халық Республикасы кезеңіне келеді. ТХР тарихы аясында біз седентеризацияның үш кезеңін анықтаймыз: 1) 1921 жылдан 1930 жылға дейін-көшпелі араттарды седентеризациялаудың алғышарттарын құру; 2) 1930 жылдан 1940 жылға дейін араттарды ұжымдастыру және республика көлемінде отырықшы болуға көшіру саясатының басталуы; 3) 1940 жылдан 1944 жылға дейін тува көшпенділерін ұжымдастыру және отырықшы болуға көшіру саясатының белсенді кезеңі, Тува Республикасында отырықшыландыру комитетін құру (*Нурзат, 2014*).

Рулық құрылымға негізделген қазақ ауылын отырықшыландыру мақсатында жойқын саяси шабуыл жасалды. Күштеу саясаты арқылы дәстүрлі көшпелі шаруашылық жойылды. Отбасы сабақтастығы мен ұрпақ жады бұзылды. Қазақ ауылының тұрмыстық болмысы күштеп өзгертілді. Рулық отбасы – тәркілеу мен жалған ажырасу құжатын жасату, мүлікті қайта жаздыру, тегін өзгерту нәтижесінде өзара туыстық байланы-

старын жоғалтты. Отбасы үшін ең қорқыныштысы – күштеп көшіртуге ұшырау, рудың жерімен байланысын жоғалту, асыраушысынан айрылу, ата-баба тегінен ажырап қалу (*Смағұлова, 2024: 232*).

Қазақстанның билік басындағы қызметінде Ф.И. Голощекин: «... ауылдағы жартылай феодалдық рулық қатынастар. Биылғы тәжірибе бай, молда, жартылай феодалдар, ру басшыларының отырықшыландыруға қарсы ашық және белсенді көріністерін көрсетті. Шынында да, отырықшыландыру – бұл ұжымдастыру. отырықшыландыру – байлар мен жартылай феодалдарды жою. отырықшыландыру – бұл жалпы қатынастардың жойылуы. отырықшыландыру – бұл ауылдық еңбек массаларының экономикалық және мәдени әл-ауқатының нақты өсуі, осылайша байлардың құлдығынан босату. Ұжымдастыру негізінде отырықшыландыру – бұл жартылай феодалдық қатынастардан социалистік қатынастарға көшу.

Таптық күрестің бұл сәті біздің партиялық және кеңестік топтарымызда ескерілмегенін тікелей айту керек. Мұны түсінбей, олар бұқара арасындағы жұмысында байлардың үгіт-насихатына, бай отырықшыландыруға қарсы күресіне қарсы тұра алмады. Олар бұқаралық экономиканы қайта құрудың бұл орасан зор міндетін бұқараның қатысуынсыз, бұқаранға түсіндіру жұмыстарын жүргізбестен, осы іске өз еңбегін, қаражатын, бастамасын, энергиясын қосуынсыз жасауға болмайтынын түсінбеді» деп түсіндіруге тырысты (*Голощекин, 1931: 240*).

Қорытынды. Отырықшыландыру үдерісінің басталуы 1930 жылы ресми түрде биліктің заңды актісімен белгіленді. Ресми деректер көрсеткендей бұл үдеріс толығымен 1937 жылы аяқталды деген қорытынды жасалды. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ бұқаралық ақпарат құралдары науқанның барлығы Коммунистік билік жүйесінің басшылығымен жүзеге асырылып жатқандығын баяндады. ҚР Президентінің Архиві мен ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі кеңестік билік кезең құжаттары ру-тайпалар мен байлар, билер және атқамінерлердің әлеуметтік ролін ескерместен жүргізілген іс-әрекеттерге зерделеу жұмысы жүргізілді. Билік басшылары мен өңірлердегі орындаушылардың ақпараттары ауылдардың көшпелі өмір салты мен руларымын қоныстанған ауылдардың арасындағы жүргізілген үгіт-насихат жұмысы дәстүрлі қоғамның дамуына іріткі салды.

Ресей Федеративтік Социалистік Республиканың құрамында болған автономиялық республикалар мен облыстарда, атап айтқанда қырғыз, тува, қалмақ, бурят-монғол көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарын отырықшылыққа көшіру барысында дәстүрлі мал шаруашылығының жүйесі ғана емес, сонымен қатар атадан-балаға беріліп келген ру-тайпалық құрылымдарға да реформалар жүргізілді. Аталған іс-әрекеттердің нәтижесінде қырғыздардағы бай-манаптар, тувалықтардағы тибет медицинасының негізін салушылар және т. б. дәстүрлі қоғамның іргесі шайқалды.

XX ғасырдың 30-жылдары жүргізілген отырықшыландыру науқаны барысындағы дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымы, ру-тайпалық бөлінісіне қатысты реформалар Кіші Қазан революциясының құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік трагедия деп қарастырылуы тиіс.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві.

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві.

Әдебиеттер

Абылхожин, Ерофеева, Масанов, 2007 – Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В. Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 296 с.

Алаш ісі. 1920–1930 жж. – Алаш ісі. 1920–1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» / «Алашское дело 1920–1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ». В двух томах – Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2023. ISBN 978-601-239-706-2. Том второй: «Алаш ісі. 1930–1932 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу істерінің құжаттары мен материалдары». «Алашское дело 1930–1932 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ».

Сост.: М.К. Койгелдиев (*ответ. ред.*), З.Б. Мырзатаева, Р.М. Мирзакулова. 828 с.

Алашорда ісі. 1920–1940 жж., 1-т. 2023 – Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том. «№78754 А.Байтұрсынұлы, М. Дулатов және басқаларды айыптау ісі. 1927–1930 жж.». Құраст.: М. Қойгелдиев, Қ. Әлімғазин, З. Мырзатаева, Г. Мұкажанова. Алматы: «Қатар» баспасы, 2023. 572 б.

Алашорда ісі. 1920–1930 жж., 7-т. 2023 – Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 7-том. «Қуғындалған идеялар». Құраст.: М. Қойгелдиев, Қ. Әлімғазин, Е. Сыздықова, Т. Рысқұлов. Алматы: Қатар, 2023. 508 б. сур. 16 б.

Ахмедов, 1996 – Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. Алматы: Жалын, 1996 224 б.

Бисенбаев, 2018 – Бисенбаев А. «Социалистический эксперимент делал трагедию неизбежной». URL: <https://camonitor.kz/31209-mozhno-li-bylo-sohranit-kochevoy-uklad-zhizni-kazahov.html> (*қаралған уақыты 30 қаңтар 2025 ж.*)

Болпонова, 2013 – Болпонова А.Б. История и эволюция клановой системы в политических процессах кыргызского общества (XIX – XXI вв.). Бишкек: Maxprint, 2013. 284 с. URL: <http://www.apar.kg/uploads/pdf>. (*дата обращения 12 апреля 2025 г.*)

Голощекин, 1931 – Бүгін таңдағы күрделі міндеттеріміз: Мал шаруашылығы туралы баяндамасы мен мақаласы. Алматы : Қазақстан баспасы, 1931. 28 б.

Голощекин, 1931 – Голощекин Ф.И. Казахстан на путях социалистического переустройства. ОГИЗ. 1931. С. 181-247

Голощекин, 1932 – Голощекин Ф.И. О сельском хозяйстве и, в частности, животноводстве Казакстана. М.: Алма-Ата: Партиздат, 1932. 40 с.

Казиев, 2015 – Казиев С.Ш. Советская национальная политика и проблемы доверия в межэтнических отношениях в казахстане (1917–1991 годы). Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. Москва. 2015. 550 с.

Карпова, 2018 – Карпова И.Г. Советские и российские исследователи о влиянии коллективизации на хозяйственное развитие Бурят-Монгольской АССР. Проблемы социально-экономического развития Сибири. №4(34). 2018. С.133–138). URL: https://brstu.ru/static/unit/journal_2/docs/number-34/133–138.pdf (дата обращения 17 апреля 2025 г.)

Қойгелдиев, 2020 – Қиянат анатомиясы. Менің ғылымдағы өмірім. (Қазақстанның ғылыми мектептері. Тарихтану). Монография. Алматы: Арыс, 2020. 360 б.

Нурзат, 2014 – Основные этапы коллективизации и перехода аратов на оседлость в Туве (1921–1944 гг.). Вестник Чувашского государственного педагогического университета им. И. Я. Яковлева. 2014. №2(82). С.47–52. URL: <http://vestnik.chgpu.edu.ru/upload/fil.php?id=157> (дата обращения 12 апреля 2025 г.).

Огайон, 2009 – Седентаризация казахов в СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения, (1928–1945 з.з.) / Изабель Огайон; [пер. с фр. А.Т. Ракишева]. Алматы: Санат, 2009. 365 с.

Орынбаева, 2020 – Орынбаева Г. Хозяйство и быт казахов в первое десятилетие советской власти (*по исследованиям 20-х гг. XX в.*) Отан тарихы №4 (92) 2020. с.58

Саяси қуғын-сүргін...,13-т. 2022 – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (*XX ғасырдың 20-50 жылдары*) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (*20-50 годы XX века*). Т. 13: Государственные акты и документы по насильственной коллективизации, принудительному оседанию, заготовительным и другим политическим кампаниям. Сборник документов и материалов. Составители тома: Е.А. Әбіл, С.А. Жакишева, М.М. Козыбаева, А.М. Смағұлова. Под общ. ред. Е.Т. Карина. Астана, 2022. 296 с.

Смағұлова, 2024 – Зұлмат жылдар зардабы: 1931–1933 жж. / С.Смағұлова. Астана, 2024. 256 б.

Смағамбет, Тлеспаета 2019 – Смағамбет Б. Ж., Тлеспаета А. А. Қазақ седентаризациясы және оның салдары. Әлеуметтанулық концептуалдау перспективасы 2019, Вестник ПГУ. URL: <https://vestnik-humanitar.tou.edu.kz/storage/journals/31>. Pdf (*Қаралған уақыты 17 сәуір 2025 ж.*)

Құралай Қуандыққызы СӘРСЕМБИНА,

Тарих ғылымдарының кандидаты

Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология

Институтының Астана қ. филиалы

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДА ТҮРМЕЛЕР МЕН ЕТЛ-ДЕ АЗАП ШЕККЕН АНАЛАР

Аңдатпа. Кіріспе. Мақалада саяси қуғын-сүргін жылдарындағы әйелдер тағдыры деректер негізінде зерделенген. Кеңестік билік әйелдерді социалистік құрылысқа тарту шараларын қарқынды қолға алып, осы бағыттағы үгіт-насихат жұмыстарын мемлекеттік деңгейде жүргізді. Әйелдер де кеңестік саясаттың нысанына айналды. Зерттеудің мақсатыменміндеттері. 1920–1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырының деректер негізінде зерделеу. Саяси қуғын-сүргін шараларының барлық саланы қамтығандығын, әйелдерге «тең құқық беру» саясаты қуғын-сүргін шараларымен жүргізілгендігін дәйектеу. Мақалада ҚРОМА, ҚРПА, Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві, Астана қалалық мемлекеттік архиві қорларындағы деректер негізінде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер зерделенді. Нәтижелері. Саяси қуғын-сүргін отбасы бірлігіне қарсы бағытталды. Күйеулері «Халық жауы» деп ұсталған тұлғалардың әйелдері, аналары, туған-туыстары, балалары жаппай саяси

қуғын-сүргінге ұшырады. Қорытынды. Сонымен бірге, қызметте жүрген әйелдер, депортацияланған ұлт өкілдері арасынан да саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер көп болды. Тіпті, үй шаруашылығына отырған аналар да аңдаусызда айтылған ойлары үшін айыпталды. Заңсыздықта шек болмады. Түйін сөздер: Саяси қуғын-сүргін, тоталитаризм, ұлттық сана, кеңес өкіметі, әйелдер, заң, жаза, келіспеушілік, «Халық жауы», «ЧСИР» (*Отанын сатқандардың отбасы мүшелері*).

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процесстері» тақырыбындағы бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (*жеке тіркеу нөмірі: BR24993057*).

Біз зерттеп отырған кезеңдегі Қазақстан жерінде орналасқан лагерьлердегі тұтқындар саны туралы толық есеп жоқ. Сондықтан да 1925-1938 жылдар аралығындағы сотталғандар құрамы туралы мәліметтерді, тек қана лагерь басшыларының жылдық есебі, қызмет бабында жазған хаттар, бұйрықтар және өзге де осы секілді қосымша дерек көздері бойынша ғана анықтай аламыз. Лагерь тұтқындарының жеке істері секілді маңызды тарихи құжаттарды зерттеу арқылы толық ақпаратқа қол жеткізуге болады. Сол жылдардағы лагерь тұтқындарының жеке іс қағаздары

2022 жылдың соңына дейін, аймақтық, облыстық ІІМ қатаң бақылауында болды. Осы айтқанды 1930-1950 жылдардағы Қазақстан аумағындағы лагерлерді зерттеушілер де дәлелдей алады. *(Ділманов С. Қарағанды лагеріндегі тұтқындар // Ақиқат. – 2001. – №5. – 77-81 бб.).*

Қуғын-сүргін зобалаңының шындығын толық танып-білу осы күнге дейін кешеуілдеп жатыр. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының толық ақталуы бүгін заман талабы.

Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлерінде жазықсыз сотталып, жазаларын өтеген аналардың тағдыры оңайлықпен зерттелініп, жазылатын дүние емес. Сол кезеңдегі қылмыстың өте көлемді, әрі жүйелі түрде, жан-жақты болуы қазіргі таңдағы зерттеудің өте ауқымдылығын әрі жан-жақтылығын, жүйелілігін талап етеді.

Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлеріндегі әйелдер тағдыры сол кезеңде кеңестік жүйеге қажет болмады. Мәселен, еңбекпен түзету мекемелерінде ер адамдар мен әйелдерді бір ғимаратқа қамау да кездескен. 1934 жылы Алматы, Әулиеата еңбекпен түзету мекемелерінде әйелдер камерасы ер адамдар қамалған мекемеде орналасып, олар бір есіктен кіріп шыққан. Сонымен қатар жуынатын орын мен дәретхана да ортақ болған. *(Протоколы заседания наблюдательной комиссии и списки граждан лишенных свободы за 1934-1935 гг.// Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5801-іс.-2-п.).*

Осындай өрескел жағдайлар сол жылдардағы түрмелерге тән негізгі ерекшелік болатын. Архивтердегі арнайы орындардың құжаттарында әйел адамдарға байланысты қабылданған қаулылардың тым аздығын да ескеру шарт. (*Лебонб 1999: 19-25.*)

Ал, 1924 жылғы РСФСР еңбекпен түзету кодексінің «Тұтқындау органдары ортақ тәртіп және оның негіздері, ұйымдастырылуы» деп аталатын 3-бөлімінің 49-бабында «Айыпқа тартылған тұлғаларға қорлау, азаптау, карцерге қамау, тамақ бермеу және өзге де қатал шараларды қолданбау» туралы жазылғанымен, іс жүзінде мәселе басқаша болды. (*Собрание кодексов РСФСР, 1928: 721.*)

Сотталған әйелдердің өздерін мерзімінен бұрын босату немесе лагерьге жұмысқа жіберу туралы жазған арыздарының басым көпшілігіне тиісті орындар жауап беруден бас тартқан. Мәселен, 1928 жылы Е.П.Симашнева деген азаматша кулак отбасынан шыққандықтан, оның арызына жауап берілмеген. Ал 61-баппен сотталған М.М.Швецтің әлеуметтік тегіне қарап, өтінішін орындаған (*Статические отчеты НКЮ за 1938 г. // ҚРОММ.- 1680-қ.; 5-т., 2-іс.- 40-50 нн.*).

Осылайша сотталғандарға таптық көзқараспен қарау ешқашан күшін жоймаған. Әйелдер еңбекпен түзету лагерлерінде халық шарушылығын дамытуға көп «үлес қосты». Қазақстан лагерлерінде де, ГУ-ЛАГ-та қолданылған мәжбүрлеп еңбек еткізу әдістері кеңінен пайдаланылды. Дәлел келтірер болсақ:

– күндік тапсырманы (*норма*) орындамағандарға берілетін нан мөлшері қысқартылған;

– Атқарылатын жұмыс дені сау және дімкәс, науқас әйелдерге де бірдей болды. Ал, егер де бір күндік жұмыс нормасы орындалмаса 18 сағат, тіпті одан да көп жұмыс жасатқызған. Сотталған аналар лагерде өздеріне жұмсалған шығынды еңбегімен өтеп қана қоймай, сонымен бірге мемлекетке табыс әкелуге де міндетті болды. Айыпталғандарға ана ретінде ғана емес, адам ретінде де қарамай, ауа-райы да ескерілмей, ауыр жұмыстарды жасатқызған. Ділманов С. Қарағанды лагеріндегі тұтқындар // Ақиқат. – 1999. – №12. – 41-47 бб.

РСФСР еңбекпен түзету кодексінде «Пища работающим заключенным увеличивается в соответствии с количеством затрачиваемой энергии» – деп жазылғанымен, іс жүзінде жағдай басқаша болды. Сондай-ақ, аталған кодексте тұтқындар еңбегінен түскен таза пайданың 12,5 проценті сотталғандардың тамағына, ал 40 проценті тұтқындау орындарындағы өндірісті кеңейтуге, ал 12,5 проценті түрме, лагерь қызметкерлерін сый-ақымен марапаттауға бөлінетіндігі ескертіледі. (*Собрание кодексов РСФСР, 1928:723*).

Түрмелердегі әйелдер жағдайының адам төзгісіз болғандығы туралы мәліметті, біздер тек қана сотталған аналардың естеліктерінен ғана ала аламыз. Себебі, 1925-1938 жылдардағы ЕТЛ, ЕТК және түрме құжаттарында аталған мәселе төңірегінде әңгіме де

қозғалмаған. Түрмелерде тұтқындар санының шектен тыс болуы және аурулардың көптігі туралы деректерді мұрағаттардан жиі көруге болады (*Отчеты и сведения о наличии и состоянии движения заключенных за 1932 г. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5781-іс; 5765-іс; ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 264-іс*).

1925-1926 жылдардағы қуғын-сүргін саясатының деңгейін тұтқындар санынан көруге болады. Мысалы, Семей түрмесінде 1 адамның орнына 6,4 адам жатса, ал 200 адамға арналған тамақты 634 сотталғандар ішкен. Түрмелерді тексеретін комиссия Қазақстан жеріндегі түрмелердің нашар жағдайын үнемі көрсетіп отырған (*Отчет отдела прокуратуры за 1923-1925 гг. // ҚРОММ.- 1380-қ.; 1-т., 69-іс.- 40-п.33п.*). Мысалы, 1925-1926 жылдары алты губерния бойынша тексеру ісінің саны 164-ке жеткен. Сонымен қатар айыпкерлердің арыз-шағымдары да тексеріліп тұрған. Тексеру нәтижесінде түрмелерде басшылар тарапынан сотталғандарға қысым жасалған жағдайлар да кездескен (*Статические отчеты Прокуратуры за 1925-1926 гг. // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 126-іс.- 3-п.*).

1926 жылы Қазақстанда 34 түрме, ал ондағы сотталғандар саны 4211, яғни 519 адам шамадан тыс болған. Өкінішке орай әйелдер бөлініп көрсетілмеген. Сол жылдары айыпталғандар еңбегін пайдалануға көңіл бөлінгенімен, «еңбек түрін» ұйымдастыруда қиыншылықтар көп кездескендігін архив құжаттары дәлелдейді (*Отчет отдела прокуратуры за 1923-1925 гг. // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 69-іс.- 40-п.40п.*).

1930 жылы Қазақстандағы 23 тұтқындау орындарында да сотталған әйелдер болғанымен, бірақ олардың дәл саны ешқандай құжаттарда жазылмаған (*Отчеты о деятельности НКЮ за 1930 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 309-іс. -3-п.*).

1934 жылы С.М. Киров өлтірілгеннен кейін сотталғандарға қатаң қарау күшейіп, түрме, ЕТЛ, ЕТК жабық орынға айнала бастайды. 1935 жылғы 27-маусымдағы ІІХК-ның №36354 бұйрығында барлық түрме, колония басшыларына баспасөзге сотталғандар туралы ақпараттың берілмеуі және баспасөзбен байланысты ұзу мәселесін күн тәртібіне қою ескертіледі. Сонымен қатар қызмет бабына қатысты сауалдарға тек қана УНКВД тұтқындау орындарының жауап беретіндігі, ал осы бұйрықты бұзғандардың сотталатындығы айтылады (*Циркуляры УНКВД за 1935-1936 гг. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5831-іс. – 92-п.*). 1936 жылы ЮХК сотталғандардың санын дұрыс есептемеу туралы мәселені тағы да көтереді (*Циркуляры УНКВД за 1935-1936 гг. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5831-іс. – 92-п. 213п.*).

Түрмедегілерге азық-түлікті көп шығындаған түрме басшылары да репрессияға ұшыраған. «Контрреволюциялық қылмыс» жасағандар немесе РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58, 59, 72, 107, 116, 117, 136, 151, 152, 153, 154, 155, 167, 169 баптарымен және 1932 жылғы 7-22 тамыздағы заң бойынша айыпталған әйелдерге рақымшылық қолданылмаған (*Протоколы заседания главной Аттестационной ко-*

миссий ИТЛ за 1935-1936 гг. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5825-іс. – 117-п.).

Тергеуде жатқан тұлғаларға еңбекпен түзету кодексінің 33-бабы бойынша аптасына бір мәрте туысқандарымен кездесуге және зат алуға рұқсат етілген. Қазақстандағы тұтқындау орындарының ең үлкені 450 орындық Семей түрмесі, ал кішкентайы 100 орындық Ақтөбе түрмесі болған (*Материалы по надзору за местами заключения // ҚРОММ. – 1380-қ.; 1-т., 198-іс. – 15-п. 17п.).* Ескеретін бір жайт, жылдан-жылға қуғын-сүргін шаралары күшейгенде түрмелерге адам сыймаған кездер жиі болған. Сондай-ақ, түрменің техникалық негізі жасалынбай, адамдарды тұтқынға алу ісі жүзеге асырылған. ЮХК 1926 жылы сотталғандардың тізімін айына бір мәрте алып отыру, аштық жариялағандарға ешқандай жеңілдік жасамау және прокурордың кездесуге келгендерді бақылап, қандай әлеуметтік топқа жататындығын анықтауын (*еңбекші, бай, кедей, орташа, кулак*) ескерткен (*Циркуляры НКЮ за 1925-1926 гг. // ҚРОММ. – 1380-қ.; 1-т., 97-іс. – 3-п. 88п.).* Сонымен қатар, «байлар, саяси қылмыс жасағандар, кулактар мен саудагерлерді түрмеде тайрандатпай, оларға өздерінің түрмеде екендігін сездірту керектігі» де бұйырылады. (*Приказы и директивные указания прокурора СССР по надзору ИТУ // ҚРОММ. – 2014-қ.; 1-т., 14-іс. – 15-п.).* Нәтижесінде 1928-1930 жылдардан бастап сотталғандар арасындағы саяси жағдайға қатты мән беріледі. Сол жылдары тұтқындау орындарында

жазықсыз жазаланған әйелдерді шынымен қылмыс жасаған (*адам өлтірген, адам тонаған*) әйелдермен бірге қамау үрдіс алған. Түрмелердегі қылмыскерлер әйелдер түрме тілімен «урки» деп аталған. Соколова Нина Иванова өз естелігінде, «...Құлағымнан балалардың, әйелдердің жылаған дауыстары кетпейді. Алайда, түрмелерде рецидивистер «Урки» де болды. Оларды түрме өмірі шошындырмады. «Урки» өздерін еркін әрі озбыр ұстады. Тіпті, өзге әйелдердің жеке заттарын тартып та алатын еді. Олар надзирательдермен дөрекі сөйлесетін.

«Уркилер» әйелдердің әдемі киімдерін тартып алып, қарсылық көрсеткендерді ұрып-соғатын еді. Бұл жағдай мен үшін жабайылық, әрі өте қорқынышты болды. Үлкен әйелдер біздерге «бәріне шыңдау керек, төзу керек» дейтін. Мәдениетті, оқыған әйелдер өздерін түрмеге қамап, балаларын тартып алғанда «өз халқына жасалған қандай заңсыздық» деп те жылап жүрді. Әйелдердің ешқайсысы өздерінің жесір қалғандығын білмеді де. Әйелдер жеке камералардан өлердей қорқатын. Әйелдердің көпшілігі балалары мен күйеулерін ойлап қана өмір сүрді» (*Абрамов, 2001:122*) – деп сол замандағы сотталған әйелдердің түрмедегі өмірінің ақиқатын айтады.

Бас бостандығынан айырылған әйелдер (*контрреволюциялық іс-әрекеті, пизғылы немесе күйеуінің кеңестерге қарсылығын айтпағаны үшін сотталғандар*) номерленіп қана белгіленіп, ешқандай құқықтарға ие болмады. Айыпталғандарды түрмеден

лагерге, лагерден түрмеген немесе лагерден лагерге ауыстырған кезде бірқатар құжаттар ізсіз де кеткен. 1931 жылы-ақ түрмедегілер санын нақтылы есептеу мақсатында статистика қызметі ашылып, сотталғандарды түрмеде ұстамай ЕТЛ-ге жіберу мәселесі шұғыл қолға алынғанымен, еш нәтиже шықпаған (*Книга приказов по ИТК. 1930-1931 гг. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5763-іс.- 10 п. 88 п.*). Кейінгі жылдары да сотталған әйелдердің аты-жөндерін, үкімдерін, қылмыстық жауапкершілікке тартылу себептерін және өзге де қажетті мәліметтерді біркелкі заңдылықпен жазылу жүйесі сақталмаған. 1930-жылдың басынан бастап-ақ сотталғандарды карцерге қамау секілді жазалау шаралары барлық түрме, лагерьлерде қолданылады. 1924-жылы қабылданған «айыпталғандарға қорлық көрсетпеу туралы» заң ескерілмеген (*Жак Росси, 1991: 230*). ОГПУ тарапынан сотталған әйелдерге науқас, мүгедек болса да катал жаза қолдану үрдісі ешқашан күшін жоймаған (*Списки сотрудников доклады о политико-моральном состоянии сотрудников Акмолинского ИТК за 1931-1932 гг. // Астана ҚММ.-65-қ.; 1-т., 5767-іс.- 135-146 п.*).

Сотталған әйелдерді «саяси тәрбиелеу» мақсатында оқылған баяндамалар мен кітаптар саны ай сайын есепке алынып, мемлекетті адам тағдыры емес, тек қана өзіне қажет мәліметтер қызықтырған (*Циркуляры УНКВД за 1935-1936 гг. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5831-іс.- 92-п.*). Түрмелерде кейбір түрме

қызметкерлері әйелдерге қорлық та көрсеткен. Сотталған аналардың естеліктері ол кісілердің тартқан жан азабын көрсетеді. Әрбір ана өз естелігінде күйеулерінің қалай ұсталғанын, көз алдарында балаларын қалайша тартып әкеткенін тебірене, ауыр қайғымен жазады.

Н. И. Соколованың «Баламның: «Моя мама, моя мама!» деген айқайын елестеткенде де көз жасымды тоқтата алмайтын едім. Әйелдердің бәрі бір-біріне өз қайғыларын айтып, түнімен көз ілмейтін...» (*Абрамов, 2001: 123*), – деген естелігі ана жүрегінің жазылмас дертінің сырын айтады. Бұл жазықсыз сотталған барлық ананың жүрегіндегі орны толмас қасірет еді.

Он жыл мерзіммен бас бостандығынан айрылып, Сталин қайтыс болғанға дейін Магадан лагерінде «жазасын» өтеген Жұмабике Айдарбаева өз естелігінде: «...Күйеуім Молдағали Айдарбаев әкесі би болғандықтан 1937 жылы Маңқыстауда ұсталған. Көршім балалалары көп кісі еді. Үй иесін бір түнде әкетті де, дімкәс әйел үйелмелі-сүйелмелі бес баласымен маңдайын төбелеп, зар еңіреп қала берді. Арада апта, ай өтіп, талшық етер үнем таусылған байғұстар мүлде әлсірей бастады. Мен шыдамай қоймадан бес кило бидайды әкеліп, көже қылып бердім. Сөйтіп, ертеңіне түрмеден бір-ақ шықтым. Маған «қоғам мүлкін саналы түрде талан-таражға салумен және халық жауының семьясына қол ұшын беріп, сыбайлас болған» деген айыптар тағылды...

Соқырдың лақтырған таяғы тиген сорлының кебін

осылай киген жалғыз мен ғана емес едім. Біздің ауылдан менен басқа Иманғұлов, Тұрымтаев деген сіңірі шыққан кедейлер де әрқайсысы 8 жылдан арқалады. Біреуінің 3, біреуінің 5 баласы қалды арттарында шырылдап. Олардың бар қылмысы жеке меншік ешкілерін аш балаларына көже қатық қып сойып алғандары. Сөйтіп, Магаданнан бір-ақ шықтық. Жолда жете алмай үсіп өлгендердің есебі жоқ. Таңертең конвой келіп, өлгендерді жинап, шанаға тиеп әкететін. Шықпа жаным шықпамен әбден титықтаған соң Магаданға бір жетсек, жағдайымыз жақсарар деп ойлағанбыз. Онымыз құр есек дәме болып шықты. Айналасы сыммен қоршаулы ағаш барактар. Бар тамағы күніне ағаштың ұнтағын қосып пісірген 300 грамм нан, түсте орта шөміш атала көже. Әйелдер түрмесі бөлек. Ішкі тәртіпті әйел надзирательдер мен сотталғандар ішінен шыққан «белсенділер» қадағалайды да, сырттан солдаттар күзетеді... Мұнда небір қанішер, қағылған-соғылғандар құрмет иесі. Былайғы тұтқындардан тасы ауыр, айдыны биік, бедел иесі. Барак старостасы, надзирательдердің оң қолы солар. Жұмыстың жеңілі, тамақтың тәуірі солардыкі. Түрменің ресми тағайындалған бастығынан кейінгі бір «құдай» «махан» деп аталады. Ерлер түрмесінде бұл лауазым «пахан» делінеді екен. Міне осы «маханның» ақ дегені алғыс, айтқаны заң. Біздің түрменің «маханы» ұрлық пен тонаудан бастап кісі қанын жүктеуге дейінгі қылмыстың бәріне қол былғаған біреу боп шықты. Оның әрине, бірнеше орынбасарлары бар, «махан» түрмеге әмірін солар арқылы жүргізеді.

Мені түрме күзетшілерінің овчарка итін бағатын жұмысқа жіберді. Шахтадағы жұмыстан бұл әрине, жеңіл. Ең бастысы – «бал ұстаған бармағын жалайды» дегендей, итке берілген тамақтан ұрлап-жырлап болса да үнем айырамыз. Естігенге бәрі ертегі, Магадан лагерінде тұтқын адамнан иттің көрген күні жақсы еді. Олар әрқашан бабында болуы керек. Ауырса дәрігерлік көмек көрсетіледі. Күшті, калориялы тамақ беріледі. Ең азы қораларына дейін біз жататын барактан жылы. Бір ит өлсе бағушы тұтқынның соры. Ал тұтқындар күніне жүздеп қырылып жатса да лагерь бастықтарынан жауапкершілік сұрап жатқан ешкім жоқ. Иттерге тамақ бергенде, біз ұрлап алмас үшін күзетші қарап тұрады. Ұрлап жатқаныңды көріп қалса, ит сілікпенді шығарып, тепкілеп сабайды. Таяқ жеп құтылсаң жолыңның болғаны, бөркінді аспанға атасың. Егер ішін мұз құрсаған карцерге жауып тастаса біткенің» – дей келе, өзінің лагердегі алғашқы екі жылының ит бағумен өткенін, кейін орманнан ағаш кесетін бригадаға ауысканын, ондағы көрген азаптарын қинала жазады. Ал өзінің босатылуы жайында, «... Сібірдің лагерлер басқармасынан арнайы адам келіп, кінәсіз екенімізді айтқанда, жиналған үш мың тұтқын бір ауыз лебіз айта алмадық. Өйткені, бәріміз жылап тұр едік...» – деп өздерінің жан толқынысын көрсетеді (Спанов, 1989: 3). Кеңестік үлгідегі тоталитарлық жүйе адам құқығын өрескел аяққа басты. Тіпті, түрмелер мен ЕТЛ – де тұтқындар туралы мәліметтер де дұрыс толтырылмаған. Кейбір қылмысқа тартылған

әйелдердің жеке істерінде зерттеуге қажетті деректер кездеспейді. Мәселен, Ақмола түрмесіндегі сотталған әйелдердің қылмыстық істерінің басым көпшілігі 1-ғана парақтан тұрады. Сол бір парақтың өзінде де толық мәлімет жазылмаған. Дәлел келтірер болсақ, №1092 іс: Байғанатова Татий 1932 жылы ҚК-ң 166-72 баптарымен сотталған. Жасы 45-те. Партияда жоқ. Кедей. Колхозда жұмыс жасайды. Байғанатов Мақсұтпен бірге ат ұрлаған. Ол кісінің ары қарайғы тағдыры беймәлім. Себебі, басқа мәлімет жоқ. Қылмыстық істердің кейбірінде жазаға тартылған әйелдердің бармақтарының ізі басылып, түр сипатына (*шашының түсі, бойының ұзындығы және т.б.*) қысқаша анықтама берілген (*Байғанатова Татии // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 1092-іс.- 1-н.*).

Республика бойынша округтік және халық соттарының статистикалық мәліметтеріндегі сотталған ер-азаматтар арасынан әйелдерді бөліп көрсету 1929 жылға дейін жөнді қолға алынбаған. Ал, 1929 жылдан кейін де қылмыстық жауапкершілікке тартылған әйелдер ісін толтыруда жүйесіздік орын алғандығын да айта кету қажет. Мәселен, 1929 жылдың I жартысында округтік соттармен 176 әйел, ал халық соттары бойынша 803 әйел сотталған. Жалпы Қазақстан бойынша 12335 адам айыпталса, оның 979-ы әйел болған. Аталған мәліметтерді сол кездегі округтерге бөліп қарастырғанда, мысалы Ақмоладан 2, Павлодардан 9, Сырдариядан 2, Ақтөбеден 8, Семейден 7 әйел жазаға тартылғанын көреміз. Ал қалған

өңірлерден мәліметтер түспеген. (*Статические сводки об осужденных за 1932 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 445-іс. – 17-п.*).

Округтік және халық соттарының статистикалық мәліметтерінде 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша сотталғандар арасынан әйелдер бөлініп те көрсетілмеген. Статистикалық мәліметтерде тек қана әлеуметтік құрамы, қызметі, үкімге ғана мән берілген (*Сводки ОГПУ за 1937 г. // Ақтөбе ОММ. – 13-қ.; 6-т., 42-іс. – 38-п.*). Мысалы, 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша республика соттарындағы қылмыстық істер туралы статистикалық мәліметтер деп аталатын істе 1931 жылы республика бойынша 45753, 1932 жылы 23515, ал 1933 жылдың I жартысында 10322 адамның сотталғаны жазылған. Олардың ішінен әйелдердің бөлініп көрсетілмегендігін де ескеру шарт (*Статические сводки об осужденных за 1933 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 451-іс.- 18-п.*).

ЮХК-ты ПП ОГПУ органдарымен сотталғандар тізімін жиі-жиі алып, оларды қатаң бақылаған. Мысалы, 1931 жылғы 24 тамыздағы жазылған тізімдегі 274 адамның ішінен Мамонова Матрена (5327-іс), Романюк Ольга (4389-іс), Станевская Елена (4491-іс), Бравкова Нина (4949-іс) деген азаматшалар ғана кездесті (*Надзор за местами заключения КАССР // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 263-іс.-306 п.*).

1925 жылы да сот тергеу орындары тарапынан заңсыздықтар қатары көп жіберілген. Тіпті, үстінен қылмыстық іс қозғалғанын да білмей, сотталған және

дәлелдің жеткіліксіздігінен іс тоқтатылса да жұмысқа орналаса алмаған әйелдер көп болған. Мәселен Қарақалпақ автономды облысының, Төрткүл қаласы тұрғыны А.П.Белова облыстық прокуратурада хатшы қызметін атқарып жүргенде, ҚҚ-ң 67-73 баптарының 1-бөлімінен айыпталады. Дәлелдің жеткіліксіздігінен қылмыстық іс тоқталғанымен, оны ешқандай мекеме жұмысқа алмаған. Осыған байланысты А. П. Белова 1925 жылы 6 қыркүйекте бір жапырақ нанды табу үшін қандай да болсын, кез келген мекемеге жұмысқа орналасу үшін, құжаттарын жіберуін сұрап ЮХК-на шағымданады. Алайда, тиісті орындардан ешқандай жауап ала-алмағандықтан, 1926 жылы 24 қарашада тағы да арыз жазады. Нәтижесінде, 1927 жылы қыркүйек айында ғана «құжаттарын алуға рұқсат» деген жауап алады (*Жалобы отдельных граждан за 1926 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 164-іс. -208.- 115н.*).

ЮХК құжаттары арасындағы «Азаматтардың өтініштері мен арыздары» деп аталатын істерді карағанда, қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғалардың КСРО Прокурорына, тіпті Мәскеуге жазған шағым хаттары жиі кездеседі. Онда өздерінің ОГПУ тарапынан көп қудалау көргендіктерін жазады. Осы тұста жауапқа тартылғандарға ІХК тарапынан көрсетілген қорлықтар туралы прокурорлардың тиісті орындарға хабарлағандығын да айтуымыз қажет. Алайда, әділдік іздегендер көп кешікпей жаппай тұтқынға алынады (*Заявления и жалобы лиц за 1925 г. // ҚРОММ-1380-қ.; 1-т., 64-іс. - 118н.*).

РСФСР Жоғарғы Сотының қазақ бөлімінде 1925-1938 жылдардағы құжаттарда да жазықсыз сотталған әйелдер мардымсыз деңгейде кездеседі. Мысалы 1925 жылғы қылмыстық-соттық және шағымдау істерінде әйелдер кездеспейді (*Казахское отделение ВС РСФСР // ҚРОММ. -251-қ.; 3-т., 10-п.*).

Ал 1926 жылғы есепте ғана 6 әйелдің аты-жөні ғана жазылған. 79-іс Рыболова А., 103-іс Тюрина З., 138-іс Чернова М., 139-іс Неткачева, 140-іс Попова, 143-іс Васильева А. (*Кассационные жалобы лиц за 1926 г. // ҚРОММ. -251-қ.; 4-т., 5-п.*).

Ал 1927 жылдық қылмыстық істерде 7 әйелдің аты-жөні ғана кездессе. (*Кассационные жалобы лиц за 1926 г. // ҚРОММ. -251-қ.; 5-т. -13-п.303*). 1929-30 жылдардағы сотталғандар ішінде 3 әйелдің аты-жөні келтірілген. (*Кассационные жалобы лиц за 1929-30 гг. // ҚРОММ. -251-қ.; 6т. -12-п.*). Ақмола облыстық халық сотымен 1929-30 жылдары сотталғандар арасында 150 әйел болса, оның 29-і спиртті ішімдіктерді сақтағаны үшін, 3-уі Кеңес өкіметіне қарсылығы үшін, 6-уы жаппай тәртіпсіздікке салынғаны үшін, ал 22-сі «Кеңес өкіметі туралы әңгіме айтқаны» үшін айыпталған. Қалғандарының қылмысы көрсетілмейді (*Статические отчеты о деятельности НКЮ за 1929-1930 гг. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 334-іс.- 3-п.*).

Қостанай еңбекпен түзету үйінде 1931 жылы 24 шілдеде 715 тұтқын болса, оның 24-і әйел болған (*Надзор за местами заключения КАССР // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 263-іс.- 322п.*). Сол жылдары

«контрреволюциялық іс-әрекеті» үшін айыпталғандар саны күрт артқан (*Протоколы заседании казотделении ВС РСФСР за 1931 г. // ҚРОММ.- 251-қ.; 7-т., 4-п.*). 1933 жылғы Жоғарғы Соттың қазақ бөлімінің құжаттарында Л.Ладушкина және М.Нурманова деген әйелдер ғана жазылған. Олар 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша сотталған (*Кассационные жалобы лиц за 1933 г. // ҚРОММ. -251-қ.; 11-т., 2-п.*).

Ал, 1935-37 жылдардағы қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар арасында, тек қана ҚК-ң 109 бабымен сотталған Жақсыбаева Қайныш (*№9 іс*), РСФСР ҚК-ң 59-3 бабымен сотталған Асылбекова және Джалбаева (*№75 іс*), 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша айыпталған Сартбаева Куляш (*№462 іс*) және О.И.Костомарова (*№513 іс*) деген есімдер ғана жазылған (*Кассационные жалобы лиц за 1935-1937 гг. // ҚРОММ.- 251-қ.; 13-т., 1-п.*). Жоғарыда айтылған әйелдердің жеке істері 1956 жылғы 26 шілдедегі жасалған актімен жойылған.

Ақтөбе облысы бойынша УМВД лагерлік бөлімінде (*1549-қор*) 126 айыпталған әйелдердің аты-жөндері жазылғанмен, олардың жеке істері 1973 жылғы 12 желтоқсандағы №6 бұйрық негізінде жойылған. Жасалған актіде «ғылыми-тарихи құндылығы жоқ» деген (*Ақтөбе облыстық УМВД лагерь бөлімі // Ақтөбе ОММ.- 1549-қ.; 22-т., 179-п.*) анықтама берілген. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың тарихтағы тағдыры осылайша шешілген. Басқа да құжаттар қатарына тоқталсақ: ҚазАКСР ІІХК колониялары мен еңбекпен

түзету лагерьлер басқармасының 1930-1934 жылдар аралығындағы құжаттарында 1002 адамның аты-жөні жазылса, ал оның 92-сі ғана әйелдер. Осы 92-әйелдің 53-і 1934 жылы, ал 28-і 1933 жылы сотталған (*Управление ИТЛ и ИТК ОГПУ по КазССР // ҚРОММ.- 1155-қ.; 1-т., 10-п.*).

Ал, олардың басым көпшілігі «социалистік меншікке қол сұққаны» немесе «революциялық заңдылықты бұзғаны» үшін айыпқа тартылғандар. Келтірілген деректер 1933-1934 жылдардан бастап қуғын-сүргін саясатының қарқынды деңгейде жүргізілгендігін дәлелдейді. Мәселен, 1934-жылы 8-маусымдағы «О дополнении положения о преступлениях государственных (*контррреволюционных и особо опасных против порядка и управления*) статьями об измене Родине» деген заң бойынша, айыпқа тартылған тұлғаның отбасы мүшелері даярланып жатқан қылмысты жеткізбегені үшін 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзіммен мүлкі тәркіленіп, сотталатын еді. Тіпті, бұл заңда, егерде отбасы мүшелері даярланып жатқан қылмысты білмесе де, бәрібір сайлау құқығынан айрылып, Сібірдің алыс аудандарына 5 жыл мерзіммен жер аударылу жазасына кесілді (*Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессии, 1993: 223*).

1933-1936 жылдары республика облсоттары бойынша сотталғандарға назар аударар болсақ (*Статистические отчеты о деятельности облсудов за 1933-1936 гг. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 491-іс.- 16-п.*).

1933-1936 жылдар аралығында республика облыстық соттары бойынша сотталғандардың қорытынды есебін шығарғанда, 1933 жылы 21805 адам (*әйелдер көрсетілмеген*), 1934 жылы 17257 адам (*әйелдер көрсетілмеген*), 1935 жылы-16233, оның 612-сі әйел, 1936 жылы 20426 айыпталушының 1007-сі әйел екендігі анықталады (*Статические отчеты о деятельности облсудов за 1933-1936 гг. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 491-іс.- 16-п., 21п.*).

Келтірілген мәліметке қарай отырып және де өзге де ЮХК құжаттарын зерттегенде 1930-1934 жылдарда сотталған немесе қылмыстық іске тартылған әйелдер туралы мәліметтердің жазылмағандығына куә боламыз.

Республика халық соттарымен айыпталған әйелдердің санын анықтасақ: 1935 жылы 611 әйел, оның 2-уі 1932 жылғы 7 тамыздағы заң бойынша, ал 86-сы ҚК 59-3, 54-і 59-7 баптарымен (*Басқару тәртібіне қарсы Одақ үшін аса қауіпті қылмыстар*) сотталса, қалғандары туралы жөнді мәлімет жазылмаған (*Статические отчеты казотделении ВС РСФСР за 1936 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 561-іс.- 3-п.*).

1936 жылы басқару тәртібіне қарсы 6205 адам айыптаса, оның 237-сі әйел, ал қызмет бабында қылмыс жасаған 5596 адамның 2223-і әйел, мүліктік қылмыс жасаған 5202 адамның 215-і әйел, рулық тұрмыс қалдықтарына байланысты қылмыс жасаған 468 адамның 16-сы әйел болған. Сонымен, осы жылы 20261 адам сотталса, оның 981 әйел болған. 258 әйел

мүліктік қылмыс жасап сотталады. Сонда барлығы 1249 әйел үстінен қылмыстық іс қозғалған (*Статистические отчеты казотделении ВС РСФСР за 1936 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 561-іс.- 5-12нн.*).

Республика бойынша халық және облыстық соттардың есебін біріктіргенде 1935 жылы 1223 әйел, ал 1936 жылы 2256 әйелдің сотталғандығы анықталды. Сонда 1935 жылға қарағанда 1936 жылы айыпқа тартылған әйелдер саны екі есе артқан. Алайда, ескеретін бір жайт, сол жылдардағы мәліметтерде әйелдердің әлеуметтік құрамы, жасы, жазалану деңгейі (үкім) ешқандай да көрсетілмей тек қана жалпы сотталғандар саны бойынша жоғарыдағыдай талдау жасалған. Сол жылдары «қылмыскер әйелдер» саны күрт өскен, сондай-ақ, басқару тәртібіне қарсы қылмыс жасаған әйелдердің саны жылдан-жылға арта түскен (*Статистические отчеты казотделении ВС РСФСР за 1936 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 561-іс.- 30н.*). Оның себебі сол кезеңдегі партия нұсқауымен жүргізілген экономикалық науқандардың салдарынан болса керек. Тағы бір баса назар аударатын нәрселердің бірі рулық тұрмыс қалдықтарына байланысты қылмыс жасаған әйелдердің де болуы.

1927 жылғы 25 наурызда өткізілген өлкелік Комитеттің 68-хаттамасында «Қазақстандағы революциялық заңдылық туралы» мәселе көтеріліп, қазақ аулындағы байларды құрту өкіметтің басты жұмысы екендігі, сондай-ақ қызмет бабындағы қылмыс және мал ұрлаушылыққа қарсы күресуі ша-

раларын күшейту тапсырылды. Осы мәселеге байланысты сот-тергеу орындарының қызметін көтеру және оған қазақ қыздарын тарту қолға алынды (*Сводки ОГПУ за 1927 г. // ҚРПМ.- 141-қ.; 1-т., 1040А-іс.- 42-п.*).

«Революциялық заңдылықты қорғау» шаралары қуғын-сүргін саясатымен ұштасты. Мысалы, Ақмола түрмесіндегі сотталған 93-әйелдің (оның 14-і қазақ) істерін қарағанда, РСФСР ҚК-ң 162 және 58-баптарымен сотталғандардың көптігі бірден байқалады. РСФСР Қылмыстық кодексінің 162-178 баптары мүліктік қылмысқа, ал 58 баптары контрреволюциялық қылмысқа арналған болатын. Сотталғандардың жасы әртүрлі және жеке істері де жүйесіздікпен толтырылған. Мысалы Варишкаш-кина Агрошиния деген әйелдің ісінде (№1214 іс) 75 жаста. 1932 жылы 26 тамызда сотталған. Нан ұрлағаны үшін 10 жылға айдалған деп қана жазылған.

Сонымен қатар сотталған әйелдердің әлеуметтік жағдайы да қатаң ескерілген. Мәселен, орташа және ауқатты, бай тегінен шыққандардың арыздары қанағаттандырылмаған (*Протоколы заседаний наблюдательной комиссии при Акмолинском ИТК. 1930-31 гг. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5765-іс.- 71-п.*). Сонымен қатар өзге аймақтардан арнайы жер аударылған әйелдер де қудалауға көп ұшыраған.

79 жасында РСФСР ҚК-ң 58-бабымен ОГПУ шешімімен сотталған Кубжасарова Райса №523-ші, үш парақтан тұратын қылмыстық ісінде айтарлықтай

қылмыс жазылмаған. Ол кісінің ауылшаруашылығымен айналысқандығы және 1931 жылы 20 қарашада сотталғандығы айтылған. Сонымен қатар кәнігі қылмыскерше саусақтарының таңбасы алынған (*Куб-жасарова Райса // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 523-іс.-7-п.*).

Істің ақ-қарасына қарамай, жалпылама айыптау жоғарыдан бұйырылғандықтан адамның аузы бармайтын заңсыздықтар, жалған «топшылаулар», сырттай «болжамдар» дәлел ретінде қылмыстық іске тіркеле берген. Тіпті, халық медицинасын пайдалану арқылы адам емдеу ісімен айналысқандар да айыпталады. Орынбор қорғаушылар комиссиясының мүшесі А. В. Лазов 1928 жылы РСФСР Жоғарғы Соты жанындағы прокурорға жазған мәліметтерінде Е.В.Розанова деген азаматшаның сотсыз, тергеусіз, заңсыз емдеумен айналысқаны үшін сырттай сотталып кеткендігін мәлімдеген. Е.В.Розанова өзіне қарсы қылмыстық істің қозғалғанын да білмеген (*Материалы о проведенный хлебозигота кампаний за 1925 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 173-іс.-70п.*).

1935 жылдың 29 сәуірдегі ГУИТУ-дың 672761 нөмерлі нұсқауында «Жасы толмай қылмыстық жауапкершілікке тартылғандарды ересектерден бөлек ұстау тәртібі» бұйырылады. Сөйтіп, «халық жауының» 12 жастан жоғары балалары ерекше мәжіліс шешімімен «ЧСИР» ретінде 5-8 жыл мерзіммен ЕТЛ-ға айдалған.

Сонымен, РСФСР Жоғарғы Сотының қазақ бөлімі, округтік, халық соттары (1926 жылдан бастап-1938

жж. дейін), ҚазАКСР ІІХК колониялары мен еңбекпен түзету лагерьлер басқармасы (1930–1934 жылдар аралығындағы) құжаттарында барлығы – 4970 әйел сотталған. Оның ішінде 133 әйелдің жеке істері жойылған. РСФСР ҚК-ң 109, 162-178 баптары және 58-баптарымен сотталғандардың көптігі бірден байқалады. Олардың басым көпшілігі «социалистік меншікке қол сұққаны» немесе «революциялық заңдылықты бұзғаны» үшін айыпқа тартылғандар. Жазықсыз жазаланған аналардың Ұлттық, әлеуметтік құрамын анықтау тым күрделі болып отыр. Себебі, құжаттар кезінде дұрыс толтырылмаған.

Өңірлер бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер. Қуғын-сүргін құрбандары туралы облыстардан жарияланған «Азалы кітап-Книга скорби» беттеріндегі (Қызылорда, Алматы, Қарағанды, БҚО, ЩҚО, Атырау, Ақмола, Қостанай, СКО, Ақтөбе, Павлодар облыстары бойынша) әйелдерді жеке алып санағанда РСФСР ҚК(УК) 58 бабымен сотталғандар саны республика бойынша – 3582 (1616 әйел Ақмола облысы бойынша) болды. Оның 299-сы ату жазасына кесілген.

Алматы облысы бойынша 76 әйел репрессияға ұшыраған. Оның ішінде орыс ұлты-39; қазақ-1; поляк-2; украин-9; еврей-9; неміс-6; венгр-1; белорус-1; дұңған-1; поляк-2; эстон-1; ұлты көрсетілмеген-4. Ату жазасына кесілгендер саны-50.

Қызылорда облысы бойынша барлығы 36 әйел қуғын-сүргінге ұшыраған. 2-уі АЖК (Ату жазасы-

на кесілген). Қазақ-21, орыс-7, украин-2; поляк-3; еврей-3; неміс-1; ұлты көрсетілмегендер саны-10. Әлеуметтік құрамына тоқталсақ: колхоз төрағасы, партия қызметкері-2, жұмыссыз, үй шаруашылығында-7, 3 мұғалім, 4 медсестра, 1 дәрігер, 1 колхозшы, 1 завхоз, 1 тігінші, 1 кастелянша, 1 гардеробщица, 1 бухгалтер, 2 кедей. Ал, 11 әйел (*барлығы қазақ*) күйеулері «соғыстан қашып» АЖК, отанын сатқанның отбасы мүшесі ретінде өз тұрғылықты жерлерінен жер аударылған (*Аза: Қызылорда облысы, 2000: 544*).

Павлодар облысы бойынша 18 әйел жазықсыз жазаланған, оның 7-уі атылған. Якут -1; Орыс -12; Украин-1; Неміс- 1; Еврей-1; корей -2. Әлеуметтік құрамы келесідей: жұмыссыз, үй шаруашылығында-2; мұғалім-1; медсестра-1; 6 монахиня, 1 шіркеу қызметкері, 1 табелші, 2 тігінші, 1 сауыншы (*Книга скорби, 1999: 220*).

Ақтөбе облысы бойынша 263 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Оның 94-і орыс; 55-і қазақ; 39 –ы неміс; 38-і украин; 13-і еврей; 6-уы поляк; 3-уі финка; 3-і татар; 2-уі белорусс; 2-уі латыш; 2-уі молдаван, 2-уі грузин, 2-уі азербайджан, 1-уі эстон; 1-уі шешен ұлтының өкілдері. Олардың 21-і АЖК; 28-і өзге өмірлерге жер аударылған. Қалғандары түрлі мерзіммен сотталған (*Қуғын-сүргін құрбандары – Жертвы репрессий, 1997: 250*).

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 369 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. 33 әйел ату жазасына кесілген. Үкімнің орындалғаны туралы анықтамада

көрсетілмеген. Ұлттық құрамы келесідей: орыс-15; Еврей-6; Неміс-3; Татар-2; Эстон-1; Украин-2; Поляк-2; Литовка-1; Ұлты көрсетілмеген-1. Олардың қатаырында бастауыш білімі бары-10; толық емес орта білімді-2; орта білімді-10; жоғары білімді-3; аяқталмаған жоғары білімді-2; сауатсыз-3 әйел. Кәсіптері, қызметтері келесідей: дәрігер-1, мұғалім-3; студент-1; бухгалтер-6; машинимстка-2; облторг бастығы-1; «Ленин туы» газеті редакциясының хатшысы-1; контролер-1; іс жүргізуші-1.

Қостанай облысы бойынша 28 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Барлығы ату жазасына кесілген. Үкімнің орындалғаны туралы анықтамада көрсетілмеген. Ұлттық құрамы келесідей: орыс-22; Украин-5, неміс-1. Бастауыш білімі бары-16; толық емес орта білімді-2; орта білімді-2; жоғары білімді-1; сауатсыз-5. Кәсіптері, қызметтері көрсетілмеген (<http://www.kstounb.kz/kz>).

Ақмола облысы бойынша 58 баппен сотталған 4350 адамның -275-сі әйел адам. Олардың ішінде ату жазасына кесілгендері -26. Ұлттық құрамы келесідей: қазақ-9; орыс-100 (*қазақстанда туғандары-35*); еврей-10; неміс-40; поляк-68; белорус-7; қытай-11; латыш-1; түркімен-1; фин-5, кәріс-1; украин-14 (*Қазақстанда туғаны-3*); болгар – 2 және т.б. ұлты көрсетілмегені-3 адам. Олардың ішінде бастауыш білімі бары-142; орта білімді-71 (*оның 31-і аяқталмаған орта білімді*); жоғары білімді-16 (*оның ішінде аяқталмаған жоғары білімді-3*); сауатсыз-32. Кәсіптері, қызметтері келесі-

дей: жұмысшы-28; колхозшы-51; үй шаруасында-9; жұмыссыз-1; сауыншы-1; тігінші-6; актриса-1; уборщица-5; етікші-2; мұғалім -10 (*1-уі завуч*); оқушы-2; аға пионер вожатый-1; шетел тілі бойынша инспектор-1; аспазшы-1; степняк прииск-1; дәрігер-1, медсестра-6; санитарный дәрігер көмекшісі-1; аптека меңгерушісі-1; меңгеруші-1; артель меңгерушісі-1; сотталғандар -5; бухгалтер-1; есепші-3; кассир-2, са-тушы-2; хатшы-2; бригадир-1; агроном-2; метастан-ция бақылаушысы-1.

Ату жазасына кесілгендердің ұлттық құрамы: 2 поляк, 1 украин, 6 орыс, 2 неміс, 9 қытай, 3 еврей, 2 фин, 1 кәріс. АЖК әйелдердің ішінде 22 жастағы Шульман Эсфира (*ұлты еврей, тігінші*) 1937 жылы 4 қарашада ұсталып, 1938 жылы 29 тамызда 22 жасында атылған. Барлығы 1937-1938 жж. атылған.

Әлеуметтік құрамына келсек, 12 адам жұмысшы, колхозшы, тігінші еден жуушы, етікші сынды жұмыстарды жасаған. Атылғандардың қатарында 1 медсестра, 1 меңгеруші, 1 аптека меңгерушісі, 1 ар-тель меңгерушісі, 1 дәрігер көмекшісі бар. Ал, кей-бірінде қандай кәсіппен айналысқаны көрсетілмеген.

Қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің айыпталған жылдарын зерделесек, 1919-20 жж 1 әйел сотталған. 1929-30 жж. 4 адам, оның 1-уі 10 жылға, қалғандары 1-5 жыл мерзіммен бас бстандықтарынан айырылған. 1933 ж. 1 адам, 1935 ж. 5 адам (*3 жыл мерзіммен*), 1937 ж. 10 адам АЖК, 10 адам 10 жыл мерзіммен, 3 адам 3-4-5 жыл мерзіммен сотталған, ал 2 адамға қылмыстық іс тоқтатылған.

1938 ж. 18 адам АЖК. 4 адам 10 жылға, 3-уі 5 жылға, 1-уі 8 жылға сотталса, 5 адамның қылмыстық ісі тоқтатылған. 3 адамның жазасы жазылмаған. 1939 ж. 3 адам 3 жылға, 1 адам 10 жылға бас бостандығынан айырылған. 1940 жылы 5 адам 10 жылға, 29 адам 5 жылға, 5 адам 6 жылға, 3 адам 8 жылға, 1 адам 4 жылға, 1 адам 7 жылға сотталған. 1941 жылы 27 адам 10 жылға, 6 адам 7-8 жылға, 3 адам 5-6 жылға, 1 адам 3 жылға, 1 адам 1 жылға сотталған. 1942 жылы 13 адам 10 жылға, 6 адам 5-6 жылға, 1 адам 3 жылға, 5 адам 7-8 жылға бас бостандығынан айырылған. 1943 жылы 12 адам 5 жылға, 2 адам 7 жылға, 2 адам 9-10 жылға, 1 адам 2 жылға сотталған, ал 1 адамның неше жыл мерзіммен жазаланғандығы көрсетілмеген.

1944 жылы 7 адам 5 жылға, 2 адам 6-7 жылға сотталады, 1 адам жер аударылды деп көрсетілген. 1945 жылы 5 адам 5 жылға, 3 адам 7-8 жылға, 2 адам 10 жылға сотталады. 1946 жылы 4 адам 5-6 жылға, 1 адам 10 жылға, 3 адам 8 жылға, ал 1947 жылы 1 адам 8 жылға, 1948 жылы 2 адам 10 жылға сотталады, ал 2 адамның қылмыстық ісі тоқтатылған. 1949 жылы 6 адам 10 жылға, 2 адам 8 жылға, 1 адам 25 жылға сотталады. 1950 жылы 5 адам 10 жылға, 1 адам 8 жылға сотталады, 1 адамның қылмыстық ісі тоқтатылған. 1951 жылы 2 адам 25 жылға, 1 адам 10 жылға сотталады, 1 адамның қылмыстық ісі тоқтатылған. 1952 жылы 2 адам 10 жылға, 1 адам 25 жылға сотталған. 1 адамға ЕТЛ (*ИТЛ*) деп қана жазылған. 1953 жылы 1 адам 25 жылға, 1 адам 5 жылға сотталады, ал 1 қылмыстық іс

тоқтатылған. 1959 жылы 1 әйел 10 жыл мерзіммен бас бостандығынан айырылған (<https://ru.openlist.wiki> сайтынан «Хранить вечно: Книга памяти жертв массовых политических репрессий 30–40-х и нач. 50-х гг. Ч. 1: 58-я статья).

Атырау облысы бойынша 97 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Оның ішінде 10 әйел Қазақстанда туған. Ату жазасына кесілгендер саны-7. Ұлттық құрамы келесідей: орыс-26; Қазақ-7; Еврей-3; Неміс-11; Болгарка-4; Парсы-2; Мордва-1; Литовка-24; Поляк-5; Испанка-1; Белорус-1; Армян-2; Кәріс-1; Украин-5; Поляк-2; Грек-1; Голландка-1; Ұлты көрсетілмеген-2.

Бастауыш білімі бары-45; орта білімді-16; жоғары білімді-4; аяқталмаған жоғары білімді-1; оқымағаны-14.

Кәсіптері, қызметтері келесідей: жұмысшы-35; үй шаруасында-3; монашка-2; сатушы-2; белгілі бір кәсібі жоқ-8; колхозшы-4; мұғалім -2; балалар консультациясы -3; кітапханашы-1; детдом-1; ИТЛ НКВД жұмыс жасағаны-2; флот-1; больница-1; тұтқында -2; теміржол-1; санитарка-2; хим. лабораторияды жұмыс жасағаны-1; машинистка-1; жолда жұмыс жасағаны-1; байланыс саласында жұмыс жасағаны-1; мұнай саласында жұмыс жасағаны-14.

Ату жазасына кесілгендер саны-7 (ұлттық құрамы: 1 еврей, 1 голландық, 1 украин, 2 орыс, 1 мордва, 1 корей). Үкімнің орындалғаны туралы анықтамада көрсетілмеген. 1930 жылы 1 әйел атылған, 1937-1938

жж. 5 әйел атылған, 1941 жылы 1 әйел атылған. 34 әйел 10 жыл мерзіммен, 3 әйел 25 жыл мерзіммен, 15 әйел 7-8 жыл мерзіммен, сонда барлығы 52 әйел 7-25 жыл аралығындағы ЕТЛ айдалған. Ал, 8 әйел 2-5 жыл аралығындағы мерзіммен ЕТЛ-ға айдалған. 15 әйел қылмыстық іс тоқтатылған (<https://ru.openlist.wiki>).

Шығыс Қазақстан облысы бойынша 485 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. АЖК-47 (9 әйел 1941-1943 жж. атылған, ал қалғандары 1937-1938 жж. ату жазасына кесілген). Ұлттық құрамы келесідей: Қазақтар – 42; Орыстар-246 (Оның ішінде қазақстанда туған орыстар саны 126, Қазақстаннан тыс жерде туған орыстар саны-123); Неміс-60; Поляк-40; Қытай-31; Украин-17 (1-уі Қазақстанда туған); Еврей-24; Белорус-2; Молдаван-1; Дұнған-3; Шешен-1; Италиян-1; Француз-1; Эстонка-3; Татар-7 (4-уі Қазақстанда туған); Армян-1; Кәріс-1; Литовка-1; Фин-1.

Бастауыш білімі бары – 106; сауатсыз-38; жоғары білімділері-25 (6-уы аяқталмаған жоғары білімді); орта білімді-38 (10-ы аяқталмаған орта білімді).

Әлеуметтік құрамы: жұмысшы – 88; колхозшы – 49; белгілі кәсібі жоқтар – 11; бухгалтер, кассир – 18, үй шаруашылығында-11; мұғалім – 1, кітапханашы – 1, студент – 1, бала бақша меңгерушісі – 1, іс жүргізуші – 1, медсестра – 14, врач – 4, тіс технигі – 1, зейнеткер – 1, солдат – 1 (<https://ru.openlist.wiki>).

Батыс Қазақстан облысы бойынша 250 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. АЖК-30 (оның 20-сы 1937-38 жж. атылған, 8 адам 1919 жылы, 1 адам 1930

жылы, 1 адам 1942 жылы атылған). Ұлттық құрамы келесідей: Қазақтар – 16; Орыстар-155 (*Оның ішінде қазақстанда туған орыстар саны 32*); Неміс – 12; Поляк – 9; Украин – 30 (*3-уі Қазақстанда туған*); Еврей – 7; Белорус – 4; Мордва – 1; Татар – 4; Кәріс – 6; Грек – 1; Асириялық – 1; Кабардин – 1; Ұлты жазылмаған – 3.

Ату жазасына кесілгендердің ұлттық құрамы келесідей: 15 орыс, 1 белорус, 4 кәріс, 1 еврей, 2 поляк, 1 украин.

БҚО бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған 250 әйелдің ішінде бастауыш білімі барлары – 105 адам; орта білімді – 20 адам, толық емес орта білімді – 23 адам; сауатсыз – 50 адам; жоғары білімділері – 10 (*оның 4-уі гуманитарлық, 3-уі жаратылыстану салалары бойынша*); аяқталмаған жоғары білімділері-4.

Әлеуметтік құрамы келесідей: жұмысшы саны – 27; колхозшы саны – 34; мұғалім – 19, медицина қызметкері – 13, ал қалғандары түрлі кәсіппен айналысқан.

БҚО бойынша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдерді зерделегенде репрессияға 1919 жылдан бастап ұшыраған әйелдердің көптігі назар аудартты. Мәселен, 1919 жылы 22 әйел қылмысық жауапкершілікке тартылған. Олардың көпшілігі 1 жылға бас бостандығынан айырылған, көпшілігінде қылмыстық іс тоқтатылған. 1920-1921 жж.-13 адам (*оның 4-уі 5-6 жылға сотталған*). 1928 жылы-4 әйел 3 жыл мерзіммен сотталған. 1930-1931 жж. -21 адам (*10 адам 3 жыл мерзіммен бас бостандығынан айырылған. 1933 жылы*

3 адам 3 жыл мерзімге, 1934 жылы 1 адам 4 жылға сотталған. 1935-36 жж. 9 адам. 1937-38 жж. -35 адам (ның 12-сі 8-10 жыл мерзімге сотталған), 1940 жылы 4 адам, 1941-1945 жылдары – 52 адам сотталған (оның 41-і 5-10 жыл мерзіммен жазаланған). 1956 жылы 1 адам 5 жылға бас бостандығынан айрылған.

Қарағанды облысы бойынша 340 әйел саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. 41 әйел ату жазасына кесілген. Оның 2-уі қазақ (33 жастағы Торғай Сүлейменова мен 30 жастағы Мамила Танатова). Ұлттық құрамы: Қазақтар–23; Орыстар-137 (Оның ішінде Қазақстанда туған орыстар саны 15); Поляк-16; Украин-31; Неміс-69; Қытай-21, Түрік-1; Жапон-2; Мордва-3; Еврей-21; Белорус-6; Татар-2; Кәріс-2; Фин-1; Латыш-10; қалғандары басқа ұлт өкілдері.

1929-1933 жылдар аралығында 7 әйел, 1940-1949 жж. аралығында 151 әйел, 1950-1952 жж. аралығында 23 әйел, 1953-1957 жж. 8 әйел, 1968 жылы 1 әйел, 1962 жылы 1 әйел, 1978 жылы 1 әйел сотталған. Қалғандары 1937-1938 жж. қылмыстық жауапкершілікке тартылған.

Бастауыш білімділері -179; орта білімділері-82; сауатсыз-11; жоғары білімді-22. Кәсіптеріне тоқталсақ: жұмысшы саны – 69; колхозда жасағандар саны-13; дәрігер саны-5; мұғалім саны-11; мал дәрігері-2; медсестра-9; аудармашы-2 (оның біреуі барлау қусында аудармашы); бухгалтер, есепші-14; еден жуушы-13; ЕТЛ жұмыс жасағандар-22; тігінші-5; балалар үйінің тәрбиешісі-4; басшы қызметтердегі әйелдер (ауыл

шаруашылық секторының басшысы, қалалалық басқарма бөлімінің бастығы, облоно бастығы, балалар үйі меңгерушісі, колхоз төрағасы және т.б.) – 10 және т.б.

Жоғарыдағы келтірілген деректерді талдай келе төмендегідей тұжырымдарды ұсынамыз:

- Облыстар бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің шамамен 80 проценті 1937-1938 жылдары РСФСР ҚК 58 бабының пункттерімен сотталған;

- Батыс Қазақстан облысы бойынша 1919 жылы 22 әйел қылмыстық жауапкершілікке тартылған. 1920-1921 жж.-13 әйел сотталған;

- Облыстар бойынша сотталған әйелдердің 80 процентінің бастауыш білімі болған;

- Айыпқа тартылғандардың басым көпшілігі жұмысшы, шаруа, колхозшылар;

- 1932-1934 жылдары «қоғамдық меншікке қол сұққандар» көп болса, ал 1935-1938 жылдары «контрреволюциялық», антисоветтік іс-әрекеті, пиғылы үшін сотталғандардың үлес салмағы күрт өскен.

Ақталмай қалған әйелдер санын дәл айту қиын. Деректерге толық қолымыз жеткен жоқ. Саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттардың барлығы құпиясыздандырылған соң, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған барлық адамның тізімдері түгел жарияланып, жоғарыдағыдай талдаулар жасалынады деген пікірдеміз.

АЛЖИРде азап шеккен аналардың қасіретті тағдыры. Аналарды сәбилерінен айырып, тегін жұмыс жасатқызу, мемлекетке тегін еңбек күші ретінде пайдалану мақсатында әйелдерге арналған арнайы лагерлер де құрылды. Халықтың болмыс-бітіміне үйлеспейтін заңдардың кеңес үкіметі игілігі үшін ғана шығарылуы салдарынан қазақ даласына да жат түрмелер, мәжбүрлеп еңбек еткізетін лагерлер саны артты. 1918 жылдан бастап құрылып, шамамен 35 жыл бойы түрліше аталған түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлері, еңбекпен түзету колониялары кеңес мемлекетінің ажыратылмас бөлігіне айналады. Олардың ішінен ГУЛАГ әлемнің барлық тіліне енеді. 1923 жылы 21 тамызда сотталған әйелдерді Ногинск әйелдер түрмесіне қамау керектігі анықталады (*Жак Росси, 1991: 8*).

Алайда, архив құжаттарында лагерлік жүйенің алғашқы қалыптасу кезіндегі тұтқын әйелдер туралы мәліметтердің де кездеспейтіндігін де ескеру шарт. И. Сталиннің өзі 1929 жылы КСРО-да еңбекпен түзету лагерлер жүйесін кеңінен дамытуды жан-жақты жоспарлап, 1930 жылы 7 сәуірде арнайы қаулы қабылдады. Осылайша бас бостандығынан айырылғандар еңбегін тегін пайдалану мақсатты түрде жоспарланып, 1930 жылдың ортасына дейін, осы мәселе тұрғысында көптеген қаулылар жарық көреді. Осы жоспарға әйелдер де ілікті (*Отчеты и отчетные доклады о работе ИТК за 1929-1930 гг. // Ақтөбе ОММ.- 13-қ.; 2-т., 1-іс.- 6-п.*).

1920-30 жылдары КСРО территориясындағы Колыма, Магадан, Воркут, Сібір, Урал, Қазақстан және өзге де өңірлерде концентрациялық лагерлер ұйымдастырылды. 1930 жылы мамырда КСРО ХКК «Қазақ еңбекпен түзету лагерлерінің ұйымдастырылуы туралы» қаулысын қабылдап, Қазақстанның «аграрлық-мәдени және саяси-шарушылық жағдайын ескере» отырып, қазақ даласын «түрме мен лагерлер орталығына» айналдырды (*Отчеты и отчетные доклады о работе ИТК за 1929-1930 гг. // Ақтөбе ОММ.- 13-қ.; 2-т., 1-іс.- 6-п. 28 п.*).

Карлаг 1930 жылы құрылды. Бірақ ол өз алдына өзіндік зерттеушілері бар бөлек мәселе. 1930 жылдың ортасынан бастап тегін жұмыс күшін пайдалануға қатты көңіл бөлінді. Кеңестік ГУЛАГ-та (*Заңнан тыс құлдық*) қылмыскерлер құлдардың ролін атқарған (*Кравченко, 1999: 368*).

1930 жылдың ортасына дейін айыпталған әйелдерге әдейі арналған лагерлер болмаған. Сол кезде бас бостандығынан айырылған апа-әжелерге «кәнігі қылмыскерше карап» түрмелерге қамау әдеттегі құбылысқа айнала бастайды (*Циркуляры сводные ведомости и акты. 31.01.1929- 7.05.1931 г. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5761-іс.- 9-п.*).

1937-жылғы 15-тамыздағы ПХК-ның №00486 шұғыл бұйрығынан соң «Отанын сатқандардың отбасы мүшелеріне» арналған арнайы лагерлерді құру қажеттілігі туындайды. Осындай лагерьлерді құру аймақтары болып Нарым өлкесі мен Қазақстандағы

Торғай ауданы белгіленеді. Себебі, РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабымен сотталған әйелдерді өзгелерден бөлек қамау бұйырылған еді (*Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессии, 1993: 86*).

1930 жылдың ортасынан кейін КСРО аумағында мынадай әйелдер лагері болған: Алжир, Горький қаласынан 40 шақырым қашықтықтағы Темияков лагері, Фрунзе қаласынан (*қазіргі Бішкек қаласы*) 100 шақырым жердегі Джангир лагері және Потьмадағы Темников лагері (*Шаймуханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане 1930-40-е и начало 50-х гг., 2000: 66*).

№00486 бұйрықта «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» атанып, сотталған әйелдердің барлығын Темников лагеріне жөнелту айтылған болатын. Алайда саяси қуғын-сүргіннің кең көлемде жүргізілуінің салдарынан «Отанын сатқандардың» әйелдеріне арналған лагерлер көптеп құрыла бастайды. Өкінішке орай архив құжаттары осындай лагерлерде қанша тұтқын әйелдердің болғаны және олардың немен айналысқандығы туралы жөнді мәлімет бере алмайды. Қазіргі күні «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» атанып, сотталған әйелдер отырған Темников, Сібір, Қарағанды, Томск, Джанги-Джир, Нижний Тагил, Сегежск, Колыма, Потьма секілді арнайы лагерлер белгілі болып отыр. Олардың ең ірілері Темников, Сібір, Қарағанды еңбекпен түзету лагерлері болды (*Система исправительно-трудовых лагерей в СССР 1923-1960. 1981: 479*).

1937-1938 жылдары ОЛЖИР, яғни Отанын сатқандардың әйелдерінің айрықша лагерлері құрылып, 1940 жылдың жазына қарай көбейе түскен (*Жак Росси, 1991: 245*).

«Отанын сатқандардың Ақмола лагері» тарихына тоқталсақ, «АЛЖИР» – сталиндік тоталитарлық жүйе кезінде «халық жаулары» атанып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, шарушылық, партия кеңес басшыларының, сонымен қатар қарапайым адамдардың әйелдері мен қыздары жазықсыз жазаларын өтеген Ақмола облысындағы лагерь. Ол Қарағанды лагерінің 26-бөлімшесі ретінде қазіргі Астана қаласының Оңтүстік-батысында, Төңкеріс (*Малиновка*) елді мекеніне КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының 1937-жылғы 15-тамыздағы №00486 бұйрығы негізінде құрылған. «АЛЖИР» Карлагтың бір бөлімі ғана (*Қазақстан: Ұлттық энциклопедия, 2000: 570*). «Саяси сотталғандар» (*РСФСР ҚК 58 бабының бөлімдері бойынша*) жабық, яғни сыртпен хат-хабар ала алмайтын лагерлерге қамалды. Осындай лагерлер КСРО көлемінде 1930-жылдың ортасынан бастап қана белгілі болды (*Жак Росси, 1991: 184*). РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 17-тармағы бойынша бас бостандығынан айырылған аналар қамалған Ақмола лагері тікелей Карлагқа бағынды. Саяси тұтқындар ең ауыр жұмыстарды атқарып, «қайта тәрбиеленді». Түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлерінде «тұтқындарға» жанашырлық білдіргендерге «халық жауы» атағы таңылып, алыс аймақтарға жер аудару жазасы қолданылған.

Ақмола лагері 30 мың га жерді алып жатқан. Онда 3 жылдан 8 жыл мерзіммен бас бостандығынан айырылған әйелдер жазаларын өтеді. Олар әр-ұлттың өкілдерінен еді. А. Тасымбековтың «Жан дауысы. Алжир архипелагы» атты еңбегінде жазықсыз сотталған аналардың лагердегі өмірінен көптеген мәліметтер жазылған. Айыпталған әйелдер мал бағып, фабрика салып және жер қазып, бау-бақша егіп, сиыр сауып, киім де тіккен. Олар барлық жұмыстарды атқарған (Тасымбеков А. *Жан дауысы*, 1993: 210).

«АЛЖИР» – дегі ауыр жағдай туралы Мария Даниленко: «Біздер 25, 35, 50 градус салкындық пен 50 градус ыстықта да жұмыс жасадық Бір жаз ішінде әйелдер 18 құрылыс объектілерін салды...» (*Страницы трагических судеб*, 2002: 82) – деп өз естелігінде жазады. *Лагерлер мен түрмелерде надзирательдердің ішетін тамақты жерге қойып, оның ішіне түкіріп, «жрите контрики» деген кездері де өте жиі кездескен (Жак Росси, 1991: 86).*

1937-жылдан 1954-жылға дейін «Р-17» деп аталатын (*ресми түрде*) 26-шы нүктеде тұтқын әйелдер саны қанша болды деген сұраққа нақтылы жауап беру қиын. Алғашқы жылы-ақ лагерьдегі әйелдер саны 6,5 мыңға жеткен– деген пікір де бар (Тасымбеков, 1993: 41).

Шаймуханов және Шаймуханованың «Карлаг» атты еңбегінде Карлагтағы тұтқын әйелдердің саны төмендегідей көрсетіледі (Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. *Карлаг*, 1997: 21).

1933-2304

1934-3011

1936-3260

1938-7511

1939-17099

Жоғарыда келтірілген сандарға қарағанда 1938-жылдан кейін лагерьдегі тұтқын әйелдердің күрт өскендігін байқаймыз. Сонымен бірге 1935 және 1937 жылдардың көрсетілмегенін де ескеру шарт. Зерттеушілер жоғарыдағы мәліметті Қарағанды облысының ІІБ-нің мұрағатынан алған. Ал А.Р. Кукушкина Ақмола арнайы бөлімінде 1938-1946 жылдары 4.482 әйел болғандығын, олардың 2469-ы (55 процент), орыс ұлтының, ал 93-і (2 процент) қазақ ұлтының өкілдері екендігін жазады. Сонымен қатар зерттеуші 1931-1959 жылдар аралығындағы Карлагта жазасын өтеген тұтқындар туралы нақтылы мәліметтің жоқ екендігін, сондай-ақ саяси баппен сотталғандардың және лагердің түрлі бөлімдеріндегі тұтқын әйелдердің санын дәлме-дәл көрсетудің қиындығын да айтып қынжылады. Оның себебі Карлаг құжаттарының өңделмегендігімен байланысты түсіндіріледі (*Кукушкина А.Р. История создания и функционирования Акмолинского лагеря жен «Изменников Родины» (30-40 годы XX века), 2001: 15*). Осыған орай тұтқындар саны да түрліше көрсетіледі.

А.Тасымбековтың айтуынша АЛЖИР – де 22 мың тұтқын әйел азап шеккен (*Тасымбеков А. Жан дауысы. АЛЖИР архипелагы, 1993: 47*). Лагердің

адам айтықсыз жағдайына шыдамай өздерін мерт қылғандар мен лагерь ішіндегі заңсыздықтың салдарынан жендеттер қолынан қаза тапқан немесе ауырып өлген аналардың есімдері бүгінгі күнге толық жетті ме? Себебі, лагерлер мен түрмелердегі заңсыздықтар сол кезеңдегі құжаттарда көрсетілмейтін еді.

Түрмеде, лагерде туылған балалар «лагерь балалары» деп аталған. Ал, еңбекпен түзету колониясы мен лагерлерде туылған сәбилерге арнап арнайы балалар бөлмесін ұйымдастыру 1934-жылы айтылған еді. Аналарды балаларын тамақтандыруға конвоймен әкеліп, әкететін еді. Лагердегі 2 жасқа дейінгі нәрестелер «балалар комбинатында» ұсталған. «АЛЖИР» – дегі төрт жасқа толған балаларды Осакаров балалар үйіне жіберетін болған (*Жак Росси, 1991: 201*).

«Заклученные женщины, начиная с пятого месяца беременности, не подлежат высылке на работу вне места заключения без их на то согласия» – деп РСФСР еңбекпен түзету кодексінде жазылғанымен іс жүзінде жағдай басқаша болды (*Собрание кодексов РСФСР, 1928: 15*).

Лагердегі ауыр жағдай (*бөлменің салқындығы, тамақтың жетіспеуі, аналардың ауыр еңбекпен айналысуы және т.б.*) сәбилерге қалай әсер еткендігін айтпай-ақ түсінуге болады. Тұтқын өмірін бастан кешірген аналардың естелігінде осы жағдай жиі айтылады. «Жазасын» өтеп шыққаннан кейін де аналардың балаларын іздеп, тауып алуы өте қиындықпен жүзеге асқан. Лагерден 3-4 жастағы балаларды сәбилер үйіне

жөнелту нағыз әскери қимыл ретінде жүргізілген. Сәбилерді анасынан тартып алу түнгі уақытта іске асырылған. Лагерде болған әйелдер өз естеліктерінде жаны күйзелген аналардың балаларынан айырылған сәттегі жан азабын (*надзирательдермен төбелесу, тікенек сымдарға, қабырғаға бастарын соғу және т.б.*), тіпті кейбір әйелдердің жынданып та кеткендігін қинала айтады. Сондай-ақ тұтқын аналардың мерекелерді атап өтуге құқы болмаған. Себебі, олар «азаматша» деген құқықтан айырылған болатын.

Түрмелер мен ЕТЛ – де аяғы ауыр әйелдердің жағдайларына ешқандай мән берілмегендігін архив құжаттарды да дәлелдейді (*Статические отчеты НКЮ СССР за 1934 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 210-іс. – 25-п.*).

Алжирде КСРО-ның түпкір-түпкірінен келген (*Мәскеу, Ленинград, Украина, Белоруссия, Грузия, Армения, Орта Азия*) «халық жауының» әйелдері жазаларын өтеді. Сотталған әйелдер «подъем», «отбой», «развод», «обыск» деген лагерь тәртібіне де лажсыз бағынды. Оларды 1938 жылғы 25 тамыздағы заң бойынша (*НКВД лагерлері туралы*) мерзімінен бұрын босатуға тиым салынды (*Орынбаева Д.Ш. Политические репрессии в Казахстане 1937-1938 гг: сравнительно-исторический анализ проблемы: Автореф. дис. ... канд. истор. наук.-Алматы, 1999.-30 с. (с.16).*).

Тіпті, мерзімі аяқталған аналарды лагерде мәжбүрлеп ұстаған жағдайлар да кездескен. Лагердің азапты өмірін 1938-жылдан 1955-жылға дейін басы-

нан өткерген Күләндам Қожанованың естелігіне мән берсек: «...Көктемнің жанға жайлы ертеңгі шағы болатын. Лагердің қызметкерлері бізді ауланың ішіне иіріп қойып: Бүкіл жұртшылық Отанымыздың күшқуатын, хал-ахуалын арттыру жолында бір кісідей ат салысулы. Күні-түні ізденіс, талпыныс. Ал, сендер ше? Рахат! Жағаларыңыз жайлауда, жайбарақат өмір сүріп жатырсыздар. Тамақ үкіметтен! Өңшең әзір асқа тік қасықтар- деп тілдеп-тілдеп алды да, бұдан былай жағдайдың өзгертіндігін, топ-топқа бөлініп, жұмыс істейтінімізді мәлімдеді...

Біз «АЛЖИР»-дің құзырына өткеннен кейін әрқайсысымыз жеке-жеке сандармен таңбаланғанбыз. Ол сандар таңбаланған кішкене шүберектер үстіндегі киімінің жауырынына және кеудесіне анадайдан көзге шалынатындай сыйпатта ұқыпты тігілуі шарт. Номерің аталған бетте дереу: «мен» деп дауыстауға тиіссің... Жіктеу-сорттау ұзаққа созылған жоқ. Біз мал бағу, төл күту шаруашылығына іріктелген екенбіз. Мен топтың жетекшілігіне ұйғарылыппын. Жүрек шіркін тас төбемнен шықты. Үлде мен бұлдеге оранып, ерке өскен тотай едім. Басыма мынадай күн туды. Ол міндетті ойдағыдай жүзеге асыруым мүмкін еместей. Жұмысында кате, кемшілік болмау керек. Бір жерден мүлт жіберсең бітті. Сұлтекеңмен, балашағамен, ағайын-туыс, дос-жарандармен табысармын деген үмітім бар. Қаншама жасқанып, қорықсам да сол орайда тәуекелге бел байлап, мал бағу ісінен босануыма көмектесуін, ал басқа тапсырыстың қайсысынан да

бас тартпайтынымды айтпаққа ауыз аша беруім мұн екен – жаңа бастығым қояншығы ұстағандай ақшандай жөнелді. Балағаттың неше түрін біледі екен...

Қажып, қалтырап ақыры 1948 жылға жетік-ау! Жаз айының бірі болатын. Қаздай байпаңдап түрменің 4-5 қызметкері сау ете қалды. Сендер – деді олар-қазір дәл осы арада лагердің бастығының атына өтініш жазындар. Қағаз, қалам мінеки. Онда таяу арада қолға алған бір іргелі жұмыстарыңның бар екені, оның жуық арада аяқталып бітпейтіні себепті тағы бір он жыл осында қалып, еңбектеріңді әрмен жалғастыруға рұқсат сұрайтындарың, өйткені ол жұмыстың нәтижесін өз көздеріңмен көргілерің келетіні айқын да анық айтылатын болсын. Қол-аяғымыз жансызданып, мелшиіп қалыппыз. Өтініштің мәтінін өздері дайындап әкелген екен. Дірілдеп, қалшылдап, жазатайым еңіреп қоймайын деп тістеніп, көшіріп-көшіріп бердік. Кейін білдік кейбір шаруашылықтағы қарсыласқан әріптестерімізді талай күн карцерге де қамапты. Шынында да бастықтармен айтысып-тартысып ешкім ештеңе өндірген емес. Ондай жағдай байкала қалса, екі-үш төре дереу мәжіліс өткізеді де, әлгі «тәртіпсіздің» айыпталу мерзімін бір-екі жылға, кейде одан да көбірек ұзарта салады, бергісі-бірнеше күн карцерге отырғызады. Сол күні ешкім тамаққа ерін тигізген де жоқ. Солбырая-солбырая орындарымыздан көтеріліп, жұмыстарымызға кетістік. Сол жерде жылап-еңіреп, өңшең тірі өлік ілініп-салы-

нып жүріп жаттық...» (Жұмағалиев З. *Сыр сандық // Орталық Қазақстан.-1998.-12 ақпан.*).

Көріп отырғанымыздай, «лагерде іргелі жұмыс болғандықтан өз еркімен тағы да 10 жыл қалуға» арыз жаздыртқан. Қарсыласқандар карцерге камалған. Заңсыздықта шек болмаған.

Елизавета Тухачевская өз естелігінде: «...Дүрліккен заманда қазақ халқының аялы алақанын көрген жанмын. Менің бір байқағаным – көнгіш еді-ау, қазақ аналар, төзімді еді-ау! Небір ауыр жұмыстардың арасында солар жүретін» – деп жазады (Жұмағалиев С. *Үрейлі күндер // Қазақ әдебиеті.- 1997.- 27 мамыр.*).

1938 жылы «АЛЖИР»-ге келген 2103 әйелдің 655-нің аяғы ауыр немесе кішкентай сәбилері болған. Аяғы ауыр әйелдердің барлығы лагерде босанған. Осының өзі-ақ аналар үшін сұмдық азап болатын (Степанова-Ключникова Г. *Казахстанский АЛЖИР // Простор. №9.- С. 45-101.*).

Меңтай Дәукенованың естелігінде: «...Күйеуім Жұмағалиды 1937-жылы ұстады. Бізді пәтерден қуды. Үш және жеті жастағы балаларыммен көшеде қалдым. Күйеуімді ұстаған соң, екі айдан кейін ІІХК қызметкерлері мені балаларыммен қосып Ақтөбе түрмесіне әкелді. Балаларымды менен айырып тартып әкетті», – дей келе, түрме камераларында 100-140 адамнан болғандығын, өзін тергеуге бір мәрте шақырғандығын айтады. Меңтай Дәукенованы 8 жылға соттайды. 27-тамызда жүк таситын қызыл түсті вагонға тиеп Орынборға әкеледі. Бір айдан соң

тұтқын әйелдер Челябині қаласына жеткізіліп, содан кейін ғана Акмола лагеріне жетеді. Лагердің өмірі туралы былай деп жазады: «... Біздің лагерьде елдің барлық түкпірінен келген 17 мың әйел болды. Баракта 200-300 адамнан тұрдық. Жататын жеріміз мал қораға ұқсайтын. Лагерде үлкен шаруашылық болғандықтан жасамаған жұмысымыз жоқ. Аштық пен суықтан, аурудан әйелдер өліп те жатты. Өлген әйелдерді үлкен шұңқыр қазып соған бәрін бірге көме салатын. Мен әлсіз әрі аурушаң болдым. Менің тірі қалуыма себін тигізген әйелдердің қамқоры еді. Бізден соғысты да жасырды. Майданда не болып жатқанын білмедік те. Мен төрт ағамның соғысқа кеткендігін кейіннен барып білдім...» (Сапарова М. *Узница Карлага*, 1996: 3).

Темников лагерінде болған Е.Вялова-Васильева: «Ежедневно выводили на работу, состоящую из бессмысленной переноски камней из одного конца лагеря в другой или переноске песка на дырявых, сломанных носилках, который весь высыпался по дороге. Все это делалось только для того, чтобы занять женщин хоть какой-то работой» (Вялова-Васильева Е. *Незаметно приблизит сроки*, 1990: 3), – десе, Мария Львовна Даниленко: «Заклученных держали скученно. В спальном бараке, где одновременно содержалось 360 человек, воздух был спертый. Чтобы выжить, женщины собирали на помойках кочерыжки и варили их. Их запахом так пропитывался воздух, что, когда конвойрам требовалось пересчитать нас, они, не заходя внутрь, просили сделать это кого-нибудь из дежурных

старушек...» (Елисеева Л. Лица Алжира // Известия.- 2002.- 31 мая.) – деп сол кездің ақиқатын көрсетеді. Ал, Мәриям Қамбарқызы өз естелігінде түрмедегі заңсыздықтарды, әсіресе күзетшінің қарсылық танытқан бір әйелді атып та тастағанын айтады.

1937-жылдың ортасында Карлагта жаңа туған бұзаулар мен торайларды бағатын фермалар ұйымдастырылады. Фермаға түнгі бақташы болып орналасқан Құсни апай бұзаулар мен торайларға беретін күнжараны ашыққан әйелдерге тығып таситын болған. Ол кісінің жолдасы Есім Байғаскин (Алматы мал дәрігерлік институтының ректоры болған) де «халық жауы» ретінде ұсталған еді. Әзиза Рысқұлова мал дәрігері, ал Мәриям Қамбарқызы ферма меңгерушісі болғанда, лагерьдің шағын қасапханасынан сойылған малдың майын жасырып, тығып әйелдерге тасыған. Әйелдердің жағдайларының жақсара бастағанын сезіп, күдіктенген түрме қызметкерлері Мәриям апайды түрмеге қайта қамап, кейін «Долинкаға» ауыстырады (Қозыкеев О. Карлаг қаласындағы қос қызғалдақ // Ақ жол.- 1990.-11 шілде.).

Уәзипа Майжолова-Күленованың естелігінде: «Лагерде таңғы сағат төрттен кешкі сағат алтыға дейін үзіліссіз жұмыс жасайтынбыз. Ет дегенді көрмейміз. Жұмыс басына түсте бір булочка мен шәй алып келеді. Орыс, грузин, армян, түркі әйелдері барлығымыз бір кісіден туғандай бір–бірімізге жанымыз ашып тұратын. Бірде мен, Ақмоланың боранды қысты күндерінде, лагерьдің шығыс жағындағы қамыс көлге түсіп кеттім.

Әрең дегенде шықтым. Үсті-басымның бәрі мұз болып қатып, денеме киімдерім жабысып қалған. Күзетшіге баракқа барайын десем, қашып кетеді деп жібермеді. Содан кешке келіп, барактағы әйелдер денемдегі жабысып қалған киімдерімді жібітіп, мені босатып алды. Сол оқиғадан кейін қазір менің тырнақтарымның бәрі аппақ цемент сияқты опырылып түсіп жатады» (*Страницы трагических судеб, 2002: 170*), – деп, лагерьдегі әйелдердің ауыр жағдайын көрсетеді.

Қазақ көркем әдебиет баспасының жауапты қызметкері Абат Әлібаевтың жұбайы, «АЛЖИР» – де жазасын өтеген Зағипа Тінәлина өз естелігінде сотталған әйелдердің өмірі туралы былай деп айтады: «Алматы абақтысынан бізді Қарағанды лагерінің Ақмола бөлімшесіне айдады. Бірақ ол жерге де діңкелеп жете алмай, Новосибирск мен Челябинск түрмелерінің тұтқындарды жан-жаққа бөлетін сасық қапасында біздерді айлап ұстаумен болды. Ондағы тартқан азап пен қорлықты айтып жеткізу қиын. Саяси тұтқындар ғана емес, небір баскесер ұры-қары, жезөкшелермен жан төзгісіз жағдайда, тығыз камера-ларда жаттық. Жалғыз жазықсыз әйелдер болсақ бір сәрі-ау, тым құрыса, жанымызды түсінісіп, бір мүдде жолында шыдау керек болғандықтан, бір-бірімізге қамқор, сүйеніш бола, шыдап бағар едік. Ел алдында да, Отан алдында да кіршіксіз таза арымызды ардақтап, соның өзін дәтке қуат деп, түбі ақталатынымызды, жар-жолдас-ерлеріміз де ақталады деген сеніммен жүрудің өзі қандай еді! Әділдіктің қалайда жеңетінін

ту қып, осынау қорлықтар мен жан азабының қиямет-қайымында да морт сынып кетпей, алға үмітпен қарап, еңсемізді көтеріп жүрудің өзі-ерлік екен де! Ал шын қарабет қылмыскерлермен, кесімді жазасын тартқан айыпкерлермен қатар қамалып, қоса азап шегу-одан асқан қорлану, сұмдық жапа шегу жоқ шығар. «Не жазығымыз бар еді, о құдай!», – дегенде жалғыз жанымыз үзіліп кетердейтін. Төзе алмай ақыл-есінен айрылғандар қаншама! Мен де солардың кебін киер ме едім, егер Челябині түрмесінде еркінен еріксіз айырылып, күйеулері шеккен азап пен қорлықты қоса тартып, көздері төрт бола, бір үміт пен бір үкімнің хабарын күтумен отырған небір мықты әйелдерді кездестірмегенде!

Тіршіліктен түңіліп, күйреп, құрып жүрсең де шыдауға тиіс болғандықтан шыдауға тура келген. Тек «...көп ұзамай бәрі шешіледі, бәрі орнына қайта келеді!» – деген нық сенімнің шұйдасы созыла беретінін, жиырма-отыз жылға шейін барып, небір сенімі мықты, қажымас, қайтпас қайсарларыңның өзі күдерін үзіп, тар қапаста, қамауда, аштық пен суықтан өмірлері де үзіліп кетерін ол әйел де, мен де білмеппіз. Бізді ақыры Ақмола лагеріне жіберетін күн туды. Әлсіз үміт, қалайда елге жақын деген болымсыз қуанышпен алданған боламыз. «Мың күн пейіштен бір күн жарық» – дей ме. Кіндік қаны тамған жерге, туған-туыстың маңайына келіп, көзің телмендеп, тікенек қоршаудың ар жағына бір адым шығуға зар болып: ит ішетін жуындыдай баланда дейтін тамақ ішіп,

күніге белің бүгіліп құлдарша қара жұмыс істеу... тағы тағы жан төзгісіз жәбір-жапа шегу – «әй, бұдан да өліп кеткен мың артық-ау!» – дейтін күпірлік ойға талай-талай барғыздырған, дүниендегі ең асылын – жарық сәуленді жоқ ете салуға талпындырған небір қиямет сәттерді бастан өткіздік-ау! Әй, пенденің төзімділігіндей төзімділік жоқ-ау, деп бүгінде тамсанамын. Сотсыз-тергеусіз, адвокат сайланбай соттай салу дегенді естіп-көргеніңіз болса-міне! Тағылар заманындағыдай қағазға саусақ таңбасын бастырдық-болды, тұтқынбыз. Осындай хайуандық «заңмен» миллион жазықсыздардың тағдыры тұл болды. XX ғасырдың ортасында құқықсыз, озбыр заманның құрбаны боламыз деген ой кімнің басына келіпті? Кім жауабын береді?

«АЛЖИР» (26 нүкте) – зілкиген-зілкиген сұсты, үрейлі биік бағандар, айналдыра тікенек сымдармен қоршалған, әр мүйісте қарауыл қада, онда арсылдаған ит пен мылтығын кезенген күзетші – көз алдына фашист қанышерлерінің концлагерін елестетпей ме? Зәрені ұшырады. Қатар-қатар барақтар, адам тұратын жайдан гөрі мал немесе ит ұстайтын қораға немесе колхоздың темір-терсек сақтайтын қамбасына ұқсайды. Іші үш қатар нар (*бөстекше*), ертеңгісін және кешкісін сапқа тұрғызып қойып тексеру, одан айдауылмен итін өршелендіре дедектетіп қара жұмысқа апарады, алып қайтады. Ауыр жұмыстан, аштықтан әлсіреп сүйретіле түннің бір уағында бөстекшелерімізге сұлаймыз. Қыста қақап (*жылытылмайтын болғандықтан*), жа-

зда монша жаққандай пысынап, керегелерінен пар тамшылап, тұншықтырып, алқымды буып, тынысты тарылтатын қапырық сасық «үйімізге» жолшыбай құлап-сүрініп, итке таланбай аман жеткенге шүкір етеміз. Бір баракта үш жүзге дейін адам тұрамыз... Құлдық дәуірдегі құлақ кесті құлдардың өмірі бізден көш ілгері шығар-ау. Бәрінен қиыны-өнебойы аш құрсақ, жадауымыз. Мен мал бақтым. Күзде қамыс орамыз, белуардан мұздай су кеше, орақпен қамыс орып баулаймыз. Норма-140 бау, күніге. Орындасаң-700 грамм нан аласың. Орындамасаң... адамда жалғыз-ақ арман болады екен: нанға тою! Күздің қара суығында үсті-басымыз суға малшына жатын орынға ораламыз. Таң сәріде қамысқа қайта дірдектеп кетеміз...

Кімдер жоқ емес арамызда: партия және мемлекет қайраткерлерінің әйелдерінен от басындағы шаруа әйелдерге дейін. Кешегі революционерлер, қатардағы партия-совет қызметкерлері, атақты артистер, жазушылар, дәрігерлер, мұғалімдер мен инженер-конструкторлар, ұшқыштар тағы, тағы дер кезінде Отанға, елге пайдасы тиетін жоғары білімді мамандар. Қылшылдаған жастан жетпіске таяп, жер таянған кемпірлерге шейін тікенек сымның ар жағында, күндіз-түні қарулы күзетпен тырп еткізбей, малша қара жұмысқа айдап, арқа еті арша, борбай еті борша болғанша аздырып, ақыл-естен айрылтып, бір жақта қалған бала-шаға, күйеуінен, жора-жолдастардан мүлдем хабарсыз, *(хат-хабар жазуға да сәлем-сауқат алуға да рұқсат жоқ)*, тіршілік атаулыдан күдер үздіре

азаптағанда, айтындаршы, жамағат, не жазығы бар еді бұлардың? ...Қандай қылмыс істеп қойып еді? «Тәңір-ау, тым құрыса, айтып, айыбыңды бетіңе бастыра айыптаса ғой?..» – деп жан шырқырай айқайлағын келгенімен, үнің көмейінде тұншығатынын білесің... Білесің де *(жан-жағыңа үрейлене қарап жүрудет!)*, тіліңді қырши тістеп, шыдау үшін ғана тырысып бағасың. Шыдай алмай өліп кеткендер көп: осы маңайда өлгендерді апарып *(арбаға өліктерді бөренеше тиен...)*, мал құсатып көміп тастайтын орын бар. Жерге тапсырудың хайуаннан айырмашылығы: өлген кісінің башпайына тақтайша байлап, оған нөмірлеп *(таңбалап десе де)*, марқұмның анықтамасы қысқаша жазылады» *(Алғашқы қарлығаштар, 1993: 208)*.

Сұлтанбек Қожановтың жұбайы Күлэндам апаның естелігінде: «...Сұлтанбекті тұтқындап алып кетті, біз бала-шағасы үрпиісіп, бір-бірімізге сүйенісіп, жылап-сықтап қала бердік... Қоярда қоймай сұраулар салу арқылы 3-4 күн арасында Сұлтекеңнің қайда апарылғанын анықтадық. Оның маңайы толған біз сияқты жоқ іздеген міскендер. Дайындаған тамақты, кейбір керек-жарақты нәрселерді кішкене қақпадан әрмен жылжытудың сәті түскен күнгі қуанышта шек болмайды екен. Ал оның қабылданбай, кері қайтарылған күнгі тартатын жан азабыңды, құдай ешкімге көрсетпесін, сөзбен жеткізу мүмкін емес... Анда-санда айналасы 4-5 минут шамасы Сұлтекеңмен тілдесіп қалып жүрдім. Қанша маған білдірмеуге

тырысқанмен, жағдайының төмен екені бесенеден белгілі. Дене бітімі жұқарып, бет жүзі сарғыштанып барады. Дауысы да өзгерген... Тағдырға не шара! Сұлтекеңнен хат-хабар күтіп жүрген беймаза күндердің бірінде «халық жауының әйелі» ретінде өзім де тұтқындалдым...

Ағайын-туыстар ше? Олар неге жым-жырт. Біздерді шынымен жау деп санайды-ау шамасы. Бір-бірімен қабаттасып, көкірекке кептелген осы жайттар жүрекке шаншудай қадалып, естен тандыра жаздайды. Жылай-жылай көздің жасы да түгесіліпті. Кей мезгіл бүйтіп қор болғанша, өлген артық деп, өзінді-өзің жок қылудың тәсілдерін ойлайсың. Біраздан соң сабаңа түсесің. Өзінді-өзің құртқаннан не түседі? Өмір көші сенсіз тоқтап қалмас. Жарық дүниеден артық не бар. Бұлай бола бермес. Дұрыстық, әділдік орнына келер.

Мен аялдаған дағарадай бөлменің сикын сөзбен сипаттау мүмкін емес. Дозақтың өзі одан артпас. Есіктен төрге дейін шынтақ айналар жер жоқ. Бір-бірімен сығылысқан мен құралыпты совет өкіметіне қауіпті жау элементтер. Мұндағылардың бәрі жеке өз басының қамын күйттейді екен. Тыныстайтын, тізе басатын жаялықтай орын үшін шаштасу, бет тырнасу дегеніңіз түкке тұрмайтын қарапайым әрекетпен пара-пар. Әлсін-әлсін айғай-шу, құлақ тұндырарлық былапыт қарғыс. Босағада тұратын дәрет сындыратын темір бөшкенің жанында арқамды қабырғаға сүйей, жүремнен шоңқиып отырып, жан-жағыма бағдарлай қараймын. Санқилы адамдар. Бір қатары-кешегі бірге

жүрген, бір дастарқаннан дәм татысқан сыйлас замандастар. Бір қатары-сұр үйдің ауласын өзіммен бірге бүрсендей күзетіскен еңбегі еш, тұзы сор, аты-жөні беймәлім көз таныстар. Ал енді біреулері– аузы-басы бейпіл, балағатпен баттасқан, ар-ұяттан жұрдай, ұрыскеріс, төбелес іздеген саппастар. Мұнда ағыңнан жарылып ешкіммен шүйіркелесуге болмайды. Қауіпті. Түрменің қашаннан қалыптасқан салты бойынша, біреу-біреуге қарауыл, біреу-біреуге бақташы. Айтқан әңгіменді тыңдаушы әріптесіңнің көпірте өсіріп, бастықтың құлағына сыбырлауы мүмкін. Біз сияқты мемлекет ісінен, үлкен саясаттан бейхабар, қазан-ошак, аяқ-табақтан өзгеде шаруасы жоқ кейуаналардың мына сандалысы ненің салдары, ненің құрметі? Бөлменің едені кісі нанғысыз баттасқан кір. Аумаған қой қора. Ал иісі... адамнан басқа тірі жәндіктің шыдауы, тұншығып өлмеуі екі талай жайсыз да, ауыр. Беретін тамағы сын көтерместей нашар. Басқасы өз алдына, түскі дастарқанның мәзірі – қол басындай іші шикі кара нан мен жылтырақсыз, сылдыраған капуста көже. Анда-санда сырттан келетін тағам аузыңа тимейді-сумандаған бұзық катындар тартып жейді. Оларға әкімшілік тарапынан бақылау да жоқ, тыйым да жоқ. Сондықтанда ол жетесіздер еркін де ерке. Ал өзгелер үшін түрменің тәртібі қатал. Әсіресе, біздей «халық жауының» әйелдерінің білдірген өтінішіне, қойған талабына тиісінше назар аударылмайды. Керісінше, жер-жебіріне жетіп, ар-намысыңды таптайды.

Түрменің тіршілігі ерекше қатты. Құлқын сәріде да-

был қағылады. Бірден атып тұруың керек. Содан түннің бір уағына дейін жантайып аяқ суытуға рұқсат жоқ. Анда-санда жүреңнен отырып, аз-кем тыныстайсың да, кебісің тырпылдап кезесің де жүресің ...» – деп, одан әрі тергеушінің қорқытып, үркітіп тіпті қол жұмсағанын да жазады (*Жұмағалиев, 1998: 3*).

Мәдениетті, оқыған, оқымаса да көргені мол апа-әжелердің көрген рухани азабын жеткізу өте ауыр. Өмірде адам үшін ең ауыр әрі қиын нәрсе рухани азап екендігін кім де болса мойындайтыны анық.

Лагерде Айдархан Тұрлыбаевтың қызы Софья Берденова 8 жыл «жазасын» өтеген. Софья Берденованың өз қолымен жазған өмірбаяны АЛЖИР музейінде сақтаулы. Естелігінде келесідей деректер жазылған: Софья Берденова 1909 жылы Петропавлде дүниеге келген. 1928 жылы Омбы қаласында 9 жылдық мектепті бітірген. 1929-1930 жж. Петропавл қаласында 4 жылдық қазақ мектебінде мұғалім болған. 1930 жылы қыркүйекте Берденов Тайжанға тұрмысқа шығып, Көкшетау қаласында тұрады. 1934 жылы Алматыға баспаға жұмысқа жіберіліп, 1937 жылы желтоқсанда НКВД күйеуіне ұстайды, 1938 жылы сәуірде өзін қамайды. 1938 жылы 10 шілдедегі КСРО ІХК Ерекше Мәжілісінің Қаулысымен Отанын сатқанның отбасы мүшесі ретінде 8 жылға сотталып, ЕТЛ-ға жөнелтіледі. 1946 жылы лагерден шыққаннан кейін Омбыда ағасының отбасында қалған екі ұлын (*Алдан, 1931 жылғы, Сукият 1933 жылғы*) алады. (*АЛЖИР мемориалды музейі кешені қоры*).

Берденова Софьяға тағылған айып «Проживала со своей мужем Берденовым Тайжаном, знала о том что он был участником национал-фашистской террористическо-повстанческой, шпионско-диверсионной организации, но укрывала его антисоветскую деятельность, т.е. в преступлениях, предусмотренной по ст.ст 58-12 и через ст. 58-п.п.2,7,8 и 11 УК РСФСР... ». Осындай айып «халық жауы» болып атылған азаматтардың әйелдеріне жалпылама тағылып, олар №00486 бұйрық негізінде ССР НКВД Ерекше Мәжілісінің қарауына жіберілді (*АЛЖИР мемориалды музейі кешені қоры*).

Халық Есенгельдиннің жолдасы Мариам Алиханова — Исенгильдина 24 жасында Каз КСР НКВД қызметкерлері тұтқындап, 1938 жылы 10 маусымда КСРО НКВД ЕМ шешімімен 3 жылға ЕТЛ-не жіберілген. 1999 жылы 23 тамызда ақталады. Қазақстан наркомзем жүйесінің «антикеңестік, оңшыл-троцкистік, зиянкес, террористік ұйымына қатысқан жетекшілердің» бірі ретінде тұтқындалып, 1938 жылы атылған Константин Беляевтің жолдасы Е.М. Губарева 8 жыл ЕТЛ-ға айдалады. Е.М. Губарева тұтқындалғанға дейін мамандығы химик-аналитик болғандықтан, Ғылым Академиясы Қазақ филиалында аға ғылым – қызметкер болып жұмыс жасаған. Меморандумда священник отбасынан шыққандығы жазылған. Тағылған айып «күйеуінің антикеңестік, оңшыл-троцкистік, зиянкес, террористік ұйымға қатысқандығын жасырған». К.Беляевқа тағылған айып: «Один их рукокодящих участников антисовет-

ской права-троцкисткой вредительской, террористической оранизации в системе Наркоомзема Казахстана, ликвидированный УГБ НКВД КССР в 1937 году». 1938 жылы 20 тамызда НКВД ХОЗО өкілдері акт жасап, үйіннен бүкіл дүниесін тәркілеп, 117 зат алынып (*қант салғыш, градусникқа дейін*) Горторттағы комиссиянның дүкен өкілдеріне тапсырылған (*АЛЖИР мемориалды музейі кешені қоры*).

Е.Губарева лагерден «жазасын өтеп» шыққаннан кейін, яғни 1946 жылы бұрынғы жұмыс орнынан Ростов университетін бітіргені туралы куәлігін және өзге де құжаттарын сұрап, қайта-қайта хат жазған (*АЛЖИР мемориалды музейі кешені қоры*).

ПХК – нің 1937 жылғы 15 тамыздағы №00486 бұйрығына ілігіп, «жауапқа тартылған» аналар КСРО ПХЛ жанындағы Ерекше Мәжіліс қарауына (*на рассмотрение*) жіберілген. 1938 жылы 27 ақпанда КСРО жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының Көшпелі сессиясы халық жауы ретінде АЖК Есім Байғаскиннің жолдасы Хусния Байғаскина 1938 жылы сәуірде «күйеуінің антикеңестік ұлтшыл-фашистік ұйымға қызмет еткенін жасырғаны үшін» 36 жасында ЕТЛ-ға 8 жылға сотталған. Оның 13, 11, 4,5 жастағы ұлдарының тағдыры ешкімді ойландырмаған. Хусния Байғаскина «Социалды Қазақстан» газетінде машинистка болып жұмыс жасаған еді (*АЛЖИР мемориалды музейі кешені қоры*).

Жолдастарының «антикеңестік ұлтшыл-фашистік, террористік, бүлікшіл ұйымға қызмет еткенін

жасырғаны үшін» сотталған аналарды нақты түгелдеу мүмкін болмай отыр. Олардың қатарында: Баршын Кальменова (*Атлаш Қалменовтың әйелі, 3 баласы бар*), Рабия Асфендиярова (*Санжар Асфендияровтың әйелі, 2 баласы бар*), Бигадиша Байдавлетова (*Хакимжан Байдавлетовтың әйелі, 4 баласы бар*), бар Күнжамал Майлина (*Бейімбет Майлиннің әйелі, 5 баласы*), (кішісі 4 айлық, 2 баласы бар) Вера Зорина (*эсер ретінде айыпталған Евгении Зориннің әйелі*), Лейла Васильева (троцкист ретінде айыпталған Николай Васильевтің әйелі), Фаина Кадырова (*1918 жылдан өзбектің кеңестерге қарсы ұлтшыл ұйымының мүшесі ретінде айыпталған Абдулла Қадыровтың әйелі, 3 баласы бар*), Праскофья Денисова (*троцкист ретінде айыпталған Александр Денисовтың әйелі, 2 баласы бар*), София Ахметжанова (*Қазақ КСР Ішкі сауда Наркомы Сұлтан Ахметжановтың әйелі, 1 баласы бар*), Алдабергеннова Улбусин (*Артық Байсовтың әйелі*), Кулянда Каспакбаева (*Аманбай Каспакбаевтың әйелі, 4 баласы бар*), Анфиса Архипова (*Түркістан темір жолындағы Басқарма бөлімінің басшысы Иван Арзиповтың әйелі, 3 баласы бар*), Минасафа Абланова (*Садык Аблановтың әйелі*), Галина Ашихмина (*Алексей Ашихминнің әйелі, 2 баласы бар*), Гайнижамал Гайсина (*Гайсин Шукурдің әйелі, 4 баласы бар*), Айтжан Имамбекова (*Садырбай Имамбековтың әйелі, 2 баласы бар*), Жанат Кенжина (*Асфандияр Кенжиннің әйелі, 5 баласы бар*), Марьям Ескараева (*Сулейман Ескараевтың әйелі, 4 баласы бар*), Сара Малдыба-

ева (Ахмет Малдыбаевтың әйелі, 1 баласы бар), тіс дәрігері Мабина Ниязова (бактериологтардың кеңестерге қарсы террористік, диверсиялық ұйымына қатысушы ретінде айыпталған, 3 баласы бар), Полина Саметова (Мединститутта декан болған Шеръяздан Саметовтың әйелі, екі баласы бар), Фатима Османова (3 баласы бар), Елизавета Садвакасова (Жанайдар Сәдуақсовтың әйелі, 1 баласы бар), Сагадат Таштитова (Қайсар Тәшититовтың әйелі), Марьям Тогжанова (Ғаббас Тогжановтың әйелі), С.Назарова (Зарип Темірбековтың әйелі, екі баласы бар), Шарифа Манаева (Мелят Манаевтың әйелі, 4 баласы баласы бар. Ал, Нұрман Манаевтың үйін тінткенде төте жазумен жазылған 9 кітап, 395 бет түрлі қолжазба материал, өдеңдер мен шығармалар жазылған 6 дәптер, 47 бет түрлі переписка, 213 дана Радек, Бухарин мақалалары бар кітап және т.б. табылғандығы хатталған), Сахий – Камал Назарова (Зарип Темірбековтың әйелі), Рая Сулейменова (Абрашиит Абишевтің әйелі), Майнұр Сарымолдаева (Қабылбек Сарымолдаевтың әйелі, 2 баласы бар), Фатима Дивеева (Шәкір Дивеевтің әйелі, 2 баласы бар), Вера Сергазиева-Бульхина (Мурзафаяз Сергазиевтің әйелі), Абиша Кабулова (Илияс Кабуловтың әйелі, 3 баласы бар), Магрифа Рүстемова (Нурзалы Рүстемовтың әйелі, 4 баласы бар) және балаларынан тірідей айырылған сан мыңдаған аналар бар (АЛЖИР мемориалды музейі кешені қоры).

Аналардың айыптау қорытындыларында «заттай

дәлел жоқтығы», «кінәларын» мойындамағандары жазылған. Үйлерін тінту жұмысында тәркіленген заттарының тізімі де бар.

Жазықсыз сотталып, «жазаларын» өтеген аналар түрме, еңбекпен түзету лагерьлерінде тек қана күйеулері мен балаларын ойлап, болмашы ғана үмітпен өмір сүрді. Гүлнәр Дулатова апамыз «Тағдырластар немесе 20-30 жылдарда «халық жауы» атанып, қуғынға ұшыраған аяулы азаматтардың жарлары мен перзенттері» жайлы естелігінде: «Мен сол жылдарда қасірет шеккен әйелдерді екіге бөліп қараймын. Алғашқылары күйеулері ұстала салысымен зобалаң өз бастарына туып, түрмеге қамалып, лагерьде жаза-мерзімін өтегендер. Одан кейінгілер: күйеулері заңсыз кесіліп, жер аударылған кезде, үй-күйін тастап, аштық жылдарына қарамастан балаларын шұбыртып, күйеулерінің соңдарынан еріп барғандар...», – деп қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдері көрсетеді. Ол кісі кудалау көрген әже-апаларымыздың бастан кешкен жан азабын көзбен көріп білгендердің бірі.

Сол бір тағдыр тауқыметін арқалаған мыңдаған әйелдердің бәрін тізіп көрсету мүмкін емес. Лагерде КСРО мемлекет басшыларының, әскери қолбасшыларының әйелдері мен жақын туыстары, Қазақстан басшы қызметкерлерінің әйелдері мен балалары, жақын туыстары жазаларын өтеді. Ең алдымен елге белгілі аса танымал қайраткерлердің бала-шағалары қуғындалды. Алжирде маршал М. Н. Тухачевскийдің қарындастары Александра

және Валентина Тухачевскаялар, С. Қожановтың әйелі Күләндәм, Т. Жүргеновтың әйелі Дәмеш, Н. Нұрмақовтың әйелі Зүпнұн, С. А. Асфендияровтың әйелі Рабиға, Майнұр Сарымолдаева, Елизавета Садуқасова, Мария Ескараева, Мариям Тоғжанова, Әйіш Құлымбетова, Бибіжамал Сырғабекова, Сағадат Тәшитова, Шәкітай Тәтімова, Айша Қабылова, Кира Нұрмағамбетова, Жанбике Шанина, Хадиша Мусина, Зарап Темірбековтың әйелі Сақыпжамал Назарова, Уәзипа Күленова, Мағрипа Рүстемова, Әсма Шоманова, Зағипа Тінәлина, Баршын Қалменова, Мәдина Оразова, Мариям Есенгельдина, М. И. Ибрагимова, Сұлухан Базыбаева, Жанбике Шанина, С. Такенжанова, Р. Мухамеджанова, М. Мамежанова, Рахиль Плисецкая, Шүкре Сүлеймен қызы, Галина Серебрякова, С. Мендешовтың әйелі Рәзия, тағы да басқа көптеген танымал тұлғалардың аналары, әйелдері мен қыздары, апа-қарындастары азап шекті. Жазасын өтеп болғаннан кейін де сотталған әйелдерге астаналық ірі қалаларда өмір сүруге тиым салынды. Оларға сондай қалалардан 101 шақырым қашықтықта ғана қоныстануға рұқсат етілді (*Шаймуханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане, 2000: 131*).

Лагердегі тұтқындардың жағдайы адам төзгісіз болды. Мәселен, олар «халық жаулары» деп атанған тұлғалардың әйелдері болғандықтан, туған-туыстарына хат жазуға, яғни сыртпен байланыс жасауға хұқылы болмады. «Алжирде» адам өлімі жиі кездескен, әйелдердің кейбірі аурудан немесе қайғы

қасіретке шыдамай да қайтыс болған. Әсіресе, КСРО-дағы түрмелер мен ЕТК, ЕТЛ-дарда тамақ жетіспегендіктен аштан өлгендер көп болған. 1930-жылдың ортасында ГУЛАГ әкімшілігі «аштан өлді» дегенді жасыру мақсатында дистрофия немесе алиментарная (*ішкі органдар қызметінің бұзылуы салдарынан болатын ауру*) деп аталатын ауруды ойлап табады. Сондай-ақ аталмыш орындардағы тұтқындардың шамадан тыс екендігін халықтан жасыру мақсатында, сотталғандардың адресін «почта жәшігі» деп те көрсеткен (*Жак Росси, 1991: 230*). Лагерь күзетшілерінің заңсыздықпен аналарды қорқытып, атқан жағдайлары да жиі кездескен.

Мария Захаровна Михайлова деген азаматшаны (*Қылмыстық Кодекстің 58, 169, 192 баптарымен айыпталған*) лагерде аяқ киімі мен сырт киімдерін ұрлап кеткенінен карамастан қысты күні жұмысқа күштеп шығарады. Ол кісінің жазған арызына лагерь соты тағы да он жыл түрмеге қамау мен бес жыл жер аудару жазасын қосып берген. Ал, Пелагея Абрамовна Привозко деген әйелді белгіленген жұмыс мөлшерін орындаудан бас тартқаны үшін атып тастаған. Шын мәнісінде ол кісінің жұмыс нормасын орындауға күші жетпеген. Алайда, бұл жағдай «контрреволюциялық бүлік» ретінде бағаланған. Сондай-ақ, Ольга Дмитриевна Русова деген азаматшаны «құдайға сиынғаны үшін» атса, ал Зоя Андреевна Кэоск деген әйелге лагерь бөлімінің басшысымен «дос болудан бас тартқаны үшін» тағы да он жыл мерзім берілген (*Николаев В. Женщины ГУЛАГа // Казахстанская прав-*

да.- 1997.-31 мая). Лагерде ағаш көшеттерін отырғызу науқану кезінде аналар жерге дұрыс көмілмей, шашылып жатқан әйелдер мен балалардың сүйектерін көргендіктерін де жиі жазған еді.

Адамзат қоғамында ешнәрсенің із-түсіз жоғалуы мүмкін емес. Әрбір адамның өзіндік рольдері мен статустары болатынын ескерсек, біздің әрбір әлеуметтік іс-әрекетіміздің көзден таса қалуы мүмкін емес. Ерте ме кеш пе адамдардың тарих алдында, ар мен ақиқат алдында жауап беретіні анық. Ал, адам табиғатының әлсіздігі-оның шындықты шырмау ретінде қабылдап, ақиқатқа мойынсұнбауында. Біз тек қана сатқындықты, опасыздықты сол бір сұм заманнан көреміз! Бірақ заманның өзі адам талабы мен пиғылынан дамитындығын қайда жасырамыз.

Сонымен, қылмыскерлер жазасын өтейтін орындарда зиялы қауым өкілдерінің әйелдері, апақарындастары, аналары немесе зиялы әйелдер де азап шекті. «Сотталған аналар» өздеріне жұмсалған шығынды еңбегімен өтеп қана қоймай, мемлекетке табыс та әкелді. Олар ауыр жұмыстарды атқарды және номерленіп қана белгіленіп, ешқандай құқықтарды иелене алмай рухани азап шекті. Кеңестік саясат адамдарды өз қоғамынан өгейлендіріп, түрме мен ЕТЛ-не қамап, санаға қорқыныш пен үрей ұялатты. Тұтқындағы аналар түрме, ЕТЛ қызметкерлерінен жанға тиетін ауыр сөз де естіді, тіпті кейде таяқ та жеді. Түрмеге қамауды білген мемлекет тұтқындағы әйелдердің жағдайын ескеріп, елемеген де. Олардың жағдайына қарағанда,

лагерь күзетшілерінің иттері мен лагерде өсірілетін малдардың күтімі жақсы болған. Аштық пен суықтан, аурудан әйелдер арасында адам өлімі жиі кездескен.

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың санын зерделей отырып, қудалауға ұшыраған әйелдерді де шамамен есептеуге болады. 1921-1954 жылдары Қазақстанда 100 мың адам сотталған, оның 25 мыңы ең жоғары жазалау шарасы – ату жазасына кесілген деген ресми деректі негізге ала отырып, 300 000 әйел адамдар қуғын-сүргінге ұшыраған деп айта аламыз (*шамамен әр отбасында 3 әйел адамнан есептегенде*). Алайда, қуғын-сүргін құрбаны болған аналар саны бұдан да көп.

Сонымен, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер зерттелінуде. Күйеулері ұсталғанда әйелдер де қуғындалды. Бұл да қуғындалудың бір түрі. Кеңестік билік өз саясаты мүддесінен әйелдерді батыр ретінде көрсетті. Ол да біздің тарих. Алайда, біздің өз қаһармандарымыз бар. Жазықсыз сотталып, түрлі мерзіммен «жазаларын» өтеп шыққаннан кейін балаларын жанталаса жүріп тауып алып, оқытып, тұлға ретінде қалыптастырған аналардың әрқайсысы қаһарман. Әсіресе, 1929-1932 жж. халық көтерілістеріне қатысқан Айбарша Шәйменова мен Б.Алданаева (*Қарақұм көтерілісі*) сынды аналарымыз нағыз қаһармандар. Қаһарман аналарымызды мәңгілік тарих жүзінде қалдыру перзенттік борышымыз.

Сәбилерін жан-жақтан іздеп жүріп, табандылықпен тауып алып, тегін ұмыттырмай, қиыншылық көре

жүріп, оқытып, тәрбиелеген аналардың қайраты, ерлігі кейінгі ұрпаққа мәңгілік үлгі-өнеге. Олар жүректері қайғы-шерге толған, әбден шаршап-шалдыққан, бірақ белден кешкен азапқа ерекше қайсарлықпен төтеп бере білген рухы биік, ерекше әйелдер еді.

Пайдалынған дерек пен әдебиет тізімі:

Ділманов С. Қарағанды лагеріндегі тұтқындар // Ақиқат.- 2001.- №5. -77-81 бб.

Протоколы заседания наблюдательной комиссии и списки граждан лишенных свободы за 1934-1935 гг.// Астана ҚММ. – 65-к.; 1-т., 5801-іс.- 2-п.

Лебон Г. Психологические законы // Саясат.-1999.- №9. С. 19-25.

Собрание кодексов РСФСР редакции 1926 г.-М.: Юр. изд. НКЮ РСФСР, 1928.-1183 с. 721 б.

Статические отчеты НКЮ за 1938 г. // ҚРОММ.- 1680-к.; 5-т., 2-іс.- 40-50пп.

Ділманов С. Қарағанды лагеріндегі тұтқындар // Ақиқат.- 1999. -№12. -41-47 бб.

Собрание кодексов РСФСР редакции 1926 г.-М.: Юр. изд. НКЮ РСФСР, 1928.-1183 с. с.723].

Отчеты и сведения о наличии и состоянии движения заключенных за 1932 г. // Астана ҚММ. – 65-к.; 1-т., 5781-іс; 5765-іс; ҚРОММ. -1380-к.; 1-т., 264-іс.

Отчет отдела прокуратуры за 1923-1925 гг. // ҚРОММ. -1380-к.; 1-т., 69-іс.- 40-п.33п.].

Статические отчеты Прокуратуры за 1925-1926 гг. // ҚРОММ. -1380-к.; 1-т., 126-іс.- 3-п.

Отчет отдела прокуратуры за 1923-1925 гг. // ҚРОММ. - 1380-қ.; 1-т., 69-іс.- 40-п.40п.].

Отчеты о деятельности НКЮ за 1930 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 309-іс. -3-п.

Циркуляры УНКВД за 1935-1936 гг. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5831-іс.- 92-п. 213п.

Приказы и директивные указания НКВД СССР и табеля срочных донесении за 1935-1936 гг. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5828-іс.- 41-п.

Приказы НКВД СССР. 1935-1936 гг. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5826-іс.- 117п.

Протоколы заседаний главной Аттестационной комиссии ИТЛ за 1935-1936 гг. // Астана ҚММ. -65-қ.; 1-т., 5825-іс.- 117-п.

Материалы по надзору за местами заключения // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 198-іс.- 15-п.17п.

Циркуляры НКЮ за 1925-1926 гг. // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 97-іс.- 3-п. 88п.

Приказы и директивные указания прокурора СССР по надзору ИТУ // ҚРОММ.- 2014-қ.; 1-т., 14-іс.- 15-п.

Абрамов Д. Места заключения и репрессированные.- Алматы: Глобус, 2001.-142 с.с.119

Абрамов Д. Места заключения и репрессированные.- Алматы: Глобус, 2001.-142 с., с.122

Книга приказов по ИТК. 1930-1931 гг. // Астана ҚММ. – 65-қ.; 1-т., 5763-іс.- 10п. 88п.

Жак Росси. Справочник по ГУЛАГУ.- М.: Просвет, 1991. -Ч.1. -548 с. с.230

Списки сотрудников доклады о политико-моральном состоянии сотрудников Акмолинского ИТК за 1931-1932 гг. // Астана ҚММ.-65-қ.; 1-т., 5767-іс.- 135-146 п.

Циркуляры УНКВД за 1935-1936 гг. // Астана ҚММ.- 65-қ.; 1-т., 5831-іс.- 92-п.

Абрамов Д. Места заключения и репрессированные.- Алматы: Глобус, 2001.-142 с.с.123

Спанов Ә. Қосағын қорғап әлі отыр // Коммунистік еңбек.- 1989.- 7 июнь.

Байганатова Татии // Астана ҚММ.-65-қ.; 1-т., 1092-іс.- 1-п.

Статические сводки об осужденных за 1932 г. // ҚРОММ.-1380-қ.; 2-т., 445-іс.- 17-п.

Сводки ОГПУ за 1937 г. // Ақтөбе ОММ.-13-қ.; 6-т., 42-іс.- 38-п.

Статические сводки об осужденных за 1933 г. // ҚРОММ.-1380-қ.; 2-т., 451-іс.- 18-п.

Надзор за местами заключения КАССР // ҚРОММ.-1380-қ.; 1-т., 263-іс.-306п.

Жалобы отдельных граждан за 1926 г. // ҚРОММ.-1380-қ.; 1-т., 164-іс.-208.- 115п.

Заявления и жалобы лиц за 1925 г. // ҚРОММ.-1380-қ.; 1-т., 64-іс.- 118п.

Казахское отделение ВС РСФСР // ҚРОММ.-251-қ.; 3-т., 10-п.

Кассационные жалобы лиц за 1926 г. // ҚРОММ.-251-қ.; 4-т., 5-п.

Кассационные жалобы лиц за 1926 г. // ҚРОММ.- 251-қ.; 5-т. -13-п.303

Кассационные жалобы лиц за 1929-30 гг. // ҚРОММ.- 251-қ.; 6т.- 12-п.

Статические отчеты о деятельности НКЮ за 1929-1930 гг. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 334-іс.- 3-п.

Надзор за местами заключения КАССР // ҚРОММ. -1380-қ.; 1-т., 263-іс.- 322п.

Протоколы заседаний казотделении ВС РСФСР за 1931 г. // ҚРОММ.- 251-қ.; 7-т., 4-п.

Кассационные жалобы лиц за 1933 г. // ҚРОММ.-251-қ.; 11-т., 2-п.

Кассационные жалобы лиц за 1935-1937 гг. // ҚРОММ.- 251-қ.; 13-т., 1-п.

Ақтөбе облыстық УМВД лагерь бөлімі // Ақтөбе ОММ.- 1549-қ.; 22-т., 179-п.

Управление ИТЛ и ИТК ОГПУ по КазССР // ҚРОММ.- 1155-қ.; 1-т., 10-п.

Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессии. -М.: Республика, 1993. -223 с.

Статические отчеты о деятельности облсудов за 1933-1936 гг. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 491-іс.- 16-п.312

Статические отчеты казотделении ВС РСФСР за 1936 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 561-іс.- 3-п.

Статические отчеты казотделении ВС РСФСР за 1936 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 561-іс.- 5-12пп.

Статические отчеты казотделении ВС РСФСР за 1936 г. // ҚРОММ. -1380-қ.; 2-т., 561-іс.- 30п.

Сводки ОГПУ за 1927 г. // ҚРПМ.- 141-к.; 1-т., 1040А-іс.- 42-п.

Протоколы заседаний наблюдательной комиссии при Акмолинском ИТК. 1930-31 гг. // Астана ҚММ. – 65-к.; 1-т., 5765-іс.- 71-п.

Кубжасарова Райса // Астана ҚММ. – 65-к.; 1-т., 523-іс.- 7-п.

Материалы о проведениях хлебозигота кампаний за 1925 г. // ҚРОММ. -1380-к.; 1-т., 173-іс.- 70п.

Аза: Қызылорда облысы. 1 том. Бас редакторы: Х. Ембергенов.Алмаы, 2000.-544 б.

Книга скорби. Расстрельные списки. Сост.: В.Д. Болтина, Л.В. Шевелова Выпуск 1.-Павлодар, 1999.-220 с.

Кугын-Сургін Курбандары – Жертвы репрессий.Ак-тюбинская область / Ақтобе, 1997, Т.1., 314 с., . Т.2., 278 с., Т.3., 250 с.

<http://www.kstounb.kz/kz>

<https://ru.openlist.wiki>

Жак Росси. Справочник по ГУЛАГУ.- М.: Просвет, 1991. -Ч.1. -548 с. с.8.

Отчеты и отчетные доклады о работе ИТК за 1929-1930 гг. // Ақтөбе ОММ.- 13-к.; 2-т., 1-іс.- 6-п.

Отчеты и отчетные доклады о работе ИТК за 1929-1930 гг. // Ақтөбе ОММ.- 13-к.; 2-т., 1-іс.- 6-п. 28п.

Кравченко А.И. Социология.-Екатеринбург: Дело-вая книга, 1999. -368 с.

Циркуляры сводные ведомости и акты. 31.01.1929-7.05.1931 г. // Астана ҚММ. – 65-к.; 1-т., 5761-іс.- 9-п.

Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессии. -М.: Республика, 1993. -223 с., с.86

Шаймуханова С.Д. Политические репрессии в Казахстане 1930-40-е и начало 50-х гг. -Караганда, 2000.-160 с.с.66

Система исправительно-трудовых лагерей в СССР 1923-1960: Справочник.- М., 1981. -479 с.

Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. -Алматы: Жеті жарғы, 2000. -570 б.

Тасымбеков А. Жан дауысы. АЛЖИР архипелагы.- Алматы: Жазушы, 1993.-223 б. (210 б.)

Страницы трагических судеб / Сост. Е.М. Грибанова, А.С. Зулкашева и др. – Сборник воспоминаний жертв политических репрессии в 1920-1950 гг. -Алматы: Жеті Жарғы, 2002. – 448 с. с.82

Шаймуханов Д.А., Шаймуханова С.Д. Карлаг.-Караганда, 1997.-175 с. (с. 21).

Кукушкина А.Р. История создания и функционирования Акмолинского лагеря жен «Изменников Родины» (30-40 годы XX века): Автореф. дис. ... канд. истор. наук.-Караганда, 2001.-30с. (с.15)

Тасымбеков А. Жан дауысы. АЛЖИР архипелагы.- Алматы: Жазушы, 1993.-223 б. (47 б.)

Управление ИТЛ и колоний НКВД КАССР // ҚРОММ.- 1155-к.; 1-т., 340-іс.- 3-п.

Статические отчеты НКЮ СССР за 1934 г. // ҚРОММ.- 1380-к.; 2-т., 210-іс.- 25-п.

Орынбаева Д.Ш. Политические репрессии в Казах-

стане 1937-1938 гг: сравнительно-исторический анализ проблемы: Автореф. дис. ... канд. истор. наук.-Алматы, 1999.-30 с. (с.16).

Жұмағалиев З. Сыр сандық // Орталық Қазақстан.-1998.-12 ақпан.

Жұмағазиев С. Үрейлі күндер // Қазақ әдебиеті.-1997.- 27 мамыр.

Степанова-Ключникова Г. Казахстанский АЛЖИР // Простор.- №9.- С. 45-101.

Алғашқы қарлығаштар / Құраст. Д. Дәуренбекова.- Алматы: Қазақстан, 1993. – 208 б. (195-196 бб.)

АЛЖИР мемориалды музейі кешені қоры

Николаев В. Женщины ГУЛАГа // Казахстанская правда.- 1997.-31 мая.

ЧАСТЬ IV.

ИЗ ИСТОРИИ КОНЦЛАГЕРЕЙ В КАЗАХСТАНЕ ДЛЯ ЧЛЕНОВ СЕМЕЙ БАЕВ /По материалам СМИ/



ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ: ТАЙНЫ КОНЦЛАГЕРЯ НА АРАЛЬСКОМ МОРЕ

Во время политических репрессий XX века в Казахстане насчитывалось 11 концлагерей. Но в последние годы в казахстанских архивах появились скудные данные еще об одном спецлагере для кулаков. Что известно на сегодня об этом засекреченном объекте СССР, выяснил Zakon.kz.

Мало кто в Казахстане знает, что в 1930-х годах в Аральске был создан лагерь для кулаков. Их туда собирали со всего Советского Союза. Под грифом «Совершенно секретно» сюда отправляли дела сотен тысяч человек.

В годы независимости Казахстан рассекретил эти данные, поэтому любой желающий может узнать о том времени из архивов. Как выяснилось из этих записей, в Аральске к 24 февраля 1930 года уже было подготовлено 25 бараков на 5 тыс. человек. Здесь дер-

жали часть детей и стариков. Также были подготовлены бараки на острове Кок-Арал в Аральском море на 6000 человек и 300 юрт вместимостью 2500-3000 человек. Всего в это время здесь расположили 13 тыс. репрессированных.

В это время руководство района под грифом «секретно» докладывало в Москву, что юрты арендуются у местного населения, а бараки строят из лесоматериала и денег, предназначенных для рыбной промышленности. И эти расходы могут отразиться на производстве. Требуется не менее 300 000 рублей, иначе финансирование рыбной промышленности стоит под угрозой срыва продовольствия.

В годы коллективизации в Аральске был экспериментальный лагерь, куда ссылали так называемых кулаков. Они ловили рыбу в промысловых масштабах. В наспех построенных бараках люди жили, болели, гибли от разных инфекционных заболеваний, голодали. В аральске и на островах Аральского моря всегда не хватало питьевой воды. Бараки были очень холодными зимой, а летом в них было жарко», – рассказывает кандидат исторических наук, руководитель кызылординского центра «Ассмаблея народа Казахстана» Айтжан Оразбахов.

Насильно переселенных в Аральск кулаков плохо кормили, содержали в антисанитарных условиях. У пленных было мало воды, хлеба, они недоедали. Если им нужно было в день выдавать по 1 тыс. граммов хлеба, то выдавали по 800. Рабочим давали 600

граммов вместо 800. Место их проживания и работы решали чиновники. Им нельзя было выезжать за пределы поселков, в которых их поселили.

Среди них были и те, которых приговорили к расстрелу или к ссылке в далеких местах. Имущество все конфисковывали и передавали государству. Так люди в одночасье лишались своих домов, скота, денег. Их привозили из разных частей Советского Союза. В лагеря отправляли и жителей Приаралья. В архиве Аральского района до сих пор хранятся списки тех местных, которых признали кулаками и отобрали у них все имущество и снасти. Причем это делалось в то время, когда в Казахстане свирепствовал голод в результате коллективизации», – говорит Айтжан Оразбахов.

По словам историка, без лодок и снастей они не могли выходить в море за рыбой. После того, как имущество отбирали, люди были обречены на голодную смерть. Так их хотели заставить работать в колхозах и лишить единственного дохода. Пленных лагеря распределяли на работу на разные предприятия – ловить рыбу, добывать соль.

В архиве есть такие записи: «по словам представителей комендатуры, на два-три месяца задержана заработная плата рабочим предприятия «Аралсоль» и государственного пароходства. Низкими темпами проводится работа по жилищному строительству. В бараках, расположенных в районном центре, спецпереселенцы живут десятками семей. В преддверии

осенних холодов в двух бараках до сих пор нет печей, стены прохудились настолько, что в них множество дыр». Все это делалось для того, чтобы запугать население, политика по уничтожению богачей как класса и коллективизация были стратегическим планом. И он удачно сработал – и богачи, и простой люд боялись, что могут попасть за решетку. Массовый голод тоже скрывали, а отобранные земли присоединяли к колхозам.

В начале 1930-х годов в Приаралье, кроме кулаков, несли свое наказание и местные священнослужители. Местную церковь переделали в клуб, мечеть – в баню, а мулл и попов отправили в лагерь. Те, кто из них выжил, в основном, монашки, когда лагерь ликвидировали, смогли вернуться домой. Но выживших было совсем немного.

Позже, уже в 1937 годах, в лагерь в Аральске стали бросать и местных педагогов, и просто невинных людей. Сюда ссылали даже только за то, что человек мог спеть одну фразу из «Отче наш», и это кто-то услышал и донес. Позже в Аральск стали высылать и жен дипломатов, гидрологов, музыкантов, балерин, врачей, семьи генералов и других специалистов. Многие из них держали здесь какое-то время, потом отправляли в другие лагеря, если они не умерли здесь от лишений. Представители интеллигенции жили в тяжелых условиях, занимались тяжелым трудом.

Среди ссыльных были хозяева промысловых бригад из России. Многие из них были рыбаками в несколь-

ких поколениях. Также сохранилось заявление одной из спецпереселенок – Захиды Мухаммед-Алиевой – в КазЦИК о незаконной высылке ее семьи на поселение в район Аральского моря. Она спрашивала, почему и за что местные власти депортировали их, ведь у ее семьи был только один виноградник и пара голов скота.

Историкам и краеведам Приаралья предстоит разгадать немало тайн и документов по Аральскому лагерю. Под его жернова попали тысячи безвинных людей. Всего в 1932 году в Казахстане официально числилось 180 тыс. кулаков.

В апреле 2024 года Zakon.kz сообщал, что Министерство труда и социальной защиты населения подготовило изменения в Правила выплаты денежных компенсаций жертвам массовых политических репрессий.

Опубликовано: zakon.kz 31 мая 2024 года.

<https://mail.kz/ru/news/kz-news/politicheskie-repressii-tainy-konclagerya-na-aralskom-more>

Дана МАРАТОВА,
журналист.

ҚУҒЫН–СҮРГІН КЕЗІНДЕ БАЛАЛАР ҚАЛАЙ ЗАРДАП ШЕКТІ?

Балалар, үлкендерден саяси қуғын-сүргін, «халық жауы», деткомбинат туралы естіп пе едіңдер? Кейбіреуің теледидар мен газет-журналдан, жоғары сыныпта оқитындарың тарих пәнінен XX ғасырдың басында болған саяси қуғын-сүргін туралы білетін шығарсыңдар.

Кез келген қоғамда, кез келген уақытта ересектермен бірге балалар да өмір сүретіні белгілі. Ал репрессия кезінде әкесі «халық жауы» атанып, анасын арнайы лагерьге әкеткенде балалар қандай күйде болды екен деген сауал сендерді де мазалайтын шығар. Олай болса, бүгін осы туралы әңгімелейміз.

Тарихи деректерге сүйенсек, 1921 жылдан бастап 1954 жылға дейін Кеңес Одағында шамамен 3 млн 700 мың адам қуғын-сүргінге ұшырап, оның 600 мыңға жуығы өлім жазасына кесілген. Қалғандары ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылып, отбасын лагерьге айдаған. Қазақстандағы тұңғыш репрессия 1928 жылы Голощекиннің басшылығымен басталған.

Репрессия дегеніміз – басып-жаншу, жою мақсатында жүргізілетін жазалау шарасы. Репрессия кезінде үкімет басшылары заң орындары арқылы халықтың зиялы өкілдерін қуғынға ұшыратқан.

Репрессияның екінші толқыны Қазақстанға 1937-

1938 жылдары келді. Бұл кезде елімізде 100 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады. Оның төрттен бірі ату жазасына кесілді. Олардың қатарында қазақ зиялылары, ғалымдар, мәдениет және саясат саласының қайраткерлері болды.

Қуғын-сүргінге ұшырағандардың бір бөлігін Қазақстанға жер аударды. 800 мың неміс, 102 мың поляк, 19 мың корей, 507 мың Солтүстік Кавказ елінің өкілін қазақ халқы бауырына басты. Түрік, грек, Қырым татарлары, қалмақтар да өз еркінен тыс жат елге келіп, осында тұрақтап қалды. Қуғын-сүргін жылдары Қазақстанға жалпы саны 1 миллион 500 мың адам жер аударғаны тағы да тарих беттерінен белгілі.

Елбасының 1997 жылғы 5 сәуірдегі жарлығына сәйкес, 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

Қазақстандағы лагерьлер жүйесі.

ГУЛАГ – Еңбекпен түзеу лагерьлері мен жер аударылғандар қоныстарының және қамау орындарының Бас басқармасы КСРО-да 1934 – 56 жылдары айыпталушылардың жазасын өтеу орындарына басшылық еткен Ішкі істер халық комиссариатының бөлімі. ГУЛАГ-тың қарамағында 53 лагерь болды. Репрессия кезінде қуғынға ұшыраған халық зиялыларының отбасы да жауапқа тартылған. Ішкі істер халық комиссариатының ерекше жарлығы бойынша ешқандай жазығы болмаса да қуғынға ұшырағандардың әйелі, туған-туысы, кішкентай балалары да жазаланып, арнайы лагерьге, балалар үйіне жіберілген.

ГУЛАГ-тың ең ірі лагерьлерінің қатарында Қазақстандағы Отанына опасыздық жасағандардың әйелдері қамалған Ақмоладағы «АЛЖИР» лагері, Қарағанды еңбекпен түзету лагері – Қарлаг бар. 1930 жылы мамырда КСРО ХКК «Қазақстанда еңбекпен түзету лагерін құру туралы» қаулы қабылдады. 1931 жылы 19 желтоқсанда «Гигант» кеңшары Қарағанды жеке еңбекпен түзету лагері болып қайта құрылады.

Қарлагта шамамен бір миллион тұтқын тіркелген. Тұтқындар құрамы үнемі өзгеріп отырды. ГУЛАГ жобасы бойынша Қарлаг 32 мың тұтқынға арналған, бірақ, шын мәнінде, мұнда 75 мыңға жуық адам болған делінеді. Тұтқындар санын арттыру Қарлагқа жүктелген халық шаруашылығы міндеттерімен, атап айтқанда, Қарағанды көмір алабын игеру, Жезқазған және Балқаш металлургия комбинаттарын салу құрылысымен тығыз байланысты болды.

Сонымен бірге, тұтқындардың көпшілігі ауыл шаруашылығы жұмыстарына тартылды. Қарлаг жүйесінде мал шаруашылығы фермаларымен қатар, жеміс-көкөніс өсіру, жер жырту, кірпіш зауыттары, әк өндіру карьерлері, тас көмір шахталары болды.

Тұтқындар Балқаш мыс қорыту зауытының құрылысында, халықаралық атом электр станциясында, темір жол желілерінде еңбек етті.

Деткомбинат және «Мамочкино» моласы.

Қарағандыдан 30 шақырым жерде орналасқан «Мамочкино бейіті» туралы естіп пе едің? Бұл жердегі бейіттерде репрессияның құрбанына айналған балалар жерленген. Қуғынға ұшырағандардың әйелдерін

лагерге апарып, жұмысқа салғанда балаларынан айырып, бөлек ұстаған. Кейбір әйел ішіндегі баласымен лагерге айдалып кеткен.

Лагерде босанған әйелдерді баласын құшағына басып, мейірін қандырмастан сәбиінен айырып алған. Лагер аумағында өмірге келген сәбилер дет-комбинат немесе «Мамкин дом» деп аталатын балалар қалашығында ата-анасынан бөлек өмір сүрген.

Әйелдер күніне екі-үш рет сәбиін емізу үшін күзеттің айдауымен қалашыққа барады екен. Балалар қалашығында жаңа туған шақалақ сәби екі-үш жасқа дейін болып, кейін балалар үйіне жөнелтілген. Оның өзінде, екі-үш жасқа дейін көрер жарығы бар балалар ғана тірі қалатын көрінеді.

Күтімсіз, қараусыз қалған сәбилер арасында өлімнің көп болғанын лагер маңындағы «Мамочкино бейітінің» аумағына қарап-ақ аңғаруға болады дейді деректер.

Демек, «Мамочкино бейіті» – қайғы мен мұңның, ана азасының мекені. «Мамочкино бейіті» – шыр етіп өмірге келе сала, Жер дүниенің қызығын көріп үлгермей, періште боп көкке ұшқан бейкүнә құрбандардың естелігі сақталған тарихи нысан.

Еңбекпен түзеу лагерьлері мен жер аударылғандар қоныстарының және қамау орындарының бас басқармасы (ГУЛАГ) санитарлық бөлімінің деректеріне сүйенетін болсақ, тек 1939 жылдың өзінде Карлагтағы 350 баланың 114-і қайтыс болған екен.

Сәбилердің денесі балалар қалашығынан алыс емес жерде, Долинканың шыға берісінде жерленген.

Тұтқындардың балаларына табыт бөлінбегендіктен, олар жалпы молаларда жерленді делінген деректе. Қыстыгүні қайтыс болған балалардың мүрдесін үлкен бөшкеге салып, тек бөшке толғасын ғана жерлегені туралы сұмдық деректер де бар.

«Мамочкино бейітінде» ересектер де жерленген деген дерек бар.

Р.С. Жас дос, білем, бұл тарихи оқиға келмеске кетті. Оны мен де, сен де, тіпті, біздің ата-анамыз да көрген жоқ. Біз үшін қазір лагерь деген сөз демалатын орын, қызық оқиғалар мен жаңа достар табатын орта мағынасында қолданылады.

Ал қазақ даласындағы ГУЛАГ-тың лагерьлері азап мен қайғының ортасы болған.

Иә, жүректе қалатын жазылмас жара, санадан өшпейтін тарихи оқиғалар болады.

«Үлкен террор» аталатын бұл саяси қуғын-сүргін оқиғасы бізге қорқынышты әңгіме, кейде, тіпті, аңыз болып көрінуі де мүмкін.

Бізге қазіргі сәтпен өмір сүріп, болашағымызды жоспарлау керек дейтін де боларсыңдар.

Бірақ, тарихты білу – парыз.

Тарихты оқу арқылы біз өткенге сараптама жасап, болашақта ондай оқиға орын алмауы үшін ойланатын боламыз.

«Ұлан» газеті. 2020. 26 мамыр (№21). 2 б.

ТИМИРЯЗЕВ АУДАНЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН АУЫЛЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ БАЙҚАЛА

– Өте қайғылы кезеңдерде 29-30-шы жылдары арнайы концлагерьлер құрылған. Петропавл түрмесінен бөлек. Аудандарда ірі байларды тәркілеп, жер аударар алдында концлагерьде тұрған екен. Сол жерден Қазақстанның түкпір-түкпіріне, Қазақстанның сыртқары жерлеріне жер аудартқан екен. Бұл – Тимирязев ауданындағы Жарқын ауылының жанындағы Байқала, М.Жұмабаев ауданындағы Александровка селосындағы концлагерь.

Тоталитарлық жүйенің езгісін молынан көрген ірі байлардың да тізімі әжептәуір толықты. Өткен жылы мұндай 34 байдың есімі белгілі болды. Биыл прокуратура, облыстық мемлекеттік архив пен аудандық мұрағаттардың деректерін зерттеу барысында ауқатты теріскейліктердің саны 105-ке дейін жеткен.

//Қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия жұмысы.

Репортаж МТРК. 25 Қараша 2021 ж.

<https://mtrk.kz/kz/2021/11/25/Kugyn-s%D2%AFrgin-kurbandaryn-aktauzhonin/>

Елена ЧЕРНЫШОВА

В СКО ОБНАРУЖИЛИ СПЕЦЛАГЕРЬ ДЛЯ КРУПНЫХ БАЕВ

Режимный объект, созданный в 1928 году, вычислили благодаря архивным документам

В Северо-Казахстанской области, как и других регионах страны, действует комиссия по реабилитации жертв политических репрессий. Она выявила свыше 11 тысяч человек, осужденных по политическим статьям, в том числе 230 – по пресловутой 58-й статье.

Составлен список из 3106 имен жителей региона, расстрелянных в ходе подавления народных волнений и протестов, из которых 833 – до сих пор не реабилитированы. По нереабилитированным жертвам насильственной депортации составлен список из 1274 фамилий.

В категории «крупные баи» оказалось 105 человек, «раскулаченные» – 980. Более того, установлены точные места их содержания.

Так, в Тимирязевском районе, в местности Байкала, в 1928 году находился режимный объект, обнесенный колючей проволокой.

– Когда мы собирали сведения о крупных баях, то обнаружили, что в трех километрах от села Жаркын существовал спецлагерь, – рассказала директор Северо-Казахстанского государственного архива Сауле МАЛИКОВА. – Там были казармы, где жили после конфискации всего имущества баи и члены их семей – жены, дети. На территории лагеря были сторожевой дом, мастерская. Там же обнаружены захоронения. Местные жи-

тели, которые, к слову, по возможности подкармливали обитателей лагеря, особо почитали это место. Там росло большое дерево высотой в 40 метров под названием Бай-терек, которое считалось священным.

А вот село Александровка (*ныне район Мағжана ЖУМАБАЕВА*), основанное в самом начале 20-го века, в 1930 году было официально оформлено как лагерь для кулаков. Там также была колючая проволока, казарменная система, запрет на выход за пределы лагеря. Имена раскулаченных крестьян, которых свозили в Александровку, также установлены.

Сейчас историки работают над установлением мест массовых захоронений репрессированных, которые нанесут на сакральную карту СКО.

Такое место может быть в Айыртауском районе, где располагался детдом для ребятишек из депортированных семей.

Но сведения еще требуют тщательной проверки.

– В Петропавловске, как известно, была тюрьма, где приводили в исполнения приговоры, – отметила Маликова. – Но каким образом это делалось? Как и куда вывозили тела? Где их хоронили? Мы попытались найти ответы на эти вопросы. Все это пока неизвестно. Согласно документам прокуратуры, удалось выяснить только, что тела расстрелянных хоронили примерно в шести километрах от Петропавловска.

Опубликовано:

Ratel.kz 27 Ноября 2021 года

https://ratel.kz/raw/v_sko_obnaruzhili_spetslager_dlja_krupnyh_baev

Андрей КРАТЕНКО

СТЕНА СКОРБИ

В День памяти жертв политических репрессий жители Петропавловска приносят цветы к Стене памяти, на которой указаны имена земляков, замученных в сталинские годы. Фамилий так много, что стена вытянулась на 52,4 метра.

Сотрудники Северо-Казахстанского государственного архива выявили имена более 8 000 репрессированных граждан, из которых 2 324 были расстреляны.

По архивным материалам установлены места спецлагерей. Еще в 1928 году в трех километрах от села Жаркын Тимирязевского района появился населенный пункт под названием Байкала – город баев. Режимный объект Байкала был огорожен колючей проволокой. На территории лагеря находились три казармы, дом для охраны, мастерская и кладбище.

Село Александровка основали немецкие переселенцы еще в 1906 году, но в 1930-м здесь был создан спецлагерь, в который согнали раскулаченных крестьян. Как и в Байкале, тут тоже действовала строгая казарменная система, по периметру была натянута колючая проволока и расставлена вооруженная охрана.

В 30–40-е годы в Северо-Казахстанскую область депортировали более 130 тыс. немцев, поляков, корейцев, чеченцев, ингушей, о чем также свидетельствует мемориальная доска у Стены памяти жертв политиче-

ских репрессий. В числе репрессированных оказались выдающиеся представители казахской культуры: Магжан Жумабаев, Укили Ыбырай, Смагул Садуакасов, Ныгмет Сыргабеков, Кайсар Таштитов, Габбас Тогжанов, Жумагали Тлеулин...

По инициативе общественного фонда «Память» в Петропавловске издаются книги, посвященные жертвам репрессий, планируется открытие музея.

Казахстанская правда. 31 мая 2022 г.

Дәстән БАЙМҰҚАНОВ,
өлкетанушы

«БАЙҚАЛА»: ҚИЛЫ ТАҒДЫРЛАР

Қазақ халқының басынан небір нәубеттер өткені, мындаған азаматтардың жазықсыз жазаланып, қудаланып, атылып кеткені белгілі. Еске түссе, сананы сансыратып жіберетін сол зұлматты кезеңдердің бірі – шаш ал десе бас алатын (*кәмпескелеу*) саяси науқаны.

Оның адам жанына ауыр сызат түсіретін іздері Солтүстік Қазақстан облыс аумағында да сайрап жатыр. Тимирязев ауданы Жарқын ауылынан үш шақырымдай жерде бұрынғы Түмен ауылының жұрты анадайдан қарауытып көрінеді. Жан-жағы ойдым-ойдым. Обадай орны ерекше, оқшау. Орман арасында орналасқандықтан қалтарыста елеусіздеу қалғандай көрінгенімен, ішіне бүккен қатпарлы сырлары аз емес. Ел арасында бұл маңайды «**Байжатақ зираты**» деп те атайды. Бір таңғаларлығы, зұлмат заманның белгісіндей зи-рат басында өсіп тұрған дарақ бәйтеректің іші қуыстанып күйген. Осы себепті тұрғындар ескі жұртты киелі санап, басына тәу етеді.

Көнекөз қариялар қатары азайып кеткендіктен өткеннің қойнауынан суыртпақтап сыр тарту оңай емес. Егер кәрі тарихқа тіл бітсе, бірлік-берекесі сүттей ұйып отырған елдің құтын қашырып, зәресін ұшырған қайғы-қасыреттер жайлы шер-шеменді қозғап, күңіреніп сала берер еді. Мен бұл еме-урінді

1928-1931 жылдары Жарқын ауылының жанында орналасқан уақытша шоғырландыру лагеріне (*временный концентрационный лагерь*) қатысты меңзеп отырмын. «Жапан даладағы бұл неткен лагерь?» – деген сұрақ талай-ды тандандыруы мүмкін.

Олай болса, қойын блокнотымда жинақталған деректерге үңіліп көрейін. 1928 жылғы 27 тамызда Қаз КСР орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі «Байлардың шаруашылықтарын кәмпескелеу туралы» декрет қабылдайды. Кәмпескелеу ісіне республикадағы барлық аумақтар қамтылып, тек Адай округі мен Жетісу, Сырдария губернияларының мақта өсіретін аудандары ғана бұл шаралардан босатылады. Бұл шешім бойынша көшпелі аудандарда 400-ден артық, жартылай көшпелі аудандарда 300-ден, ал қалған аудандарда 150-ден артық малы бар байларды тәркілеу басталады. Сонымен қоса сұлтан, болыс-тармен билердің де мал-мүлкі тартып алынып, отбасымен қоса жер аударылады.

Отбасы мүшелерінің жасы мен денсаулығы есепке алынбайды. Сол кездегі Петропавл уезі бойынша құрылған төрт ауданның Майбалық, Үлгі, Өрнек, Полудино ауыл-дарының маңайында уақытша шоғырландыру лагерьлері ұйымдастырылады. **Архивте сақталған бір үкімде былай деп жазылған: «... Төңкеріс ауданының 11 ауылының еңбекшілері Тұрлығұлов Көшкенің кедейлерді қанағанын, еңбектерін жегенін анықтап, оның барлық мал-мүлкі кәмпескеленіп, өзі жер аударылсын. 1928 жыл**

2 октябрь». Көшке өте дәулетті, мұқтаж жандарға қайырымды, жомарт болған. Екатеринбургке, Троицкіге, Шадринскіге мал апарып сатқан, дүкен ұстаған. Қазіргі Жарқын ауылы – Көшке байдың бұрынғы жұрты. Жамандыққа көз кимайтын елдің бетке ұстар азаматы саяси шараның тепкісінде кете барған.

Қысқа уақыттың ішінде Түмен ауылында балшық пен шымнан қаланған үш үлкен барақ, күзетшілер тұратын үй, шеберхана тұрғызылып, сыртқы әлпетінен кісі шошырлық зәулім нысан пайда болады. Айналасы тікенекті шырмауық сыммен қоршалады. Бұл Лагерьдің бастығы болып Тастемір Қыдырмаұлы тағайындалады. Төңкеріс ауданының байлары, болыстары, билері, асқан бай болмаса да тізімге іліккендер бала-шағасымен бірге осы лагерьге тоғытылады. «Құбыжық қалашықты» жергілікті тұрғындар келемеждеп **«Байқала»** атандырып жібереді. Суаткөл ауылынан жер аударылған марқұм Қабдол Жаманжігітовтің айтуынша, мұнда **Күркенің Әубәкірі, Серікбай Жақсымбетұлы, Тәштиттің Хамзасы, Есеней тұқымы деп жала жабылған Жарылғап деген азамат отбасымен қамалады.** Азын-аулақ малы бар **Бөлекше, Біркен деген шаруалар** да «қара тізімге» ілігеді. Соған қарағанда оларға әлдекімдер өшіккен тәрізді.

Лагерьдегілер өлместің күнін кешкен. Аштан өлмеу үшін далада арам өліп қалған малдың етін қорек қылған. 1930 жылдың қысында аштықтан көз жұмған адамдардың мүрде-лері үлкен орларға көміле салған.

Осы ақпараттарды кезінде **Қабдол Жаманжігітов, Жағыпар Бәкебаев (Жапылай)** сынды азаматтар растаған еді. Сол күндердің бір куәгері – «Байқалаға» бала күнінде қамалған, Қызылжар қаласының сыйлы ақсақалы болған **Зағыпар Байқуанышұлымен** көзі тірісінде тілдескен едік. Әкесі 1930 жылы кәмпескеленіп зайыбы Жәмила, балалары Баязит, Зағыпар, Нұрмұқандар-мен бірге осында әкелінеді. Зағыпар ол кезде тоғыз жастағы бала екен. Жан-жақтан жиналған жұрттың жайын ешкім ой-ламайды. Тамақ берілмейді. Көрші ауылдардан көмек сұрап күн көреді. Күзге қарай отбасы мүшелері қашып шығып, Түмен облысының Ялуторовск ауданындағы Николаев селосында 1937 жылға дейін тұрады.

Куәгерлердің айтуларына, бір ғана «Байқала» концлагерінде әр маусым сайын 200-500 – дей отбасы тұтқында ұсталған. «Байқала» – ұлы зобалаңның басы ғана. Оның соңы түрлі саяси-қуғындарға ұласқаны, аштық зобалаңына жалғасқаны белгілі. «АЛЖИР», «Карлаг»...оған енді бүгінге дейін аты аталмай, тасада қалып келген қиян шеттегі «Байқала» қосылып отыр.

Биыл қазақ халқын тілмен айтып жеткізуі қиын ауыр қасіретке соқтырған зұлматтардың бірі – байларды тәркілеу туралы декреттің шыққанына 27 тамызда 90 жыл толады. Дәл осы күнді қаралы күн ретінде жариялап, аруақтарға тағзым ету, еске алу, құрбандардың есімдерін тауып, жария-лау – бүгінгі ұрпақтың басты парызы. «Байқала» концлагерінің орнына жазықсыз жапа шеккен отбасыларға арнап ескерткіш белгі орна-

ту қажет. Ешкім сырттан келіп тарихымызды түгендеп бермейді. Ескі күнде есі кетіп, еңі-регенде етегі жасқа толған бабалардың аруағы риза болсын десек, оларды атаусыз қалдырмаған жөн.

Егемен Қазақстан. 31 Мамыр, 2018

Приложение 1.

Тимирязевский район СКО на карте Республики Казахстан.



Приложение 2.

АРХИВНАЯ СПРАВКА №03.20.1-01-39/

г. Петропавловск 7 апреля 2025 года
История «Бай қала».

На основе архивных данных идентифицирован спецлагерь для крупных баев, подвергнутых конфискации имущества (*Тимирязевский район, местность Байқала*).

Спецлагерь Байқала основан в 1929 году на берегу озера недалеко от села Жаркын.

В годы репрессий здесь был организован временный лагерь для баев, подвергнутых конфискации имущества. Лагерь состоял из трех казарм, сторожевого дома и мастерской. Все это было окружено колючей проволокой.

Баев с их семьями, подвергнутых конфискации, отправляли в этот лагерь. Лагерь местное население называло «Байқала».

**Директор
Северо-Казахстанского
Государственного архива /подпись/
С.З. Маликова**

Приложение 3.

Варианты надписи на Камне на месте концлагеря Бай қала.

**БҰЛ ЖЕРДЕ 1929 – 1934 ЖЫЛДАРЫ «БАЙҚАЛА»
КОНЦЛАГЕРІ БОЛҒАН**

**«БАЙ ҚАЛА» КОНЦЛАГЕРІНІҢ ҚҰРБАН-
ДАРЫНА 1929–1934 ЖЫЛДАР**

**1929–1934 ЖЫЛДАРЫ «БАЙҚАЛА» КОНЦЛА-
ГЕРІНДЕ ТАУҚЫМЕТ КӨРГЕН БАБАЛАРЫМЫЗҒА
БАС ИЕМІЗ!**

**1929–1934 ЖЫЛДАРЫ ОСЫ ЖЕРДЕ
ОРНАЛАСҚАН «БАЙҚАЛА» КОНЦЛАГЕРІН-
ДЕ ЗАРДАП ШЕККЕН САЯСИ-ҚҰҒЫН СҮРГІН
ҚҰРБАНДАРЫНА МӘҢГІЛІК ЕСКЕРТКІШ!**

**1929–1934 ЖЫЛДАРЫ ОСЫ ЖЕРДЕ
ОРНАЛАСҚАН «БАЙҚАЛА» КОНЦЛАГЕРІН-
ДЕ ЗАРДАП ШЕККЕН САЯСИ-ҚҰҒЫН СҮРГІН
ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ АРУАҒЫНА ТАҒЗЫМ ЕТЕМІЗ!**

Приложение 4.

**Фотографии чудом выживших узников кон-
цлагеря «Бай қала» и их потомков.**



На фото 1. Магрипа Омарқызы, супруга Қасыма Мұқышұлы.

Она находилась в концлагере «Бай қала» с 9 малолетними детьми после ареста ее мужа, Мукушева Касымбека. Двое детей Баян и Ноян погибли в концлагере от голода и болезней, самой Магрипе с остальными детьми удалось бежать. С большими потерями вместе с родными они спаслись на территории нынешней Тюменской области России.

О муже известно следующее:

Мукушев Касымбек, 1903 года рождения, казах. Место рождения *(ныне)* Северо-Казахстанская область, Калининский район, Ергалийский аул. Образование – начальное. До ареста проживал: Акмолинская область. Казгоскуль колхоз. Должность: счетовод-инструктор РИКа. Место работы до ареста: колхоз. Кем и когда арестован: 04.11. 1937 г. Калининским РО НКВД. Кем и когда осужден: Тройка УНКВД по СКО, 28.11. 1937 г.

Статья: 58-10, 58-11 УК РСФСР к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет.

Дата и орган реабилитации: 10.09. 1999 г. Прокуратура Акмолинской области. Причина прекращения дела – Закон Республики Казахстан от 14 апреля 1993 года.

Опубликовано: Электронная база данных жертв политических репрессий. 31.05. 2017.



На фото 2. Мырзай Тілемісұлы, в детстве попал в концлагерь Бай қала с матерью и братишкой как члены семьи раскулаченного бая Тілемиса Жансақалұлы. От неминуемой смерти их спас старший брат, затем бежали в сибирские области, откуда вернулись в Тимирязевский район после смерти Сталина. О его судьбе подробнее см. в книге: Қайролла Мұқанов. Ұмсын сұлу.



**На фото 3. Түкірік Қасымқызы, автор воспомина-
ний о лагере со слов старшего поколения. Из потомков
жертв репрессий Қасымбека Мұқышұлы.**



На фото 4. Обложка книги


Қ. Мұқанова, где повествуется о судьбе потомков репрессированного бая Тілемиса Жансақалұлы, его детях Мырзае и других.



На фото 5. Мусинов Ғазез Сұрағанұлы. Выпускник юрфака КазГУ им. С.М. Кирова (1959 г.). Начальник следственного отдела УВД СКО (с 1977 г.). Одним из первых поведал землякам о концлагере «Бай қала», будучи начальником Тимирязевского райотдела милиции, в конце 1970- годов.



На фото 6. Зағыпар Байқуанышұлы, 1922 жылы туған. Бала күнінде «Бай қалаға» қамалған. Баязит – ағасы, Нұрмықан – інісі, Жәмила Бүйрекбайқызы – шешесі – бірге қамалған.



На фото 7: Жарылғап Егізбайұлы, (1886–1990)
Очевидец.

Одним из первых рассказал краеведу Қайролле Мұқанову о лагере «Бай қала» и начальнике охраны лагеря Тастеміре Қыдырмаұлы.

СПИСОК СОКРАЩЕННЫХ СЛОВ

АП РК	Архив Президента Республики Казахстан
Крайком ВКП (б)	Краевой комитет Всесоюзной Коммунистической партии большевиков
МТРК	Муниципальный телерадиокомплекс
Наркомат	Народный комиссариат
НКВД	Народный комиссариат внутренних дел
ОГПУ	Объединенное государственное политическое управление
ОО ОГПУ	Оперативный отдел ОГПУ
ОК	Окружной комитет
ОС	Оперативный сектор
ПП ОГПУ	Полномочный представитель ОГПУ
РГАСПИ	Российский Государственный архив социально-политической истории
РИК	Районный исполнительный комитет
РККА	Рабоче-крестьянская Красная армия
СНК	Совет народных комиссаров
ЦГА РК	Центральный Государственный архив Республики Казахстан
ЦИК	Центральный исполнительный комитет

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫСӨЗ.....	3
ОТ СОСТАВИТЕЛЯ.....	5

ЧАСТЬ I. КОНЦЛАГЕРЬ «БАЙҚАЛА» В ВОСПОМИНАНИЯХ. НАХОДКИ КРАЕВЕДОВ И АРХИВИСТОВ

<i>Қайролла Мұқанов.</i> «ЫҢТЫМАҚ АУЫЛЫ» кітабынан.....	6
<i>Ғалым Қадірәліұлы.</i> «КӨКАРАЛ» атты кітабынан.....	13
<i>Түкірік Қасымова.</i> БІР ӘУЛЕТТІҢ ТАҒДЫРЫ.....	19
<i>Дастен Баймұқанов.</i> «БАЙ ҚАЛА» – БҰЛ ҚАЙ ҚАЛА?	47
<i>Дастен Баймұқанов.</i> «БАЙ ҚАЛА» – ЧТО ЭТО БЫЛО?	54

ЧАСТЬ II. НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫЕ АКТЫ О СОЗДАНИИ КОНЦЛАГЕРЕЙ ДЛЯ КУЛАКОВ, БАЕВ И ЧЛЕНОВ ИХ СЕМЕЙ В СССР И КАЗАХСТАНЕ

Док. №1. Постановление Политбюро ЦК ВКП (б) от 30 января 1930 г.....	60
---	----

Док. №2. Секретная инструкция ВЦИК и СНК СССР о выселении и расселении хозяйств кулаков.....72

Док. №3. Протокол заседания комиссии Казкрайкома ВКП (б) об определении в концентрационные лагерь кулаков и баев от 4 февраля 1930 г.79

Док. №4. Протокол секретного заседания комиссии Казкрайкома об ускорении высылки и заключении в концлагеря кулаков и баев от 9 февраля 1930 г.80

Док. №5. Постановление закрытого заседания бюро Казкрайкома «О выполнении постановления ЦК ВКП (б) о ликвидации кулачества как класса» от 11 февраля 1930 года82

Док. №6. Секретное Постановление Политбюро ЦК ВКП (б) «О коллективизации и борьбе с кулачеством в национальных экономически отсталых районах» от 20 февраля 1930 г.....88

Док. №7. Из Протокола №33 Заседания Бюро Тонкерисского РК ВКП(б) от 25 июля 1931 г.....102

ДОК №8. Из Протокола №34 Заседания Тонкерисского Бюро РК ВКП(б) от 29 июля 1931 г.....103

ДОК №9. Протокол №16 Заседания Тонкерисского Бюро РК ВКП(б) от 21 сентября 1931 г.....105

ДОК №10. Оперативный приказ Народного Комиссара Внутренних Дел Союза С.С.Р.....107

ЧАСТЬ III.

УЧЕНЫЕ О ЖЕРТВАХ КАМПАНИЙ «МАЛОГО ОКТЯБРЯ В КАЗАХСТАНЕ»

Марат Тәжсин.

ҰЛТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ118

Сабыр Касымов.

«ЛАГЕРЯ ГУЛАГА – ЭТО ИСКУССТВЕННО СО-
ЗДАННЫЕ ФАБРИКИ НЕСЧАСТЬЯ, ГЛУМЛЕНИЯ,
ИЗДЕВАТЕЛЬСТВА НАД ЧЕЛОВЕКОМ И ЛИЧ-
НОСТЬЮ».....128

Гюльнар Муканова.

ИЗ ИСТОРИИ ВЫСЫЛКИ ИЗ ПЕТРОПАВЛОВ-
СКОГО ОКРУГА БАЕВ, КАЖЫ В ПЕРИОД «МАЛО-
ГО ОКТЯБРЯ» (1925-1933 гг.)133

Алия Сулейменова.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БОЛЬШЕВИКТІК БИЛІКТІҢ
ДӘСТҮРЛІ РУЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖОЮ
ШАРАЛАРЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫ)...164

Құралай Сәрсембина.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫН-
ДА ТҮРМЕЛЕР МЕН ЕТЛ-ДЕ АЗАП ШЕККЕН
АНАЛАР.....199

ЧАСТЬ IV.

ИЗ ИСТОРИИ КОНЦЛАГЕРЕЙ В КАЗАХСТАНЕ ДЛЯ ЧЛЕНОВ СЕМЕЙ БАЕВ

/По материалам СМИ/

ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕПРЕССИИ: ТАЙНЫ КОНЦ-
ЛАГЕРЯ НА АРАЛЬСКОМ МОРЕ.....269

<i>Дана Маратова.</i>	
ҚУҒЫН–СҮРГІН КЕЗІНДЕ БАЛАЛАР ҚАЛАЙ ЗАРДАП ШЕКТІ?.....	271
ТИМИРЯЗЕВ АУДАНЫНДАҒЫ ЖАРҚЫН АУЫЛЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ БАЙҚАЛА....	279
<i>Елена Чернышова.</i>	
В СКО ОБНАРУЖИЛИ СПЕЦЛАГЕРЬ ДЛЯ КРУПНЫХ БАЕВ.....	280
<i>Андрей Кратенко.</i>	
СТЕНА СКОРБИ.....	282
<i>Дәстән Баймұқанов.</i>	
«БАЙҚАЛА»: ҚИЛЫ ТАҒДЫРЛАР.....	284
Приложение 1.	
Карта Тимирязевского района СКО на карте Республики Казахстан.....	288
Приложение 2.	
Архивная справка «История Байқала».....	289
Приложение 3.	
Варианты надписи на Камне на месте концлагеря Бай қала.....	290
Приложение 4.	
Фотографии выживших узников концлагеря «Бай қала» и их потомков.....	290
СПИСОК СОКРАЩЕННЫХ СЛОВ.....	299

«БАЙ ҚАЛА» КОНЦЛАГЕРІ

—

КОНЦЛАГЕРЬ «БАЙ ҚАЛА»

**Г.К. Муканова Қ.Қ. Сәрсембина,
А.Т. Сулейменова**

**«Нұрлы Әлем» баспасының директоры –
Жарылқасын Дәулет**

*Редакторы – Қ. Қ. Сәрсембина
Тех. редакторы – Раушан Өскенқызы
Безендіруші – Нағима Дәулет
Беттеген – Бақтияр Жарылқасынұлы*

Басуға 05.05.2025 ж. қол қойылды. Қалпы 60*88. 1/16
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «KZ Times New Roman».
Офсеттік басылыс. Баспа табағы 19.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс №4.

Автордың дайын файлынан «Нұрлы Әлем»
баспасының баспаханасында басылды.
Баспа кітаптың ішкі мазмұнына жауап бермейді.

«Нұрлы Әлем» баспасының телефоны:
Алматы: 8 (727) 230 18 00; 8 702 713 5005
E-mail: nurly_alem@inbox.ru;
instagram: [@nurly_alem](https://www.instagram.com/nurly_alem)

ISBN 978-601-205-823-9



9 786012 058239



8 702 713 50 05